

83.3(5к23)

70-88

A-PDF Merger DEMO : Purchase from [www.A-PDF.com](http://www.A-PDF.com) to remove this text.

Қаржаубай ЖҰМАЖАНОВ



**СЕЙДӘЛІ АҚЫН**

«ҚАРАҚАЛПАҚСТАН»



Ақынның кіші баласы Ілияс Сейдәліұлы немересімен бірге.

1981 жыл, февраль



833(5к33).

м-88

ҚАРЖАУБАЙ

ЖҰМАЖАНОВ

21156ден

Кітап оқығандығы  
ға дақиде ки-  
тобхон нмвоти

211602

м-м

5 дана

СЕЙДАЛИ АҚЫН



НӨКІС  
«КАРАКАЛПАКСТАН»  
2002

Ж — 42  
Н — Қаз (2р)

Жұмажанов Қаржаубай  
СЕЙДӘЛІ АҚЫН. Ғылыми зерттеу.  
Нөкіс, Қарақалпақстан, 2002 жыл, 76 бет.

П і к і р ж а з ғ а н д а р :  
Әбдісайыт ПАХРАТДИНОВ  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор,  
Қарақалпақстан Республикасына еңбегі сіңген  
ғылым қайраткері

Кенесбай АЛЛАМБЕРГЕНОВ  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор,  
Қарақалпақ мемлекеттік  
Бердақ атындағы сыйлықтың иегері

Қаржаубай Жұмажанов көп жылдардан бері Қарақалпақстан аймағында жасап жатырған қазақтардың ақын-жыраулары шығармашылығын әрі жинап, әрі зерттеп келе жатырған фольклоршы-ғалым. Оның қарақалпақ, қазақ тілдерінде ктаптары жарық көреді. „Сейдалі ақын“ зерттеу еңбегі басылым көрген ктаптарын толықтыра түседі.

Сейдалі шығармашылығын қарақалпақ әдебиетінің классиктері Күнхожа, Әжанияз, Бердақ, Өтеш шығармаларымен салыстыра қарастырады. Ұлы ақындардың Сейдаліге ұстаздық ықпалын орынды дәлелдейді. Ақын шығармашылығына ұлттық идеология көз-қарасы тұрғысынан жаңаша баға береді, әрі солдай талдайды.

Ктап жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттеріне, оқытушыларға және әдебиеттің бірін-бірі байытуы мен бір-біріне ықпал жасау жолын үйренушілеріне арналған.

Ж 4306000022 — 346 Бұйрық — 2002  
М — 357(04) — 2002

ISBN 5-83-45-11-9

© «Қарақалпақстан» баспасы, 2002

## СӨЗ БАСЫ

Ақынды да, данышпанды да, батырды да, шешенді де белгілі кезең тарихы ортаға алып келеді, әрі оны жасаған дәуірі ортасы қалыптастырады...

„Қазақ ауыз әдебиеті тарихында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы — айтыс өнерінің орқын жайып өрістеген дәуірі. Қоғамдық өмір шашасына шаң жұқпайтын небір сандақтарды шығарып, халық таланттарының бір топ жарық жұлдыздарын өмірге әкелді. Құлтума, Ақан сері, Нұржан, Сапарғали, Сейдалі, Бөйім, Керлері Әбубәкір, Мұрат, Қарасакал Ерімбет, Оңғар жырау, Қаңлы Жүсіп, Кете Жүсіп, Шорыаяқтың Омары, Таубайдың Жүсібі, Тұрмағамбет, Керейт Данмұрын, Мансур, Нармамбет, Әріп“ (1) \* — ж. т. б. импровизацияның дүлдүлері еді.

Сейдалі ақын оқырман қауымға 1965 жылы «Жазушы» баспасынан басылым көрген „Айтыс“ кітабының екінші кітабы арқылы белгілі болды.

„Сейдалі, Молда Бөйім, Ділда айтысы“ның алғы сөзінде информатор Сейдаліні былай таныстырады: — „Сейдалі Табынның Қаражон, Болат тайпасынан. Бес қала Қонырат қаласында туып өскен. Он сегізінде өлең айтқан. 1838 жылдар шамасы, Сыр бойында мекендеп үш жыл жүреді. Жырма екілер шамасында, жаз қымыз піскен мезгіл. Әлімнің жұрттан озған Қанатбай деген байы болыпты. Елге ат шаптырып, ас беріп, той қылады. Сол елге Сейдалі жиен болғандықтан, тойға тіккен үш жүз үйдің ең қадірлісін тандап кіріп келсе, сол елдің сардары, билері отыр екен. Көрсейін десе, ешкім оның сәлемін елементі, орын да бермепті. Сонда ол босағаға отыра кетіпті. Көп кешікпей ет тартылып, екі кісіге бір табактан берген де, жалғыз болып, еттен құры қалыпты. Қымыз келіп бір-бір кеседен ішіп және қайталап, қызып отырғанда, төрдегі Иман-байдың көзі сонда түсіп, танып: — Жиен, мерекеге қызмет көрсет, өлең айт, — дегеннен-ақ Сейдалі өлеңді қоя беріпті“ (2) — дейді. Әрине, бізге Сейдалінің Сыр бойы елінде, Қанатбай берген тойда қандай күй кешкендігі де керек, ол өмір-баяндық мәліметін айқындайды. „Сейдалі өлеңді қоя беріпті“ дегені оның импровизаторлығын танытатын мәлімет болып табылады. Ол — „шашасына“ шаң жұқпайтын ақынның бірі.

\* «Қымыз ішіне алынған сан 73-беттегі «Пайдаланылған әдебиеттер» тізімінде көрсетілген деректі білдіреді.

„Екінші томдақтың соңында берілген „түсініктемеде“ айтысқа түскен ақындар жайлы хабарлама берілген. Сонда: „Сейдәлі мен Алтын“ қыз айтысына мынадай анықтама жазылған. „Алтын Қарақалпақ елінің атақты ақын қызы. Алтынның ақындық өнері бүкіл қарақалпақ еліне және оның маңындағы қазақ еліне, Жайық, Сыр бойына жайылған. Алтынның туған, өлген жылы әзірше белгісіз. Сейдәлі Ақтобе облысының Табын ауданында туған, руы Табын, туған, өлген жылы жайлы әзірше қолда дерек жоқ“ (3) — деп жазылған.

Жоқарыда Сейдәлі өмірбаянына қатысты айтылған өмірбаяндық дерек мәліметтері бір-біріне кереғар болғанымен Сейдәлі ақынды қайсы орындардан іздеуге болатын көрсетпелі құптарлық деп тануға болады.

Автор „Сейдәлі ақын“ ғылыми-зерттеу еңбегін жазу кезінде әдебиеттану ғылымында өрісті деп тән алынған жүйелі талдау, тарихи салыстырмалы, тарихи типологиялық талдау әдістерімен және дәстүр ұласуымен қарастырады. Ақын өмірбаяны мәліметін анықтауда оның шығармалары тарихи, ғылыми еңбектерге сүйене отырып, Сейдәлі дерегін талдап жазады. Айтыстарына текстологиялық салыстыруларды автор жинаған материалдарына негізделіп келтіреді. Соңітіп, ақын шығармашылығын әр жақты талдап, „Сейдәлі ақын“ зерттеуі еңбегін толыққанды жұмыс деңгейіне жеткізуге талпынады.

## СЕЙДӘЛІ АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯНЫ

Сейдәлі ақын жайлы деректерді 1967-1981 жылдар арасында топтадым.

Жыры-ақын Жақсылық Төлепов сілтеуімен көптеген кісілермен кездестім. Сейдәліден сауаттанған, жырышылық өнер үйренген ізбасар шәкірті Құлпыбай еді. Сейдәлі мен Құлпыбайға қатысты сөздерді Құлпыбай баласы Ерқожадан (Ерқанай) 1969, 1972, 1976 жылдары жаздым. Сейдәлінің немере жиені Қалдыбай Әлімбетовті (1901-1981) 1971, 1974 жылдары, туысы Ешан Қошқиниязулы (1988-1979) 1967-1970 жылдары жолықтырдым. Ақынның эпикалық шығармаларын Парахат Мұсақұловтан (1926 ж.т.), айтыстарын Қартбай Қылышұлынан (1930 ж.т.) тыңдадық, хатқа түсірдік. 1980 жылы 26 желтоқсанда Қалымбетов Аралбайды (1921 ж.т.) кездестірдім. Ол Сейдәлі қарындасынан туылған екен. Соның жол басшылығымен Қонырат қаласынан Мойнақ қаласына шыққан асфальт жол бойында, „Бес там“ деген жердің „Мақсым ауылында“, Пұрханатдин баласы қолында отырған, 1959 жылдан көз мүгедегі болып қалған, Сейдәлінің кенже баласы Илияс Сейдәліұлына (1898-22.03.1983) 28-желтоқсанда, 1980 жылы келдім. Илияс көзілігіне қарамастан көңіл көзі сергек, әке сөзін қаридай жат оқитын кісі болып шықты...

\*\*\*

Сейдәлі Илиястың есебі бойынша 1839 жылы туылған. 1928 жылы 89 жасында қайтыс болған. Әкесі қайтыс болғанда Илияс отызда екен. Сейдәлінің әкесі — Жұмабек, атасы — Оразбек, бабасы — Байжұма. Байжұма шебер зергер, ойлы сөзді татымды сөйлейтін пікірлі кісі болған. Оразбек пен Жұмабек балықшылық кәсібімен үй ішін асыраған.

Сейдәлі жеті рудың Табыны, Табынның Қаражоны, оның Бозаты, Бозаттың Тілеуі. Одан әрі бөлінбейді.

Жұмабектен Байімбет, Нәдірәлі, Кенжалы, Сейдәлі, Сейтімбет, Тұрымбет, Әуезімбет атты жігіттер дүниеге келген. Жетеудің анасы — Күнесұлу.

Сейдәлі солардың ішінде оқығаны. Қалғандары әріп танымаған.



Сейдалі сағасын Әмудариядан алып, сон Қыпшақ дәриясына құйып, сон одан бөлініп Арал теңізіне құттың Ақдәрия сағасына жақын ауылда туылған. Ақын мәйіті Қоңырат қаласының арқа батысындағы, Мойнақ жолындағы «Пайғамбар қызы» қорымына жерленген.

Лиястан Аралбаймен бірге барған сапарымда және одан кейін қатынаған кездерімде Сейдалінің «Жол сапары», «Қалам алып қолыма», «Бұл заманда байлар бар», «Толғанып талай толғалым», «Сарыарқаның жерлері», «Бұл кездескен қиын күн», «Арқар жүрер тауынд-ай», «Әкініз жыраң дүлдүлі», «Туған жерге туын тік», «Ат үйірін сағынса», «Қайраты бар адамға», «Қатты болса тағдырын», «Еңбектің төтті көжесі», «Еңбексіз жиған малыңыз», «Еңбек етіп мақтансан», «Жан қиналмай іс бітпес», «Өз жанында болмаса», «Жалғыз үйдің игі жатпайды», «Болады адам қымбат ілімменен», «Дәрия құрып, көл қалды», «Киеді хан баласы қама боркін», «Дүниеге нелер келіп, не кетпейді», «Ілімдік дәриядай ағып тұрған», «Төнірім не жаратты күннен бұрын», «Ақылым ойран дәл болды» — өлеңдерін хатқа түсірдім.

Сейдалінің басқа информаторлардан жазып алған «Мен Сейдалі ақынның», «Белгісі», «Қара аттың жыры», «Сейдалі мен Діла», «Сейдалі мен Бәйім» айтыс шығармаларына Лиястан толықтырулар қосылды. «Қара аттың жыры» және басылым көрген айтыстары да текстік тұрғыдан түбірлі өзгерістерге ие болды. Шығарманың көркемдігі мен тұтас бүтіндігі бұрынғысына қарағанда түлеп, құлпырып шықты. Ақын мұрасы 3500 тармақтан асты. Әрине, біз Сейдалінің өлең-жырларын түгел жинадық, хатқа түсірдік деуден аулақпыз. Әлі де көзге түсіп көрінбеген, қаламға ілікпеген туындылары, жыршылар репертуарында, көшірмешілердің сандық төрінде тұруы да ықтимал.

Сейдалі шығармашылығы қазіргі күнге дейін арнайы зерттеуін күтуде еді. М. Жармұхамедов «Айтыстың даму жолдары» еңбегінде, «Біржан Сара» айтысы секілді әйел-қыздар теңдігі мәселесін көтерген айтыстар санатында «Сейдалі мен Алтын айтысын» атап өтеді. (4). Ал, Р. Бердібаев айтыс көркемдігін талдаған тұста, «Сейдалі мен Алтын айтысын» талдаған кезінде Сейдалінің сөзге ұсталығын, жасаған мекенді орыннан тың теңеулер тауып, тұрған жері табиғатын, көрінісін шеберлікпен суреттегенін сүйіспеншілікпен дәлелдеп береді (5).

Қарақалпақ фольклоршысы К. Адамбергенов «Қарақалпақ әдебиетінде айтыс» монографиясында «Сейдалі мен Алтын» айтысын «Әкініз бен Қыз Менеш» айтысымен салыстыра қарайды. (6). Сейдалі өмірі дерегін біздің мақаламызға сүйеніп айқындайды. (7).

Мұнан өзге Сейдалінің өмір баянын, ақындық шеберлігін танытатын монографиялық еңбек жазылмады. Сондықтан қолымыздағы бар деректерге сүйеніп, Сейдалінің ақындық, өмірбаяндық, шығармашылық жүйесін барынша толық қамтуда көздейміз.

Ақын шығармалары — ақынның өмір жолының куәгері. Сейдалі өлеңдері — ақын өмірбаяны. Ақын өлеңдерін құнттап оқыған сайын Сейдалінің өмірбаяндық шығармашылық жолы шығармаларынан сатылап көріне береді.

Ақынның «Жол сапары» өлеңі бар. Өлеңде көп молда боп, мектеп тұрмақ боп қырға аттанады. Ол көрген жерлерін былай суреттейді.

*Құмар мен Жалпақ өткіз Бөкенбай тұс,  
Сәмен сор. Айры қызы қалды бұрыс,  
Ақ құдық, Алты құдық, Ұзын қайыр  
Ашы өзек, Басы қара айтам құрыс.  
Көк Домбақ, Шабақ қыртан, Құл өлген-ай,  
Рей тау, Тасы Құдық, Ақжар қоныс.  
Көп құлық, Шықыма мен Ақ Жұлас-ай,  
Қызығы там Қызыл үй, салыпты орыс,  
Аржағы Қызыл үйдің Мұнайтас-ай ...*

Содан ары өтіп, Қызыл үйденде ілгері кетіп, Сарай жолы Сайына жеткенде, нағашысымен ілесіп келе жатырған күш көлігі болдырып құлайды. Көлігін қанша тұрғызбақшы болғанымен мендегі жеткен түйе тұра алмайды. Сонда:

*Осыдан күн барма екен елді көрер,  
Жүретін Ақдәрияның сағасында*

— дейді. Адам пендесі басына қатты күн түскенде алғаш рет анасын есіне алады, екіншіден — кіндігі қаны тамған жерге есен-аман жетуді армандайды. Демек, Сейдалі Ақдәриялық.

«Жол сапары» өлеңі ақынның тұрмыс тіршілігін көрсететін шағын ғана жол сапары сюжетіне құрылған өлеңі болып табылады. Екіншіден — туған жер қалірі бұрын бауыр басып өспеген жерге барғанымызда еселеп арта түседі. Ол ортада туған жерің, өскен елің, кіндік қаның тамған құтты орының рухани қуатын болып табылады. Өлең — соның куәсі.

Ақын — уақыт пен кеңістіктің үні мен сөзі. Өзі өскен кеңістік өлеңінің өзегі. Ақын — өскен ортасы мен кезеңінің жыршысы. Сондықтан ол туған жерін жыр тармағынан тыс қалдыра алмайды. Керісінше туған жері атамалы аттарын атай отырып, сол жердегі күн көрісін жырлайды. Сөйтіп туған жерін жырлап, оның аттарын сөзі арқылы көптің есінде мәңгіге қалдырады. Өзі де сол жердің, елдің перзенті екендігін дәлелдейді.

Ақын «Білемейді бізді кім дерін, кейінгі туған жастарым» терме-өлеңінде:

*Жаз жайлауым сураған,  
Ақ көлдің айдын даласы,  
Қыс күнінде қыстадық,  
Көк өзектің жағасын,  
Алтын көл мен Шылым көл,  
Күнім көрдім ау салып,  
Мақбал ойдың көліне,  
Қара Шолан, Қанбақты ой,  
Егін еккен жерлерім...*

— деген. Ақ көл, Көк өзек, Алтын көл, Шылым көл, Мақбал ой, Қара Шолан, Қанбақты ой — ақынның өмір сүрген, тұрмыс-тіршілігін сақтаған жері. Олар қазіргі Қарақалпақстанның Мойнак, Бозатау, Кегейлі, Қанлы көл, Қоңырат атырабындағы қонысты орындар.

Сейдалі Бахаутдин, Недая, Карімдерден сауат ашып, тәлім алған. Олар ахун деңгейі білімді кісілер болған.

Сейдалінің нағашысы Есім ахун тәрбиесі жұғымды болған. Ол туған жиеніне дүниауи және ақыреттік ғылымдарды үйретіп, ой дүниесінің кенеюіне сәтті қадам жасаған. Есім сөз өнері мен саздық өнерден де хабардар болып, сол өнерді игеруде Сейдаліге көмектескен. Оған өлеңдер жаттатқан. Терме-толғаулар жырлаттырған. Кейде ұрымталдан өлең тармағын шығарып, жалғасын Сейдаліден ұластыруын талап та еткен.

Ақындық өнерге кемелдену, ақындық өнерінің сырынан сабақ алу, өнер мұратының биіктігін түсінуге жол салады. Импровизацияға талпыну Есім ахунның ақындық үлгісі болып қалады...

1855-1856 жылдары Хиуа ханының отарлау саясатына қарсы Қарақалпақ халқының Ерназар алақоз басшылығында көтерілісі болды. Көтеріліс Сейдахмед ханның күш салуымен бастырылады. Хан көтеріліске қатысқандарды тұрлатып сансыз жүргізеді. Хан салығы көтеріледі. Жинаушылар тобын көбейтеді. Олар хан арқылы мүліктеу үшін өздерін де ұмытпайды. Мұнда Қоңырат әкімі Құттымұрат айрықша көзге түседі. Оның жаңдышаптары халықтың мал-мүліктерін тартып алуын арттырады.

Қоңыраттың бұрынғы әкімі Төре сұпының немересі Мұхамед фене халықтың Құттымұрат бекке наразылығын өз мүддесіне қолдануға тырысады. «Қауіпті дұшпаным» деп есептеген Құттымұрат бекті өлтіріп, Қоңыратқа өзі әкім болуды көздейді. Соңынан Қоңыратты Хиуадан бөліп алып, Қоңырат ханы болуды мақсат етіп қояды. Сөйтіп, Мұхамед фене жақтастарымен тіл біріктіріп, оларды өзі басқарып, Құттымұрат бекті өлтіріп, көтеріліс басшылығын қолына алады. Көтерілісшілерді қазынасындағы қаржысымен қаржыландырады. Көшемет көрсетеді. Дегенмен Мұхамед фене Қоңырат көтерілісшілеріне сенбейді. Сөйтіп, Мұхамед фене түрікпендерден қарамағына әскерлікке адамдар алады.

Түрікпендердің қалаға орналасуы жергілікті өзбектердің, қазақтардың, қарақалпақтардың Мұхамед фенеге деген ыласын оятады. Әйтсе де түрікпендердің қолдауымен Мұхамед фене Қоңыратқа хан боп көтеріледі. Қазына сарқалып бітеді. Қаражат «ханға» халықтан келмейді. Тарығып бастаған түрікпен жасақтары қала ішіндегі халықтың ішіп-жеміні тартып ала бастайды. Ханнан тек қормеген жасақтар қалаған орында жылаусыз кетеді. Қаладан да шығып, қала сыртында отырған дихан шаруалардың қолындағы барын тартып ала бастайды, әйел-қыздарының намысын төгеді. Ұнағандарын әйелдікке алып кете бастайды. Мұндай аласаңды кезеңде Сейдалі нағашысы Есімнен мәңгі көз жазып қалады...

Әжінияз «Бозатау» поэмасында:

*Қала бузып түрікмен бағрым дағлады,  
Кимсени дүпенлеп, кимди бағлады,  
Сенде көп мұсылман углы йығлады,  
Басына мүшкіл ис түшті Бозатау.  
Сәхәр ұақта қырлы дүпен атылды,  
Бенде болдым, түштім қолым шатылды.  
Пәрилек қыз шоры болып сатылды,  
Кәнизлик башына түшті Бозатау. (8)*

Рауан танда қаруланған түрікпендердің бейбіт, тыныштық пен тіршілікте бейғам жасап жатырған ауыл-аймақтың бұран бел аруын жылы тосектен мейіздей қара шашын тоғітіп жұлып алып, өктем күшпен қолтығында тулатып, тақымында шырылдаптып кетуі аз болмаған. Қыз, келіншегі болмаған шаңырақты ойрандап, қарт ана, ата, әке, жауған көз сәбиін мылтық дүмімен ұрып, тепкілеп жүруі кенде болмаған. Жылаулы көз, адам баласына лажсыз түскен мүсәпірлік қал Әжінияз өлеңі тармақтарында фотоаппаратқа түскен суреттей айтақ. «Бенде болдым», «Қолым шатылды», «Қыз шоры», «Кәнизлик башына түшті» деген сөздер ұлттық намысты оятатын жанды сөздер болып табылады.

Халық мүшкілдігін тоқтату үшін азаматтар басы бірігіп және оларды Хиуа ханының қуаттауымен Мұхамед фенені 1859 жылы август айында өлтіреді. Қоңырат Хиуа хандығына қайта қосылады. Қоңыратты басқару Матмұрат биге тапсырылады. (9).

Сейдалі тағдыры және жастық шағы ел ішінде бүліншілік дәуіріне тура келді. Қарақалпақ әдебиеті тарихы мен тарихи халық өлеңдеріне бас тақырып болған түрікпен жасақтары шапқыншылығы мен тонаушылығы Сейдалі ақын шығармашылығынан тақырыптық жүйесін табады.

*Жау болып түрікпен басынды,  
Халық аяққа басылды,*

*Қолдан келер қайрат жоқ,  
Шырылдап жаным иыныды*

— деп оқиганы суреттейді. Ақын өлені Әжінияз өлені ізін жалғастырады. Ол оқиғаға қарақалпақ халқы көз қарасы қандай болған болса, сол күн қарақалпақтармен аралас отырған қазақтар басында болып, қарақалпақ көз-қарасын қазақ ақыны көз қарасы толықтыра түседі. Тарихи тағдыр, тарихи өтміш, тарихи оқиға ақындардың ұлттық көз-қарасын біріктіреді. Сейдалінің шығармашылық жолында Әжінияздың „Бозатау“ лирикалық поэмасы Сейдалыға жақсы қырынан ықпал жасайды. Ол тағы да:

*Заманым ес білгеннен келді қырын,  
Қорқамын айта алмаймын көрсем түрін.  
Жиыулар халық ішіне толып кетті,  
Айтайын әзіраның қайсы бірін*

— дейді. Дүрбелең кезінде Есімнен көз жазып қалған ақынның ұстазы қарақалпақ әдебиетінің ақындары мен туған халқының шығармашылық дәстүрі болады.

*... Әжінияз жырдың дудулы,  
Бердақ өмір бұлбұлы.  
Тыңдап өстім жасымнан,  
Халық үнідей әр күні*

— деп өскен ақын Әжінияз ізімен, Бердақ үнімен жыр мұратының биіктігін иеленуді ойланған. Себебі Әжінияз, Бердақ, Өтеш жырлаған халықтар достығы іздері Сейдаліде жақсы көрініс табады.

*Қарақалпақ баласы,  
Бұрындағы халық еді.  
Өзбек пенен тағдырлас  
Біздің қазақ баласы,  
Досына берік жан еді*

— дегені пікіріміздің айғағы болмақ. Өнер адамдары өзге ұлттарға және өзге ұлттардан шыққан өнер адамдарына әрдайым тосаң көзбен қарамаған. Керісінше достық, бауырлық, татулық, кісілік көздерімен қараған. Сейдалінің түбі туыс қарақалпақ, өзбек халқын қаналас бауырым, тағдырласым деп тануы, ақындарын ұстаз күйінде қабылдауы — ақынның достық көз-қарасы дүниесінің алғырлығы болмақ.

Сейдалінің бір орында мекен басып отыруына мүмкіншілігі болмаған. Тағдыр талқысы, тіршілік қамы жел айдаған қанбақтай дірдектерін, бір

орнынан екінші орынға алдына салып талай қамшылаған. Сейдаліні бірде Бердақ туып өскен Аққаладан кездестірсе, екінші бір өленінде Ақ көлде балық аулайды. Үшіншісінде — Көк өзек бойында егін егеді. Төртіншісінде — „Ұзын Арқаш жағасы“ мен „Алтын көл“, „Шылым көл“ бойынан да жылы орын таппайды. „Күн көремін ау салып, Мақбал ойдың көліне“ — деп мұн айтшы.

Әмударияның төменгі салаларында жасап, экономикалық кәлі, тұрмыс-тіршілігі жөнделмей күн санап күйзелгендері жоқарыдағыларға (Хиуа жақты „Жоқарылар“ — деп Қоңырат атырабы атайды. — Қ. Ж.) барып мәрдікарлық жасап қайтып жүрген. Мұндай талап істеуге Сейдалі де барған. Оның:

*Көшіп барып мен қондым,  
Уалят өзбек жанына,  
Қонсы болдым еліне,  
Егін ектім жеріне*

—деуі, өмірбаяндық дерегін толықтырады.

*Жазғы еккен егінім,  
Күзді күнге жетпейді.  
Күзде алған өнімім,  
Қыстан толық өтпейді.  
Диканшылыққа жарымай,  
Маңдайымның теріне,  
Татымсыз талай күн кештім*

—деп, тұрмысын, көрген күйін налумен жырлайды. XIX ғасырдың екінші жартысында әбден кедейленген қазақтарды, қарақалпақтарды, өзбектерді Қоңырат атырабынан мол көруге болатын еді. Қоңырат көтерілісінен соң халық тұралап қалады. Ақынның „Қара келей баласы, осы күнде құл болды“ — деуі, замана шындығы еді.

Сейдалі жиырылық өнерімен де тұрмысын қуаттандырмақ болады. XIX ғасырдың 80 жылдары жиырылықты кәсіп қып, ел ішін аралап, халық туындыларын, замандас ақындардың және бұрынғы жыраулардың поэзиялық шығармаларын жырлайды. Төл туындыларын да қоса елге таратқан. Басынан өткізген тарихи оқиғалары, талабы келіспеген кездерін, кейде талайсыздығын шығармасы тармақтарына ораған. Мұндай жырлары көптің көңіліне қонып, талайсыздардың басындағы шерді жырылап отырғанындай өзгелерге жеткен. Ойды халық тұрмысын сәулендірген өлең жырларына тәңті болған халық Сейдаліні «жыршы» деп қарамай, оны «ақын» деп таныған.

Жергілікті қазақ, қарақалпақ, аралды өзбектер ауылдарын аралап, жиын тойда, мерекелерде төкпе ақындығымен көзге түсе бастайды ...



Токпе акынның ақындық қуаты, алғыр ойдылығы айтыс өнерінде қалыптаспаса, әрі кемелденеді. Сондықтан да импровизатор өзін айтыстан шетке қақпайды. Демек, Сейдалінің де ақындық аты да, даңқы да өлең шығаруымен бірге айтыс өнерінде көрінбек. Айтыс кезінде ақындық намыс беделін қорғай білгенді ғана халық «ақын» деп таныған. Айтыста қарсыласын ой жүйесінде ұстап, сөзден тоқтата білгенді халық «ақын» деп мойындаған.

## СЕЙДӘЛІ МЕН АЛТЫН АЙТЫСЫ

Сейдалінің ақындық өнер сапарындағы алғашқы айтысы — қарақалпақ халқының тіл өнеріндегі жүйрігі Алтын қызбен айтысқан айтысы еді. Айтыс ақыны айтыс үстінде кім болғандығына қарамастан, бұрынғы ақындық дәстүрімен өзінің даңқын өрлей көтеріп, сөз сөйлеп, айтыстық сөзін бастаған. Сейдалі де Алтынмен айтысында қалыпты ақындық дәстүрді ұластырып:

*Мен бір жүрген шабылған,  
Шапсам оздым тобымнан,  
Мерекелі жиында,  
Асылдан шапан жамылған,  
Құлайдың берген жел сөзі,  
Өз жанымнан табылған (10)*

—деген. Шындыққа жүгінетін болсақ, Сейдалі ақын Алтынмен айтысқан кезінде «асылдан шапан жамылған», алақанда жүрген кісі емес еді.

«Айтыс» кітабы соңында берілген «Түсініктеме»-де: «Алтын — қарақалпақ елінің атақты ақын қызы. Ақынның ақындық өнері бүкіл қарақалпақ еліне және оның маңындағы қазақ еліне, Жайық, Сыр бойына жайылған. Алтынның туған, өлген жылы әзірше белгісіз» (11) — делінген. Ал «Қарақалпақ фольклоры» көп томдылығының (XX том болып шыққан еді. Қ. Ж.). XII томында (баспаға тайынбаған және алғы сөзін жазған филология ғылымдарының кандидаты Минажәтдин Низаматдинов — Қ. Ж.) «Алтын мен Сейдалінің айтысы» «Айтыстан» қарақалпақшаланып басылған. Айтысқа алғы сөз жазылған. Оны түгел келтірейін. «Алтын — өз дәуірінде қарақалпақ халқының атақлы шайыр қызы болған. Оның шайырлық даңқы пүткіл қарақалпақ еліне ғана емес, дөгеретіндегі қазақ еліне, Жайық, Сыр бойларына кеңінен таралған. Алтынның Сейдалімен айтысы» айтысын ғана жорыдап отырмыз. Оның басқа да айтыстары, өмірі менен шайырлық өнері белгилі ізерттеулерді талап етеді. (астын сызған біз — Қ. Ж.).

«Сейдалі Ақтобе облысының Табын районында туылған. Урыуы — Табын. Оның туылған жері, қайтыс болғандығы хақында материалдар хәзірше қолда жоқ» (12) — деп жазады. «Айтыс-тың түсіндірмесінде жазылғанды қарақалпақшалалап бергеннен немі ұттық? Әрине, ештеңеде ұтқанмыз жоқ. Қазақстан ғалымына жарасқанымен, (ол да лажсыз Алтынды солай жазған. — Қ. Ж.) бізге оны көшіріп беру қажет емес еді. Алтынды іздеу керек еді. Ізделмелі...

«Сейдалі мен Алтын» айтысы қай жылы болған, екі ақын қай жерде кездесті, айтысты деген сұрақ басы ашық жатырыпты. Сұраққа жауап беру қажеттігі уақыт кезеңін туғызып отырыпты...

Сейдалінің Жұмабек әкесінен тараған ұрпақтары: Бәйімбеттен — Ысмайыл, Ысқақ; Сейтімбетінен — Тілеумұрат, Әмет, Бердан; Сейдалісінен — Сейдемет (1886-1974), Дүбәкір (1895-1964), Илияс (1898-22.03.1983); Кенжалісінен — Әбдірейім, Ернарар, Надірәлісінен — Қайыпберген, Дүйсенбай есімді ұрпақ тарайды. Әуезімбет жастай қаза болады.

«Сейдалі, Молда Бәйім, Ділда айтысында» есімді аталатын Бибіхатша Илиястың алты жасында, 1904 жылы қайтыс болады. Сейдалі екінші рет Өтеш қожаның Ұлман, Ұлжан, Ақсұлу, Балсұлу, Аймереке есімді бес қызының ең үлкені Ұлжанына үйленеді. Бірақ перзентті болмаған.

Сейдалінің Сейдеметінен Қалдыбай есімді жалғыз перзент дүниеге келген. Ол 1953 жылы қайтқан. Сейдеметтен қазір ұрпақ жоқ, Дүбәкірінен — Марат, Мерген, Марал, Базар, Бәтима, Илиястан — Пұрханаталин, Мұхиятдин, Қаржаубай есімді ұрпақтар бар.

«Сейдалі мен Алтын айтысын» Әмет, Бердан, Дүбәкір, Илияс ел ішінде жырлап көпке тарқатқан. «Сейдалі мен Алтын» нұсқасын Сейдалінің жазбасынан тіке жазып алып жырлаушылар өзгеріссіз айтқан. Алтын ақпа ақын. Оған Сейдалінің:

*Есітіп келдім мен сені,  
Құлағымна тиген сен,  
Алтын деген дабысын,  
Алтын қыздың алдында,  
Шығарайын деп келдім,  
Аяғымның шалысын (13)*

—дегені куәлік береді. Сейдалінің Алтынмен айтысы ақынның алғашқы айтысы деп толық айта аламыз. Оған басты себеп — біріншіден, бұрын айтысқа түсіп, айтыстық жол көрген ақын қарсы ақыға өзінің ақындық даңқын көтеріп, қарсыласын жасқандыру үшін бұрынғы айтысқан ақындары атын айтып, жеңген айтыс ақындарын атап, шалқып сойлеу қашаннан қалыптасқан дәстүр. Ал, бұл дәстүр «Сейдалі мен



Алтын" айтысында кездеспейді. Екіншіден — Сейдаліден Алтынның айтыс даңқы артық. Танымал. Егерде Алтынның ақындық даңқы, өнері, беделі Сейдаліден артық болмаса, «Алтын қыздың алдында, шайғарайын деп келдім, аяғымның шалысын» — деп айтаған болар еді.

К. Алламбергенев «Қарақалпақ әдебиетінде айтыс» монографиясының «Дослық айтыстары» тарауында (қарақалпақ, қазақ шайырлары айтысының рауажланыу жолдары) «Әжинияз бенен Қыз-Менештің», «Мансур менен Дәменін», «Жанкелді менен Улбий-кенін», «Әжинияз бенен Ырстының», «Сейдалі менен Алтынның айтыстарын» талдаған. Айтыстың болған уақытына болжамды пікірлер жүргізген. «Алтын менен Сейдалінің айтысы», «Әжинияз бенен Қыз-Менештің айтысы» ізі менен (1861-1862 жылдардан кейін) келіп шыққан... «Алтын — Сейдалы айтысы» 1869-1870 жылдары болып өтті деген пікіримізді қақайқаттылыққа бірқанша жақын келеді» (14) — дейді.

Ғалым түйіндеуі Қ. Жұмажановтың «Дослықтың терең тамырлары» (15) мақаласы мен «Құрбында көп ішінде сонша ұялтп» деген Алтынның жеңешесі сөзімен және Сейдалінің «Тапқанша алты бала әйгі болып, жүрме едің айтып өлен жеге тайым» (16) — сөздеріне негізделіп берілген. Сейдалі Алтынның 19-20 жастары аралығында айтысқан болуы мүмкін деп тұжырым жасап, бұл жастарды ақынның туылған жылына қосып есептеп шығарады.

Илияс «Әкеміздің айтуы бойынша, Сейдалінің Алтынмен айтысы Сейдеметтің туылуынан үш жыл бұрын болған» — дейді.

Фольклоршы-ғалым К. Алламбергенев «Әжинияз бенен Қыз Менеш айтысы» мен «Сейдалі мен Алтын» айтысын салыстыра қарап «Айтыс оғинин қосық құрылысы, сюжеттік желісін бойынша Әжинияздың Қыз Менеш пенен айтысына біраз жақын келеді. Хәттекі, ондағы айырым құллеттер сол айтыстың тәсірінде келіп шыққандай көрінеді» (17) деген пікірінің жаны бар. Себебі «Сейдалі Алтын қызбен айтысын өмірі соңына дейін өсінен шығармаған. Бізде әкеміздің Алтынмен айтысын әкеміз үйреткендей ел ішінде жырлап айтып жүрдік» — дейді Илияс. Демек, Илияс әкесі балдарына айтысты жаттатып үйреткен де, бәлкім «Әжинияздың Қыз Менеш пенен айтысы» үлгісінің ықпалы тиген болуы ықтимал.

Сейдалі Қазалыға мектеп тұрып Құрбас мырзадан рұқсат алып, еліне келгеннен сон, Аққалада қарақалпақтар арасында жасайды. Мектеп молдасы болады. Сөйтіп жүргенде Табын, Қаражон ауылының биі, әрі байы Дәулетияр ел ақсақалы Теріскенбайды басшы қып, Аққалаға келіп, Аққалалықтардан ауылына мектеп молдасы қып алып кету үшін Сейдаліні сұрайды. Аққалалықтар Теріскенбаймен анттасып, Сейдаліні Дәулетияр бий қарамағына береді. Антта Баймұрат пен Теріскенбай болған. Қалған кісілер тыңдаған. «Онда ақынды жатырқатпау, мал-мүлкіне

timeу, Аққалаға қайта көшесің десе күш көлік беру, сауын, сойыстық мал беру ж. т. болған». «Теріскенбай Сейдаліні алып келген соң, ағайындары бас қосып, мал-мүлік жинап, бұрын үйлене алмай жүрген ақынды Бибіхатшаны үйлендіреді. Үстіне үй тігіп, алдына мал салып береді» — дейді Илияс.

Сейдалінің туынғышы Сейдемет 1974 — барыс жылы 89 жасына қадам басқанда қайтқан. Ол 88 жасты түгел жасаған. 1886 жылы Теріскенбай ауылында туылған. «Сейдемет туылмастан үш жыл бұрын Теріскенбай ауылында, Дәулетиярдың үйіне, қонаққа келген Алтын мен Сейдалі айтысқан. Алтын Қаражарлағы қолдаулы руының қызы. Алтын әкесі Дәулетиярмен қазан табақ қосысқан бар адамдар болған» — дейді Илияс. Сейдалі өзімен айтысқан Алтынды «екі мүшел жастағы қыз екен» — деген сөзді балдарына айтып, Алтынды естеріне салып отырған. Егерде Илияс сөзін санға жүгіндіретін болсақ, Сейдеметтің туылған жылынан үшті (жылды) кемітетін болсақ, Сейдалі мен Алтын айтысы 1883 жылға тура келеді. Сейдалі 1839 жылы туылған. 1883 жылы Сейдалі 44 жаста болып шығады. Алтынды екі мүшел жаста деп қабылдасақ, әр мүше жасты 12 жылдан есепке жүгіндірсек 24 жас, екі мүшені 25 жылға сайсақ 25 жас деп алғанда да 1883 тен екі санның бірін алғанда Алтын қыздың туылған жылы шығады. Ақын қыздың қанша жас жасағанын информаторлардан таба алмадық. Тасбайға айтыстан бір жыл соң ұзатылған. Тасбай дәулетті кісі болған. «Айтыста» Алтынның ұзатылмақ кісісін «Жәкен» деп берілген. Мұны біз қолжазбаны машинкада жазып жатырған кезде «т»ны «ж» күйінде машинкада жіберілген қате деп білеміз. «Тәкенді», «Жәкен» деп жазу еш қиындық туғызбайды...

«Сейдалі мен Алтын айтысы» — «Айтыста» басылған нұсқа мен Илинстан жазған нұсқа екеуі бірдей. Сондықтан екеуін тектік жағынан салыстырудың қажеті болмады. Сондықтан Сейдалі мен Алтынға қатысты сөзіміз Сейдалі өміріне қатысты болғандықтан Сейдалі арқалы өрбітіп айта кеткенді жөн көреміз, әрі айтысқа қатысты пікірімізді «Айтыста» басылған «Сейдалі мен Алтын айтысы» негізінде дәлелдемекпіз.

Ұлы М. О. Әуезов қазақ ақындары айтысын мағына жағынан төрт түрге бөліп қарайды. Бірінші — ру кәсіптігі, ру бақталасы жарысының көрінісі, руын мақтанғыш ұстайтын өлең-жырлы сөздері; екінші — айтыстағы ақындардың бірінші басын екіншісінің мінеуі сөзі, өлендері; үшінші — рулар арасындағы жуандық, өктемдік, озбырлық өлендері, басқа руды литоталық күйге түсіріп, өз руын метафоралық деңгейде таныту түрі; төртінші — ғылым, білім, ой таласы. (18). «Сейдалі мен Алтын айтысы» айтыстың жалпы түрінің екінші және төртінші түріне келеді. Бас мінеу бар. Бірақ рулық тартыс жоқ. Екеуі екі ұлт адамы. Ретті жерінде «осы қазақ» дегені де ұлттық намысты қабаламайды. Сейдалі «сен қарақалпақсың» — дегенді, тіпті, тіліне басыпайды. Бұл айтыстың

ұтықты жағы. Екіншіден — екі ақында да бір-біріне көрсетілген жұантаяқтық мінезі танылмайды. Алтын:

*Мен арғымақ баласы,  
Әлі қызбан шабылмай,  
Айтсың көр қазғым,  
Тәубеңізден жаңылмай.  
... Алмаспын сен қазақты назарыма...  
Қазақтың түсі бозғылт көрінеді,  
Құдай-ду, осы адам таз болмасын...*

— деген сөздерінде еркелік, наздылық байқалады. Замандастық әжуа да көрінеді... Үйленбеген, тұрмысқа шықпаған қыз арадағы жасты алшақтық деп есептемеген. Тіпті, Алтын жөнешеіс де Сейдаліге сен Алтыннан үлкенсің деп айта алмайды. Ол кезде де, қазіргі кезде де ұлдың да, қыздың да кешігіп тұрмыс құруы, үйленуі әртүрлі жағдайға байланысты ғой. Оларда солай.

Ақындар айтысында ақындардың бірінің басын екіншісінің мінеуі, сынауы заңды. Сөз жарысында бар. Қалыпты дәстүр. Қыз бен жігіт айтыстарында қобіне жігіттер жоқ жоғалтқан „жоқшы“ болады, я қарсыласына айтас үстінде ғашық боп табан астында шыға келеді. Ал қыз жігіттің жоғын табысуға көмектесуші болады, я ғашық бола қалған жігітті келекелеп өзінен алшақтатады, сойтіп „ғашық“ жігіттің „ғашықтығынан“ сытылып шығып кетуге ақындық күшін жұмсайды. Әртүрлі әзіл, оспак, күлкілі юморлар мол беріледі...

„Сейдалі мен Алтын айтысында“ Сейдалі жоқ жоғалтқан кісі болып көрінеді. Бірақ сөз астарында Сейдалі жоқ жоғалтпаған адам боп көрінеді. Оның жоғалтып жүргені де, іздеп жүргені де Алтын қыз екендігі айтыстан толық байқалады.

*Менен бір байтал жоғалды.  
Төрт аяғы ала аяқ,  
Тобығының ағы бар,  
Қаламменен жазғандай.  
Жүзінде сұлу мені бар.  
Құлағының артынан,  
Жана да ойық ені бар.  
Азырақ зерлеп қарасан,  
Танауының шегі бар.  
Менің сондай жоғым бар (19)*

Сейдалі сөзі жылқы жоғалтқандай, жылқының түсін баяндап отырғандай тыңдаушыға жеткеріледі. Бірақ ақының баяндап, суреттеп

отырғаны жылқы емес, қыз. Қарап көрейікші „Төрт аяғы ала аяқ“ — дегені — зерлеп тастаған қыз бешпентінің екі қол жөні ұшы өрісгі мен таспалап тігілген аяқ киім. „Тобықтағы ақ“ таспамен салынған әшекей, „Қаламмен жазғандай, жүзінде сұлу мені бар“ — уыз жүзге сан беріп тұрған қолдан жасалған нүкте қал ғой, „құлақ сыртындағы ойық“ сырға үшін тесілген жері емес пе, ал „азырақ зерлеп қарасан, танауының шегі бар“ дегені қарақалпақтың сұлу, ару қыздарының сәндік үшін мұрнына әребек откізетін қолмен тесілген жері. Мұны жұмбақтап сойлегенде Сейдалі қарсы алдында айдай құлпырып отырған Алтынды жоғалтқан жоқшы болып шығады. Сүйтіп, Алтынның бүкіл көркін айтыса түсірген. Алтынды іздеп жүрген замандасы ойын жұмбақтап айтып, пікірін астарлап жеткізіп отырыпты. Ақын жұмбағын Алтын да түсінеді. Дегенмен ақынды басқа арнаға бурмақ болады. „Менде бір байтал бар еді, бурнағы жылы күз келді“ — деп жауап береді. Екі жакты ой жарысы үштасып ілгерілеп отырады. Қалт басар орынын көз жазбай зерделі аңдып отырады. Алтын Сейдаліге жеңілі: „Қазақтың түсі бозғылт көрінеді, құдай-ау осы адам таз болмасын“ — әжуа айтуынан тосылады. Сейдалі Алтынга әкен де таз, шешен де таз, күйеуің Төкең де таз дейді. Сейдалінің мұнысына Алтын тосылып қалды, тыңдаушылар Алтында жеңілі дейді. Жоқ. Алтын сөзден сүрініп, сөзден жеңілген жоқ. Алтын Сейдаліге уәж айта алады. Оны басқа арнада баяндап, жауаптасып құтылып кету мүмкіндігіне не барлық сөз құдіреті Алтында бар. Сонда Алтынды сөзден тосқан не? Алтынды сөзден тосқан, түркі халқы қызының ұяңдығы, ибалылығы деп білу керек. Біріншіден — айтыста астарлы жұмбақ бар делік. Көрініз, Сейдалі: „Тәуекелін сай тұрса, айтысып қор тайынбай“, „Берсейіші бағанағы байталымды“, „Шала етіп дәуменіме жаба алмаймын“, „Бар еді бір айғырым кер қара жал“, „Байталын айғыр түгел майып болар, „тұсын“ деп арғымаққа салынған соң“ дей келіп, „Алтын қыз байқадын ба сөздің парқын“ — дейді. Мұндай тұрпайы — фольклорлық жұмбақ сөздерге сыр бермеген Алтын „таз көрсес қыз көңілі жаз болады“ — сөзіне көптің көзініңше қыз басымен жауап бере алмай тосылып қалады. Егер Алтын тұрмысқа шыққан болса, үйленбеген Сейдаліге уәж айтып, сөзден сүріндіріп кетер еді. Бірақ мұндай тұрпайы фольклор материалы кесірінен қыз бен жігіт айтысында қыз жігіттің олжасы болған. Қыздарымыз қыз болғандығынан тұрпайы фольклорлық сөздері алдында тосылып „бірдей жеңіліп отырған“. Айтыста „сөз тапқанға қолқа жоқ ережесінің“ қыздар үшін тиімсіздігі қызбен жігіт айтыстарының бәрінде көрінеді. Алтын Сейдалімен айтысында сондай „қыздарға тиімсіз ереженің ибалы құрбаны болады“. Екіншіден — Алтынның жөнешеіс Сейдалінің „жігіттікті“ „таз көрсес қыз көңілі жаз болады“ деген сөзі үшін ара-түсіні:

*Құрбынды көп ішінде сонша ұялтып,  
Кегінің біткен жері сол ма, қайным*

—дейді. Бірақ Сейдәлі оған қысылмайды.

*Ар қандай, ақыл қандай, намыс қандай,  
Жүйріктің бірі озыл жарысқанда-ай,  
Алтынды жұрт женбеген жеңді деген,  
Шашылған әрбір елде дабыс қандай (20)*

—деп, Алтын женешесіне Сейдәлі қарсы уәж айтып сөзден құтылып кетеді.

М. Жармұхамедовтың «Біржан — Сара» айтысынан соң, қазақ әйел қыздары тегдiгiн жырлаған айтыстар қатарында «Сейдәлі мен Алтын» айтысын, «Біржан мен Сара» айтысы қатарында атап отуiне тiрек болған сөз «Байқұс-ау, неменеге боласын мәз, күйеуiң атастарған кәрі Жәкен (Тәкен)» деген Сейдалы сөзi. М. Жармұхамедов зерттеуiнiң өзге жерiнде қазақ, қарақалпақ әйел-қыздары тегдiгi мәселесiн «Біржан мен Сарадай» түптеп «Сейдалы мен Алтын айтысы» баяндай алмайды. Демек, бiздiң ойымызша «Сейдәлі мен Алтын айтысы» қазақ, қарақалпақ әйел қыздары тегдiгiн көтерген айтыс емес. Көтерген күнде де оған жете алмаған айтыс. Себебi екі ақын айтысы қайымдасудан әрi асып, қоғамдық ой пікірге кірмейді. Әзіл, қалжыны басым күйiнде қалып кетеді. Сондықтан оны қыз бен жігіт айтысының әсем қайымдасуы деп танымыз.

### СЕЙДӘЛІ ӨЛЕҢДЕРІ

1858-1859 жылдардағы Қоңыраттағы көтеріліс халық үшін тиімді болмады. Көтеріліс жеңілгеннен кейін Хиуа ханы Сейтмұхаммед Әмударияның төменгі саласын қатан бақылауға алды. Халықты «қырағы» басқару үшін аталық және беглер бегі басқару қызметінен енгізді. Ол лауазымға ханға шын берілген және шын беріліп, жан-тәнімен қызмет істейтіндерден тағайындалды. Олар халық мүддесі мен тұрмыс тіршілігін көрседі қормеген болып ханға қалтқысыз еңбектенеді. Кейін аға би қызметі де басқару жүйесіне кіргізілді. Ол беглер-бегі қызметінен қызмет жағынан жоғары еді. Бұл жол Мұхаммед Рахим II тұсында (1863-1910) ілгерілей түседі. (22).

1873 жылы 29 майда Орта Азияда Россияға отарланбай қалып тұрған жалғыз Хиуа хандығы Россия империясы алдында тізе бүгеді. Хиуа хандығы Хандуман шартнамасына 1873 жылы 25 августа қол қояды. (23). Хандық Россия мүлкі боп табылды. Хиуа ханы өзін «Бүтін Россия императорының

иоатқар қызметшісі» деп тән алды. Хиуа Россия рұқсат етпегенше басқа мемлекеттермен сауда-саттық жасаудан қалдырылды. (24).

Әмударияның оң жағалауы жерлерінен 1873 жылы Әмудария округі құрылды. Ол 1874 жылы Әмудария бөліміне айналды және 1886 жылға дейін тікелей, ал 1886 жылдан кейін Сырдария облысы арқылы Түркістан генерал-губернаторына қарады. Әмудария бөлімі астанасы Петро-Александровск (қазіргі Төрткүл) қаласы болды. Ол жерде бөлім бастығы және орыс әскері тұрды. (25).

Халықтың ұлттық құрамында Әмудария бөлімінде 95 мың қарақалпақ, 55 мың өзбек, 40 мың қазақ, 15 мың түрікпен бар еді. Бұл 1874 жылғы есеп еді.

Аласапыран дүние кезінде өмір сүрген, өмірдің тартысқа толы босағасын ашқан ақынды да, халықты да тарих оқиғасы ерте есейтті. Өмірдің өзекті сабағы тек ақынға емес, бүкіл халыққа ұстаздық жасалды. Татулық, достық қажеттілігі тарих айнасынан тағы да жарқыран көріне түсті.

«Тарих — жалпы ғылым атауының азығы» (27) болса, тарихи оқиға өмірді танытудың азығы еді. Ақын осы ортаның қуатты сабағын алды.

\*\*\*

Сейдәлі қарақалпақ әдебиетінің биік шыңдарымен жерлес еді...

Күнхожа Ибраһымұлы (1799-1880) «Узын Қайыр, Теріс Төбе жайлауым», «Ержан атау менен шығысы Бірза», «Балық аулап, Токтас-Мантық бойынан», «Жайлауым Жалайыр көпір хәм бөгет, суу келер ме деген бизде бар үміт», «Әфелха оскеним „Көк өзек бойы“, „Бекбан Шағыл Жана суудың бойлары, шарқырауық мүйтен бөгет жайлары, жайылған байлардың сансыз қойлары, көзіме тотыя тууған жайлауым» (28)-да;

Әжініяз Қосыбайұлы (1824-1878) «Жоқ едим, бар болдым, қамалға келдим, әреби атлар миніп дәуранлар сүрдім, нанымды көп жедім, рәхетін көрдім, хош аман бол, бизден қалдың Бозатау» да туылып, қамалға келді. (29).

Бердақ (1827-1900): «Жүрген жерім Айырша тау», «Арқам Токтас сууы терен», «Жалайыр көпір бойында», «Мүйтеннің Тербенбес таулары бар», және «Түркістан - Хорезм мекенім менің», «Бес қала, тегіңдізді атырапы елім», «Айшы-әшірет, арзыу әйледі кеудім, маған да дәулетті инсан өмір бер» (30) деп өседі.

Өтеш Алшынбайұлы (1828-1902), «Көк өзекті қаздырған, Пирман бай саулатын көрдім», «Бір жайлауым ұзын қайыр», «Басыннан дәураның тайды, Көк өзек», «Деп жазған ағаныз Қоңыратлы Өтеш», «Арқасы Тербенбес, Кубласы Аққум, отер болдым мына ашылмай



бахтым, орынсыз теңизде сынып тур сахтым, теңизден үйіме қашан жетермен" мекендерінде өмір сүрген. (31).

Сейдалі Жұмабекұлы (1839-1928). „Ақ көлдің айдын даласы“, „Көк өзектің жағасын“, „Ұзын арқаш жағасын“, „Аттын көл мен Шылым көл“, „Мақбал ойдың көлін“, „Қара шолаң, Қақбақты ой егін еккен жерлерім“, „Қутындаған қу қайық, ат орнына мініп" өскен.

Демек, тексттегі жер есімдері — Күнхожа, Әжинияз, Бердақ, Өтеш, Сейдалі іргелес жасап, бірге өскендігінің куәгері.

Халық: „үлгісіз тон пішілмес" — дейді. Тағы да: „ата көрген оқ жонар" деген. Сөз өнерінде көрінген, әрі танылған ақындар өзінен ілгері жасаған аға ақындарды пір біліп, ақыл кеңестерін тыңдап, киелі сөз өнеріне келіп жеткен. Мәселен ұлы Бердақ: „Есиптім Әжинияздың сөзін", „Айтты сөздерім тыңдатып, кеміс жерлерін оңдатып" Күнхожаны ұстаз білген: *Күнхожаны тақыяқ қордим, / Айтқанына құлақ түрдім, / Әжинияз бенен бір жүрдім, / Ирипкеді сөзімді менім.* (Бердақ, 105 б) (32).

Ұлы дарындар бір-бірі ұлы көрген. Ұлының ұлығын танауды ұлық, Бердақ „Күнхожаны тақыяқ қордим", „Айтқанына құлақ түрдім" — дегені Бердақты кішірейтпейді, керісінше оның ұлығын танытады. „Ұлық болсаң кішік бол" — деген ғой халық.

Өтеш шайыр: „Күнхожа айтты халыққа қарап, Әжинияз айтты сөз саралап, Бердақ айтты халық аралап, қылап еткенді сүймеймен", „Әжинияз еді шайыр данасы", „Бердақ еді шайырлардың данасы, сөзіне ийілді адам баласы" (Өтеш шайыр, 73, 97, 98 бб.) деген. Шайырлық өнеріне шайырлардың баға беріп бағалауы құптарлық. Себебі бұлар туған әдебиетінің бірінші сыншылары еді. Туған елінің данышпандары еді. Туған елінің сөз өнеріндегі мақтанштары еді. Арлы азаматтарының бірегейі еді.

Ақын Сейдалі де Қарақалпақ әдебиетінің классиктері туралы көз қарасын, әдеби сыни пікірін айтады. „Әжинияз жырдың дүлдүлі, Бердақ өмір бұлбұлы, тыңдап өстім жасыман, халық үйіндегі әр күні" — деп, айтты отырып, Бердақтың ақындық жолын, Әжинияздың сөз өнеріндегі алыптығын танауы, әрі бағалауы және Күнхожа мен Әжинияздың „айтқанына құлақ түрген" Бердақ секілді Сейдалі де „өзінен бұрын жазылған шығарманың үлгісінен пайдаланып, тіпті одан шабыт алып" (33) өзіндік үнін, өмірге көзқарасын және өнерді түсініп бағалауын баяндаған. Сөйтіп, біріншіден — ұстаз, сөз ұстаздары үлгісін игеріп, әдебиетіне баға беру дәстүрін игереді, әрі жалғастырады. Екіншіден — дербес ойы арқалы шығармашылығын ілгері өсіреді.

Біз жинаған ақын өлеңдері 735 тармақтан асады. Сол өлеңдерді тақырып ыңғайына қарай, ақын өміріне қарай, ақын түсінігіне орай қарастырмақпыз.

*Толғанып, талай толғадым,  
Қалем дәуіт қолға алып,  
Жалпы қағаз сермедім,*

*Жүрегімді тербедім  
Алтыс екі жыл болды,  
Дүниеге келгенім,  
Той-мереке жиналып,  
Ашаршылық көргенім,  
Қалдірн білмей қор қылдым.  
Ақындық құдай бергенім,  
Енді біліп өкіндім,  
Жазбай қағаз келгенім,  
Тағы білдім өкіндім.  
Қысқарған күнім келгенім.*

Адам қашанда Төбе қырдың басына кемел жеткенше тынымсыз жол басады, тынымсыз өмір сүреді. Төбеге жетемін деп ілгері өрлейді. Шаршайды. Тынығады. Тағы ұмтылады. Тыныстайды. Тағы ұмтылады, тағы қимылдайды. Құзда табаны таймастығын, құздан құлап кетпестігін қамдастырады. Қыр биігіне жетеді. Алқаныңан басады. Тынығады. Биіктен төменге, қыраттарға көз жібереді. Өткен өмірі іздерін көреді. Өмір жолы көзден көлбеп өтіп жатады. Өмір толғанысын, қиналу кезеңдерін еске алады. Бірде тойда болыпты, бірде жымндардың арасында жүріпті. Бәрі қызық, бәрі тамаша. Адам ғұмыры қозғалыс, өсу, орбумен қызық екен ғой. Дегенмен бар қызық пен қозғалыс қызығынан да қымбат қазына болады екен. Ол сөз өнері екен. Ол өмірдің өлмес куәсі екен. Міне, ақын 62 жасқа жеткенінде „Қалдірн білмей қор қылдым, ақындық құдай бергенім" — деп сан соғады. Әсіресе „Енді біліп өкіндім, жазбай қағаз келгенім" — деп опық жейді. „Тағы білдім, өкіндім, қысқарған күнім келгенім" — өкінішпен еске түсіреді. Қап өкінішті өмір-ай. Өнер—өмір, өмір—олан. Егіз дүние...

Халықтық ой пікірден, ойды жүйеден үйренген талант иелері — халық ойы негізінде дербес шығармашылығын дамыта отырып, уақытқа байланысты жырларын уақыт кеңістігінде туғызады. Күнхожа, Әжинияз, Бердақ, Өтештермен сабақтасып Сейдалі де туған әдебиетінің негізінен авторлығын сақтайтын шығармашылыққа жетеді. Оның өлең жырлары ақындық өнері қалыптасқаннан кейін хатқа түседі.

Ақын туған жерді жалаң баяндаушы емес. Туған жерде өмір сүрген халық тағдырын суреттейді. Бірінші орында қояды. „Жаз жайлауы қол болған, қыс қыстауы шөл болған" ақын, Бердақтың:

*Көсіліп жатар уйым жоқ,  
Ийінге тартар кийім жоқ,  
Тоқтан биіздерге бұйым жоқ.  
Біз сорлығы жаз келер ме.* (Бердақ, Н., 1977 ж. 54-бет)



— ойымен ойын ұшастырып, „Отырды байлар қозғалмай, қалың нанның қонымен“ — дейді. Қайда барса еңбегі өнім бермеген ақын „диханшылыққа жарымай, татымсыз талай күн кештім“ — дейді. Ал, „Мен Сейдалі ақынның“ өленінде:

*Мен бір алмас бұл күнде,  
Қынапта тұрып жасыған.  
Кескір алмас кетіліп,  
Жез бенен мыс, қоладан*

— деп, күн көрген шағын мұнда сөзімен жеткізеді. „Лағылы Тауһар тасындай“ сөзі бар ақын „Қынапта тұрып жасыған“ кезде өмір сүреді. „Би болыстар сұм болып, түрленіп заман — жыл-жылдан“, „Жамандықтың көшесі“ — ашылған кезге ақын өмірі сәйкес келеді.

*Халықтың арын артамаса,  
Бары-жоқты бартамаса,  
Аш хәм тоққа қарамаса,  
Ауан басшы неге керек,  
Халыққа адил болмаса,  
Жылағанды жұбатпаса,  
Халық татқанды татпаса,  
Тахт иіесі неге керек ? (28)*

— деген Күнхожа сөзімен жоқарыдағы Сейдалі сөзі үндеседі. Бірін-бірі толықтырады.

Ақын өзі жасаған ортаның, туған жерінің адамы. Ақын — уақыт көзі. Кеністік куәгері. Ақын одан тысқары өмір сүре алмайды. Уақыт пен кеністік ақын шығармаларының шығарылуында, өмірге келуінде басты тақырыптың қазығы, немесе негізі болады. Біз қайсы ақынның шығармасын талдайтын болсақ та, біз олардың шығармашылығына уақыт пен кеністік өлшемінен баға беруге тиістіміз. Өйткені ақын дәуір көзқарасынан, социалдық-экономикалық қалден сырт қала алмайды.

## АДАЛДЫҚ ЖОЛЫ — АДАЛ ЕҢБЕКТЕ КӨРІНЕДІ

Еңбексіз адам өмір сүре алмайды. Еңбек — тіршілік көзі. Сән-сәулеттің жүрегі. Ақын атаулы, тіршілік атаулы еңбекті қадір тұтқан. Еңбек тақырыбына өнерлі сөз иелері маржан ойлары мен сөздерін арнаған.

Ақын өмір сүрген орта-Қонырат, Мойнақ атырабы, Әмудің күар саласы. Ол қарақалпақтармен тағдырлас болып тел өмір сүреді.

Балықшылық — ақынның тіршілік кәсібі болады. „Қутындаған қу кайық мініп, аралдан аралға көшті“. Егін салды. Бірақ:

*Бітімдік жоқ, бірлік жоқ.  
Халық арасы ашылды,  
Жау болып түрікпен басынды,  
Халық аяққа басылды,  
Қолдан келер қайрат жоқ,  
Шарылдап жаным ашынды*

—деп тарығып күнін көреді. Бердақ: *Гүл болдым, гүл жайнамадым./ Ойшы болдым, ойламадым./ Бұлбил болдым сайрамадым./ Хадийсе аз болған емес.* (Бердақ, Н., 1977 жыл 30-бет.) деп заманға ақындық көзбен қараса, Сейдалі *гүл болып жайнау, ойшы болып ойлау, бұлбил болып сайрау үшін* халық арасында бітімдік пен бірлік болғанда ғана болатындығын көрді және түсінді.

XVIII-XIX ғасырларда Хиуа хандығында жасаған халықтардың бас күші пұл жинау болды. Себебі билік, аталық, қазылық, бектік — ақшасы бар кісілер қолынан кетпеді. Мұхаммед Ризо Мироб Әрниязбек үғли Огохий (1809-1874) (34). „Тенге“ өленінде Хиуа хандығында, оның қоғамдық тұрмысында дүние, мал, қазына жинау басты орынға шықты дейді. Тіпті, тырнақтай тенге үшін таңертеннен түнге дейін тенге соңында ақыретті күн көріп жүрген азам тынымсыздығын жазған еді. Тенге күшін Сейдалі де суреттейді. Огохиймен тақырыптас болды. Себебі Сейдалі де тенге күшін көріп өскен ақын „Қысқарып күндер түн болды“ өленінде „Атқа мінген азамат, ойлағаны пұл болды“ дейді. „Және де сөз айтатын өленінде“ „Осы күнгі жақсылар, дүниені қуалап, біле алмады неғып жүр“ — деп танданады. Ағралық еңбекпен жетіскен ақынға „Кейбір жақсы азамат, сақтамай түзу көңіл, адамшылығын жоғартты, дүние шіркін жолына, күш-қайратын шашып“ жүргені тұрпайы көрінеді.

*Ерлікке еңбек жеткізер,  
Елдікке еңбек жеткізер,  
Ерлік пен еңбек болмаса,  
Берекетіңді кетізер*

— деп ерлік пен еңбекті сүйіп қастерлейді. Елдік пен еңбекті арақтайды.

Ақынның еңбекке арнаған өлендері ауыз әдебиетінде жақсыға жаманды қарсы қою, сол арқалы өзінің дәуіріне өзіндік көз қарасын байқату Сейдаліде толық көрінеді. Кейде жаманды әшкерелеу үшін жақсы өмірлі, еңбеккерлікті арлы мінберге көтереді. Сөйтіп, ойын салыстырмалы баяндайды.

*Енбек етіп мақтансан,  
Қарнын тойып шаттансан,  
Кем болмасын дүниеде,  
Жалқаудықтан сақтансан,*

—деген орнықты түйінді пікірге келеді.

Ақын шығармашылығының қанаты қатқан ораасы — халықтың жыр-термелері, айтыстары, эпикалық туындылары. Халық шығармаларын жыршылық дәстүрін жалғастырып жырлаған. Халық ой көзінен сусындаған ақын өмірде көргенінен, өмірге қажетті болған мотивтерден өнер туындыларын сабақтастырған. Сондай сабақты ойлардың бірі — **адам мінезін баяндау**. Адам қасиетіне редифтік ұйқас арқылы дәуірлік сипаттама береді. Оның „белгісі“ — өлеңі ақынның жинақталған ойы іспетті. „Әділетті ар-ұят, адамдықтың белгісі“ — деп бастап, „тұрпайы мінез тағы жат, наландықтың белгісін“ мәлімдейді. Мәселен: арамдық, жамандық, сараңдық — наландық жолдасы. „Адамдық белгісі“ — „қамқорлы көңіл, шын сөзді, тайғанақ емес бір сөзді, қалыбында тұратын кісі“:

*Халық үшін қинап, жан сатып,  
Шыбын жанын қаусатып,  
Душпанның тисе азары,  
Сауытына сыя алмай,  
Ары үшін өлер ер кісі.  
Көшірге достық ойлаған,  
Жасы үлкен көрсе силаған,  
Дос тұтынып адамды,  
Жамандықтан қорғаған,  
Ақылы дана данышпан,  
Зор кісінің белгісі*

— екендігі аян. Қазақтың ауызша поэтикалық шығармашылығында формулалық (біркелкі сөздердің тұрақты қайталануы -- **К. Ж.**) ұйқаста қатан ескеріліп отырылады. «Ұйқас сөздердің әлденеше рет қайталанып қолданылуы, немесе бір сөздің тармақ соңында тұрақты, тиянақты келуі әдебиет теориясында редиф деп аталады». (35). Редиф арап, парсы, түркі тілдес халқтар поэзиясында мол сақталған ұйқас түрі.

Ауызша дербес поэзияның жазба әдебиеттен өзгешелігі сонда, редиф поэзиялық қатарлардың, шумақтардың соңында, я бастапқы сөзінде қайталанып тұруымен бірге біркелкі ұйқас шумақтарын құрап, импровизатордың татаусыз тыннан текті шығарып кете беруіне мүмкіндік туғызып, сондай-ақ, өлең жыр нұсқасының кілттік құдіретін

қолында ұстап, шығарылатын шығарманың негізгі тақырыбын белгілейді. Айтпалам ойдың қорытындысы қазыметін қоса атқарады.

Ақын „Белгісінде“ әйелдерге сипаттық мінездеме беріп, „Жаксы әйелдің белгісі“, „тапшы әйелдің белгісі“, „Ақ қатынның белгісі“, „Көк қатынның белгісі“, „Анкаудықтың белгісін“ баяндап, „Қорқаудықтың белгісі“, „Жалқаудықтың белгісі“, „Салақтықтың белгісі“ ж. т. б. көрсетеді.

Мұндай шығарма дидактикалық негізде шығарылып, синонимдік түрлендіруге тұтасымен арналып, адам сипатының жағымды және ұнамсыз жақтарын көрсетіп береді. Адамдағы қандай қасиеттердің артықтығын және қандай мінездердің кемістігін де көрсетіп, үлгі аларлық, кейде бас тартарлық жақтары сөз болады.

Шығармадағы „белгісі“ сөзінің формулалық сипаты „белгісі“ сөзінің мәзімен тікелей байланысты. Оған біріншіден — әрбір синонимдік вариантты тыңғылықты, тиянақты жинақтайды, әрі қорытындылайды. Адам мінезінің белгісіне мінездеме, характеристикалық суреттеме жасайды. Екіншіден — редиф ұйқас үшін қолданылады. Мәселен: аб, иб, гтб, ж. т. б. Үшіншіден — поэзиялық тармақтарда ырғақтың ұйқастық бунақтарды тұрақтылыққа енгізеді. Әсіресе екі үш бунақтық ырғақта ерекше көзге түседі. Мәселен, „*Сарандықтың // белгісі*“, „*Ақ қатынның // белгісі*“ жеті буындық өлеңде ырғақтық структурасы 4 буын + 3 буын болып келеді. Демек, „Редиф дегеніміз ұйқастан кейін бір не бірнеше сөздің тұрақты қайталануы“ (36). „Ақындық өнердің жоғарылығын байқататын редифтер“ (37).

Дара ақындар туындыларында қолданылған „белгісі“ сөзінің формулалық қалде келе беруі ырғаққа және ұйқасқа байланысты. Сонымен бірге поэзиялық шығармаларда өлеңнің стилистикалық құрылысына да байланысты болып, өнер шығармасында маңызды орын ұстайды. Әрине, поэтикалық өлең шумақтарының ең соңында көркем қайталаулар арқылы ауызша жеке төкпе ақындық орынында білдіреді. Көз қарасын сездіреді. Айтпақ ойын айқындайды. Сондықтан дербес ақындар редифтерді мол қолдануға тырысады. Бердақ, Күнхожа, Әжнұз, Өтеш ж. т. б. шайырларда редифтік ұйқастар толық сақталған. Шығыс поэзиясындағы ғазел түрінде келетін редифтік ұйқас қарақалпақ аймағы қазақ ақын-жыраулары мұрасынан кездеспеді. Біздің ойымызша жалпы қазақ, қарақалпақ импровизаторлары жырды тоғіп шығару барысында, жыр ағымында, әуезді ырғаққа, жырды түйлектен шығару кезеңінде редифтік ұйқас сөзін өлең тармағының соңында қолдану оларға тиімді болса керек. „Болмас“, „болар“, „не жетім“, „артық“, „тен“, „бәр“, „қуи“, „не пайда“, „пайда жоқ“, „не керек“, „жоқ“, алма, мақтанса“, „мақтанбаса“, „өлер“, „өлгені“, „өткен“, „қымбат“, „қонақ“, „ортақ“, „кім білер“, „жарасар“ ж. т. б. сөздерді қолданып жыр тоқи беру мүмкіншілігіне ие. Өлеңдерін синонимдік тұрғыда түрлендіреді. Не айтпақшы ойы мен пікірін параллель суреттеп жеткізеді. Әсіресе үгіттік,

насихаттық терме-толғау, тақпақ, арнау характерін әйгілеп аша түседі және оны әркезде өнер туындысында қолданып отыруға ұмтылып отырады. Мұндай дәстүрлік қарақалпақ айғағы қазақ ақын-жыраулары шығармашылығында басымдық. Себебі бір ақынға тиісті характер импровизацияда импровизаторлардың бәріне де ортақ құбылыс болып табылады. Өйткені олар редиғіт ұйқас сөзі арқалы ойын өсіре жеткізеді. Немесе бүкіл нақты күйін соған сыйғызды. Мәселен Сейітәлінің «Тәңірім не жаратты күннен артық» шығарма-олені ақынның дербес ой жүйесіне құрылып, неден неін артық кемдігі салыстырылып беріледі. Сөйтіп, өлендегі дәстүрлік конструкция, я өленді шығару әдісі төмендегіше құрылады.

*Тәңірім не жаратты күннен артық,  
Қараңғы қораім күнді қорден артық,  
Дүниенің малын жинап алсаңдағы,  
Болмайды намысыңнан бәрі артық.  
Жай білмес жаман достан дұшпан артық  
Өлгенің ер жігіттен тышқан артық...*

Ақынның айтпақ ойы, пікірі «артық» сөзінің маңына топтастырылған. Сол сөзді өленнің айтпақ идеясын ашу үшін тармақ сайын қайталап отырған. «Тәңірім күннен артық не жаратты» деген сұрақ береді. Бірақ оған жауап бермейді. Жауап бермесе де күннен артық не бар. Күнге тең келетін зат бар ма? Әрине жоқ. Күн барлық материктің тұтқасы. Оны ақын, әрине, білген. Білмесе жазбақта еді. Қара түн қорден артық. Дүние малын жинап иемденсе де ол намыстан артық емес. Жай білмейтін достан, ақылды дұшпан артық. Өлгенің ер жігіттен, кіп-кішкентай тышқан артық. Өленді оқып, қайран дүние-ай, өмір-ай деп тәубеге келесің, шүкіршілік әлеміне кіріп етек-жеңіммен ынапсыздық жылауыңды жинайсың. Өзінді өзін түсінуге итермелейтін қайсар күшті «артық» сөзінен аласың. Демек, редиғіт ұйқастар ақындар поэзиясында ойды айқындауды да көрсетеді. Және дәуірлік көз қарасты айқындайтын уақытты адамзат міндеттерімен сәулендіреді.

Ақын өлендерінен ата-жұрт, елді ансау тақырыбы да сырт қалмаған. Азаматтық әуен туған жер мен елге деген махаббатынан көрінеді. Мұны, әсіресе, туған жерден сейіт жүргенде толық байқауға болады. Ақын басында мұндай қал талай болған. Ол бұл тақырыпта Әжіниязбен, Бердақпен үндестігі көрінеді. Әжіниязда: «Хар ким өзіннің йуртында, даулетді султана мегзер» (Әжінияз, 101 бет) \*\*\*. Бердақта: «Султан болама гайры

\*\*\* Әжінияз, Нөкіс, 1975, Бердақ, Нөкіс, 1977, Өтеш шайыр, Нөкіс, 1978 жылғы шыққан кітаптарына байланысты «Әжінияз, 101» деп осы үлгіде берілген. — К.Ж.

елде, шопан бол туған жерінде, шағала құс оз қолінде, шаркылдамай сани болмас» (Бердақ, 60 бет). Сейітәліде: «Туған жерге туын тік, ел жиналар қасына, ер елінде деген бар, бақыт қонар басына, қолінде жекен көгерер, елінде жігіт көгерер» — дейді.

Ақындар туған жерді, туған мекенді еркін өсер тұрағың, бақытты өмір сүрер ораң деп біледі. Туған жердің топырағы да қазынан. Онда кіндік қанын бар. Әулетті бабаларының тәні де туған жерін мен елінде жатырыпты. Сондықтан туған елдей ел, туған жердей жер болмайды. Ол адамзаттың асыл байлығы.

Туған жерге ер құмар. Неге? Себебі «Жат жерде жүріп хан болсан, қараша шоқыр көзінді». «Өз елінде кем болсан, ағайын сойлер сөзінді». Көзінді жат жұрттықтарға шоқытпайын десен туған жерге, туған елге бар. Себебі сен «кісі елінде би болсан, соң білерсің кемінді». Өте, дәл, нақты тауып айтылған сөз.

Адам бақыты мен еркіндігі елінде. Кісілігін мен сөзін де, әнін де, жырын да туған ел арқылы өмірлі. Туған елдей ел, туған жердей жер — өз елім өлен төсегім, сілкінем күт бесігім, аяулым-ардағым — ақын қастерлеуімен көрінеді, олар азамат беделі, азамат қорғаны.

*Сағынған елін ансайды,  
Қоңыр қаз көлін ансайды,  
Сабатта тұрып салқындап  
Жерінде тулпар жусайды,  
Қиядан марал іледі.  
Шынында көрсен сұңқарды.*

Адам өмірді ансау мен өмірге ынтықтығымен ғұмыр сүреді. Қуатты қажыр-жігерді туған елден, туған жерден алады. Өйткені сен оған өгей емессің. Өзінен шыққан, өзінен туылған өзегісің, өзісің. Анық иесісің. Туған жердің ғүлденуі үшін жан—жүрегіңді беруге тайынсың. Ал өз еліне симаған, жат елге қалай жағынар. Жалтақ өмір сүріп, әркімге жетім көзбен қарағанша: «өз елінде еңбек ет, іздесең бақыт табылар» — деген.

Ақынның туған жерге сапарлануы азамат мұратымен, ел мұратымен бірігіп көрінеді. Ол «Ат үйірін ансаса» өлең-термесінде:

*Ат үйірін ансаса,  
Артық аяғың қағынар,  
Ер үйірін ансаса,  
Айыл турман тағынар.  
Жат жердің тұзын татпа-ақ,  
Есін болса жер танып,  
Елінде жүрсен нен кетер*



—деп кеңес береді. Елшілік, туған жершілік идеясын қанымызға күйіп, туған отанымызды ардақтауға тәрбиелейді. Халық сүйер азаматымызды қалыптастырады. Бұл ақын шығармашылығының ірі табысы болып табылады.

Ақынның «Болады адам қымбат ілімменен» деген, ғылымға арнаған жалғыз қара өлеңі бар. Адам қадірі, қасиеті ғылыммен, біліммен бағалылығын баяндаған. Бірлік, елдік, татулық білім арқылы тұрақтанатындығын ақын жақсы түсінеді.

*Білімді бірлік жолдан аласпайды,  
Білімсіз білімдіге жанаспайды,  
Білімді ізденіп білген адам,  
Себебіз білмегенге қараспайды*

— дейді. Ақын өлеңі егде кезінде шығарылған болуы ықтимал. Ғылым үйрену, балаларды оқыту XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының басты тақырыбы болды. Абай, Ыбырай секілді оқу, ағартуды аржақты талдамағанымен, оқуды насихаттауы оның ағартушылық идеясының шығармашылығынан орын алуы құптарлық.

Сейдәлі ақынның өмірбаяндық шығармашылық сөздерінде көбірек көз тартатындарының бірі — **сатиралық өлеңдері**. Ақын тұрғыластары ішінде, әсіресе, дін адамдарына, олардың кейбірінің ұстанған жолында кездесетін тұрпайылықтары сөз етіледі. Өзі де мектеп молдасы болып бала оқытқан. Жиналған материалдарымызда Сейдәліні ақын демейді, оны «ахун атам» дейді. Демек талыбілімділікте ол кісі терең болған.

«Ыстықатым тақуалық, несібем бар адалдан» деген. Себебі «адалдық жолы» бүкіл өмірі бағыты болған. Сондықтан ақын солай деген.

Мектеп молдасы, дін адамдары — бәрі бірдей болмаған. Бұрын да солай, қазір де солай. Олардың ішінде дін жолын бет перде қып, сол дін жолы деп, өз мәнін бірінші орынға шығарғандары да кездеседі. Ақын көзі мұны дұрыс, сәтті көрген. «Бұл заманның сұпысы» өлең-термесінде: «молдалардан адалдық кетті, олар *«Жерленген жерде қызыналы» «Ертеңгі қылған тәубесі, түске жетпей бузылады»* — деп өкінеді. «Мен бір бүлбүл үн ұрған» өлең термесінде өзі жасаған ортадағы ақындармен үндестігін толық көрсете алады. Мәселен:

Күнхожа «Өлім» қосығында:

*Дін Хорезмге пәрман әйлеген,  
Қудайына отирик сөз сөйлеген,  
Залым болып елі-жұртын бийлеген,  
Залымдардан айра түсер, яранлар.*

Бердақ:

*Бұл сөзімді тыңлар Нұрмұрат ахун,  
Орайсан сәлелінің хәррийтіп шақын,  
Аллап мийнеткеуінің көп жейсен дақын,  
Сеннен төре ала қарға жақсырақ  
(Бердақ, 45-бет)*

Өтеш шайыр:

*Отирик ғана оқып қуран  
Хэр кимге айттырып ийман,  
Үйіне алмайды мийман  
Дамолламыз Нұратдин  
(Өтеш, 27-бет)*

Күнхожа Хорезмдегі дін хазіретті «жалған сөзді» деп атап, ел-жұртты билеп отырған залымдардан қашан құтыламыз — дейді. Күнхожа ойын Бердақ толықтыра түседі. Нұрмұрат ахун басына әсемдеп сәлелі орап, шынайы дін иесі болып, дінімізді уағыздайды. Бірақ еңбекшіні үйінде жұмсап ақасын бермейді. Берсе де тиесілі құнынан кем береді. Мұндай ахуннан тамағын тауып жеп, өз күнін көріп жүрген «ала қарға жақсырақ» — деп, пікірін ашық жеткізсе, ал Өтеш шайыр «Дамолламыз отірік қуран оқиды», қуран арқылы имандылықты түсіндіреді. Иmandылықты түсіндіруі, оның сауапты іс екені дұрыс. Бірақ қуранды түсіндірген «дамолламыз үйіне келген қонақты қабылдамайды» — бұл имандылық па дегендей пікірді ортаға тастайды. Мұндай көріністер Сейдәлі шығармаларынан да тыс қалмаған. Ол да дәуірінің сұпысын жазып ұстаз ақындар көтерген дәстүрлі тақырыпты жалғастырып кетеді. «Үстіне қарап қондырады, келсе қонақ есікке» — деп, Өтешті толықтыра түседі.

*Осы күннің сұпысы,  
Дүниесі көп, ілімі жоқ,  
Пір тұтады дуаннан,  
Құлдық қылар аллаға,  
Жеп шүбәлі тағамнан*

— дейді. Ақындар шығармашылығында сабақтастық сақталған. Күнхожа — хазіретті, Бердақ — ахунды, Өтеш — молданы, Сейдәлі — сұпыны сынаған. Бәрі де жемқорларды жазған. Қарапайым халық арасында дінді жалғу қып қолына күнәлі билікті, уағызды ұстанғанын көрсетеді. Олардың имандылыққа қайтуын, дінді халық күткеніндей қалде басқаруына қайтуды өтінеді.

*Пақыр, міскін кез келсе,  
Бишара деп силаныз  
Һәжет буйым іс болса,  
Қолын қағып тименіз*

—деп олардан сұранады. Қорғансыз, қолдаусыз пақыр-міскіндерді дін жолы қолдамаса, қуаттамаса, оларды кім мақұлдап, оларға кім сүйеу болады деген адамгершілікті гуманистік ойын айқын көрсетеді. Ақынның «міскіндерді» аяуы, олардың жоғын жоқтауы, дін иелерін қарапайым халыққа мейірімді, шанағатты болуын үндеуі — ақынның имандылық жолы болып табылады.

### ҚАРА АТТЫҢ ЖЫРЫ

«Қара аттың жыры» — эпикалық өнер туындысы. Колемі — 501 қатар. Қаһарманының (авторының) тағдыры мен іс әрекетін қамтып баяндаған жыр. «Ал іс әрекет бар жерде уақыт өлшемі міндетті түрде болады» (38). Себебі «кез келген іс әрекет, оқиға тізбегі уақыт бағанасына орналасып, үнемі көкейде тұратын «неден кейін не болды» деген ретпен жүріп отырады. Ол үшін оқиға мен оқиғаның, эпизод пен эпизодтың арасында нақтылы мерзімді көрсету шарт емес» (39). Бірақ бірінші оқиғадан екінші оқиғаның туып жатуы, себеп пен салдар, нәтиже шығатын уақыт ұғымына қатыстырылып жыр шығарылған. Жыр мемуарлық характерге ие. Теріскенбай ауылы Аққалалықтармен ақынға хал-жағдай туғызатын болып, Дәулетияр би анттасып Сейдаліні алып кетсе де, Дәулетияр бидің сөзінде тұрмағандығы жырдан көрінеді. Уақыт пен оқиға қай кезде де егіз. Оқиға бар жерде мезгіл көрінеді. Жырда «откен сиыр жылында» қазалыға «Теріскенбайдың елінен, Мақбал ойдың көлінен» ақын аттанады. Себеп «Бұл күндері не пайда?, қайырсыз туыс көбінен, қызалдың қия шөлін де, жалғыз кетіп барамын, айдар малдың кемінен», аралдан бір күн откен соң, өзінен бұрын кеткендердің соңынан Бектауға барғанында қуып жетеді. Астына мінген аты «келте құйрық, сұйық жал, табаны жерге тимеген» жүйрік. «Жер танабын қуырдың, шаңды аспанға суырдың. Ақ бүркіттей түйіліп» шапқанда, Тайбұрылдан олқы соқпайды. Тіпті, оның шабысын «сырапылға теңгердім, екпіндеп шапқан жеріңді» — деп грацияға жетеді. Арғымағымен үш күн жүргенде, эпостық кеністікті былай көрсетеді.

*Күн батқанда біз көрдік,  
Жаңа дөрия алабын,  
Үш откелдің арасын.  
Үш күн жүріп, біз көрдік,*

*Бекежанның моласын.  
Қуанның кен даласын.  
Біздің қазақ баласы,  
Қоныс қылып отырған.  
Сырдарияның жағасын,  
Көрдік елдің қарасын,  
Қазалы дейтін орыстың,  
Тастан соққан қаласын.  
Айдарбектің елінде,  
Алты шекті жерінде,  
Бір қазанды көлінде,  
Алдым сонда демімді.*

Бас қаһарман бар жерде эпостық кеністікте көрінеді. Оқиғала көрінеді, іс әрекетте бар. Ақын жырды тізбектеп жырлауға құрған. Бір оқиғадан екінші, үшінші, төртінші... Бірақ кейінге оралмайды. Тек ілгерілей түсе береді. Сюжет өмір баяндық тәртіпте тізіле түседі.

Ақын атына дем беріп, өзі де тынығып «Сырдан ары өтеді». Сырдан ары откен соң ақынның талабы теріс оралады. Атын ұры алады. Атты іздеу басталады.

Оқиға бас қаһарман төңірегіне шоғырлана түседі. Оқиғадан оқиға откен сайын ақын-көңіл күйі қоюлана түседі. Туған жерден жырақ жүрген ақын келбегі айқындала түседі. Ақын туған жер деп өзі туылған, Ақ дәриясын біледі.

«Жаяу жүріп жаз күні, күн қайзады төбемді» — деп ақын айтқанындай «елден шыққан малым деп» іздейді: «Ырғыздың сегіз саласын», «Темір астау шегенді», «Ырғыздың бойын жағалап» көреді. Молады құмда отырған Тұрманбетке келеді, үйінде қонақ болады. «Мәриям» - женешесіне: «Бәйгеден келіп жүрген мен бір тұлпар, тас тиіп табанына тұралаған» — деп халін айтады. Тұрманбетке: «Алыстан шықтым мал үшін, ата ананың қамы үшін, үйдегі жастың наны үшін, тастап ата-анамды, тіршіліктегі кебамды, кішкене саби баламды» — деп, Қазалыға келу сапарын баяндайды. Ол тағы да: «Тұрманбет сынды биіміз, тайып тұр «атты ұрлатып» күйіміз» — дейді. Ат дерегі шықпаған соң тағы да ел аралайды. Тойға баражатырғандарға қосылып басқа ауылға да барады. Сол ауылда ошақ қасында тұрып:

*Мен бір жүрген жоқшымын...  
Бізден кетті бір тұлпар,  
Күміс құйрық сұйық жал,  
Өзі арғымақ ақ қаптап,  
Сол жоғалған атымының,  
Танбасы мен ені жоқ.*

*Айтсам түсі шым қара,  
Еш жерінде мені жоқ.  
Мінсен жүріп жоғалайды,  
Ескен желден кемі жоқ.  
Мінезінің бар еді,  
Азырақ шалкес қиығы...*

т. б. деп толғайды. „Жоғалған жерін сұрасаң, жеті қолдың сағасы, Қарақұмның жағасы, төрт аяғы бар еді, құймалы болат тағасы, көріп еді сол күні, Ділман деген жігіт, палуан Төреш баласы, соған болды жаласы” — деп, Ділманнан есесін, жоғалған атын алып беруді сұранады. Тасықұл биге шағынады. Ділманмен айтысқа түседі. Бірақ іргелі ел жалғызға есе бермейді. Ділманмен тағы тартысып Сауап биге барады. Шәріптің ұлы Сауапбайда Ділманды ақтайды. Дауы жүрмеген ақынның ер тоқымын арқалап, жер төбелен жылап отырғанын көреміз. Жоқтау-қарғысқа шамасы жетеді. Одан әріге бара алмайды. Көрініз:

*... Кімде болса алғанның,  
Ордасы құдай ойылсын,  
Қыршын жаны қиылсын.  
Түйтесіз сүймен ұстағыр,  
Балықсыз қолді қыстағыр.  
Қатыны балық қақтағыр,  
Үйінді қарға жақтағыр...*

Зілді қарғыс жалғаса береді. Сатылап дами береді...

Процентуальды уақыт пен кеңістік „Қара аттын жыры” шығармасында мольнан қамтылады. Адам сезімі әр қырынан оқиға арқылы беріліп, бір оқиғадан екінші оқиғаларда адам сезімі оқиғамен бірге дамып көрініп отырады. Психологиялық мінезінде бір күйден екінші күйге жеткенде басқаша қырынан көрінеді. Жылау қарғысынан сон, қара атқа деген інкарлығы баяндалады. „Жылқыдан сен тұлпар едің, мен жігітте сұңқар едім”. Әттен:

*Сен астымда жүргенде,  
Желкідеген бел едім.  
Душпанды басып тіземмен,  
Өзімнен бөтен кісіні,  
Адам екен демедім,  
Қарсыласпақ дау болса,  
Хандарменен тең едім.  
Қатласпақ жау болса,  
Қай батырдан кем едім*

— деп толғай түседі. Толғап түйіндейді. „Бәрі сенін қайратың, менің Сейдәлім дегенім” — дейді. Өкінішті өмірге қиналады. Процентуальды уақыт пен кеңістік „Қара аттын жыры” туындысында нақтылы бір бүтіннің табиғатына лайық болып шыққан. Сондықтан авторлық және қаһармандық өкініш тұтастанған. Мәселен: „Бар арманым сол болды, көрсетпедің елімді, тұрып өскен жерімді... Айрылып сенен тұлпарым, тірілей қалдым көміліп” — деп жыр бітеді. Авторлық ойда сарқылып бітеді. Процентуальды уақыт пен кеңістік бірлігі дегеніміз осы болмақ.

Ақын шетте жүрген кезін элегиялық күйінде жеткізбек болады. Көңіл күйінде осы бағдарда суреттейді. Ойын білдіреді. Ол аргымақ атына арналады. Арнау шығарманың эпипоэі іспетті.

*Өз елімде жүргенде,  
Руы туған ел едім,  
Бір атадан көп едім,  
Бенденің ісі қара екен,  
Кім тиелі деп едім,  
Өз елімде жүргенде,  
Қалың қарындас ағайын,  
Қатар құрбы тендерім,  
Дүниенің жүзінде,  
Тірі болсаң қара атым,  
Таппай қояр мен бе едім.*

Ақынның Сыр сапары „Қара аттын жырында” эпостық кеңістік жырдан басынан соңына дейін үзілмейді. Географиялық жерлер, мекенді орындар жыр тармағында қисынды қиюласып тұрады. Жыр тармағында қиналыссыз оралымды беріледі. „Теріскенбайдың елінен, Мақбал ойдың көлінен” аралап бір күн өткенде, „Көк төбесі Мақбалдың, түнеріп сонда көрінген” ж. т. б. сөзге беруге болады. Ақын көңіл күйін бе, атты ма?, әлде қарсыласын ба, қайсы затты, құбылысты суреттесе жүйрік тілінен танбайды. Ақындық қуаты, айдыны жарқырап көрініп отырады.

## СЕЙДӘЛІ МЕН БӘЙІМ АЙТЫСЫ

Сейдәлі ақын „Қара аттын жыры” шығармасында:

*Өткен сиыр жылында,  
Қырға шықтым жолданып,  
Қанатым құдай қолданып,  
Атты салдым оңдалып,*



*Жалға бұрып мұданып,  
Ел шетіне шыққан соң,  
Мунайдым өз-өзімнен,  
Жас төгіді көзімнен*

— деген. «Сейдалі, молда Бәйім, Ділда айтысын» таныстыру, айтыстың келіп шығу себебін түсіндіретін жыршы сөзінде: «Сыр бойында үш жыл жүреді» — делінеді. (40). Ақын неге «үш жыл жүреді». Әрине, Сырадан әрі өткен соң, атын ұры алғаннан кейін елге қайтар көлігі болмаған соң, жүріп қалады. («Қара аттың жыры»). Сонда ақын айтқан сыйыр жылы қайсы жылға тура келеді. Ақынның туылған жылы мен қаза болған жылы белгілі. Ол жоқарыда жазылды.

1995 жылғы қазақ календарындағы және «Қазақ халқының салт дәстүрлері» (41) кітабы қосымшасында жыл қайтару үлгілері берілген. 1841, 1853, 1865, 1877, 1889, 1901, 1913, 1925 жылдар ақын ғұмыры тірісінде келетін сиыр жылдары. Келесі сиыр жылына ақын ғұмыры жеткен жоқ. «Қара аттың жыры» қаһарманы Тасықұлға елдегі ата-анасын, сабын тастап, айдар малдың кемінен Сырға келгендігін сипаттаған. Бұл қал «Сейдалі, Молда Бәйім, Ділда айтысынан» тағы да көрінеді. Сейдалі Сейдеметін 1886 жылы көреді. Сейдемет туылғаннан соңғы сиыр жылы 1889 жыл болып шығады. Бұл бірінші-дерек. Екінші дерек «Сейдалі, Бәйім, Ділда» айтысында Қанатбайдың тоғыз қанат ордасына Сейдалі кіріп келгенде сөз үйде бек пен сардарларға қызмет жасап отырған Иманбай: — Жиен, қонақтарға қызмет көрсет. Ән сал, жыр айт — деп ошақ көсеуін Сейдаліге кекесінді бере салғанында:

*Иманбай, андамадым сен не дейсін,  
Аузынан шыққан сөзді серлемейсін (42)*

— деп, оларды тоғалдірте жөнеледі. Ақын Иманбайға соқтыға, қақтыға сөйлей келіп, төрде отырғандарға сөз орағын салады.

*Мынау кім, жатқан төрде шынашақтай,  
Копшігін қойған бүктей шиыршақтай,  
Мойнына әйкел тұмар тағыты ғой  
Күйеуі жаңа келген қыздақтай (43)*

— дегенде, Иманбай: — «Әй, Табын, андап сөйле, жазда қаларсың! Бұл медаль таққан мировой судья» — дейді.

1886 жылы 2 июнде «Түркістан өлкесін басқару туралы «Ереже» және 1891 жылы 25 мартта «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Төргай» облыстарын басқару туралы «Ереже»-қабылданды». (44).

«Сот құрылысы XIX ғасырдың аяқ кезінде Қазақстанда 1886 және 1891 жылдардағы Түркістан және Дала өлкелерін басқару туралы «Ережелер» бойынша жүзеге асырылды». Бұрынғы әкімшілік — сот оқалары арқылы құрылып, тәжірибе түрінде енгізілген негіздер белгілі бір дәрежеде күшін сақтап, соңғы нормативтік документтер оларды біржола бекітті. Сонымен қатар 1886 және 1891 жылдардағы «Ережелерге» патшалық өкімет орындарының мақсаттары мен мүдделері жақсырақ ескерілген нормалар болды.

Түркістан өлкесін басқару туралы «Ереже» арқылы, бір жағынан, империялық типтегі соттар құрылды. Олар Түркістан өлкесінің бүкіл халқы жөнінде сот билігін жүзеге асырды және сонымен қатар ол екінші сот, яғни байырғы халықты қамтитын соттар жөнінде жоғарғы инстанция болды; екінші жағынан, «Ереже», «халық соттары» дейтінді — өз уәкілдігін тек жергілікті мұсылман халыққа ғана жүргізетін төменгі инстанция құру көзделді. Отаршылдық өкімет орындарының мүдделері ескеріліп құрылған және байырғы халықтың өмірі мен тұрмысының ерекшеліктерін ішін ара ғана ескерген өлкенің сот құрылысы осымен тынды. Жергілікті халық соттарына нұсқан келтіріп, империялық соттарды оған әрі күшейту заң жүзінде бекітті... Ал, сот деген термин «Ережеге» сәйкес, империяның жалпы заңы бойынша облыстық соттарымен және Мировой судьялармен алмастырылды. (45) (асты сызыған біз — Қ. Ж.).

Айтыста аталынған Мировой судья өмірге осылай келді, Түркістан өлкесіне 1886 жылы 2 июндегі «Ережеге» сәйкес келген еді. Айтыста:

*Екі жыл болды мұнда келгеніме,  
Мен сені қуанбаймын көргеніме,  
Айтсың енді сені жөнбей кетсем,  
Разымын елді көрмей өлгеніме (46)*

— деген Ділдаға. Сыр бойы, Қанатбайдың асы, «Сейдалімен молда Бәйім, Ділда» айтыстары «Мировой судья» орнатылғаннан соң, «Ережелен» соңғы сиыр жылынан кейін, екі жылдан соң, «Сейдалі, Бәйім, Ділда айтысы» болды деп айта аламыз. Ол 1891 жылға тура келеді. Демек, «Сейдалі, Молда Бәйім, Ділда айтысы» 1891 жылы жаз айында өткен. (47).

Ақынның үшінші рет қырға шыққанын оның шығармашылығынан оқи алмаймыз.

«Сейдалі, Молда Бәйім, Ділда» айтысы — «Сейдалі мен Алтын» айтысына қарағанда қазақ жыршылары репертуарынан мол орын алған. Айтас Ерқожа Құлпайбайұлынан, Қартбай Қылышұлынан, Парахат Мұсақұловтан 1978, 1979 жылдары жазылды. Олар «Сейдалі мен молда Бәйім айтысы», «Сейдалі мен Ділда» (Ділда есімін информаторлар бізге Тілла қыз деп жаздырып. Қ. Ж.) айтыстарын дербес айтас күйінде бөлек-бөлек жаздырып. Үш кісілен де жазылған нұсқалар шағын. «Айтас»

кітабында жарияланған «Сейдалі, молла Бәйім, Ділла» айтысымен Қартбай, Парахат жаздырған нұсқа сәйкестігі басым. Ерқожада басқашарак.

«Сейдалі, Бәйім, Ділла» айтысы Сейдалінің ақындық өнерінің кемел төселген кезінде өткендігіне келеді. «Сейдалі — Алтын» айтысына қарағанда ақынның соңғы айтысы көп құрамды. Көркемдігіде кемел, айтыс үстіндегі ақынның бейнелеріде айқын көрінеді. Басы артық тұрпайылықта (грубый) айқайлап көрінбейді. Әйіл, қалжың, оспақтар сырбаз шамшыма күйінде ретті жетіп отырады.

Сейдалінің Бәйім де, Ділла (Тілла)да нағашы жұрты ақыны. Әсіресе Бәйім жақыны болса керек-ті.

*Болғанда ол ақ дамбал, мен кок дамбал,  
Айттысам айып емес дайым менен*

— дейді. «Ақ дамбал» — үл балаға, «кок дамбал» — қыз балаға орай қолдану ойдалы қазақтарында мол кездесіп отырады. Сондай-ақ «Жақсы еді үйреніскен Бәйім ағам» — дейді. Екінші көңіл қойтын жай «Сейдалі мен Тілла» қыз айтысының Ерқожа — Илияс нұсқасында:

*Жасым бар он алтыда атым Тілла,  
Заман-ай түрленеді жылдан-жылға,  
Тақылдап шекіредей сұмырай туған,  
Тап болдым талайыма сендей сұмға-ай.*

— делінген. (Бұл жерде *талайыма-мандайыма, бақытыма, ықбалыма* — бір-біріне синоним. — Қ. Ж.).

Тілла сөзіне, әрине, сенуге болады. Басқа дерек-те жоқ. Айтыстың болған жылдан 16 жасты кері шегерсек Тілла қыздың туылған жылы шығады. Демек Тілла қыз 1875 жылы туылған болады.

«Сейдалі мен Бәйім», «Сейдалі мен Ділла (Тілла)» айтысын Сейдалі дәптерінен көшіріп алып, жыршылардың жаттап, жырлауы арқылы ел ішіне тараған. Айтушылар ұмытқан жерлерін қысқартып та айтқан. Кейде озынше «әңдетіп», «қосып» айтып ақынды «түземек» орындары да болған. Бірақ мықты ақынның тоғиліп тұрған сөздерін «редакторлар» «редакторланған» кездерінде мықтап сүрінгендері кем болмаған. Сондықтан іні-шәкірттері ақын сөздері мен айтыстарын бастапқы қалыбында жырлауға тырысқан...

Жақсылық Төлепов, Қартбай Қылышұлы, Ерқожа Құлыбайұлынан жазып алған текстерімді Илияс Сейдаліұлына 1981 жылы, қаңтар айының 15, 16, 17, 18 күндері Бұхарбаев Аманжолмен (1959 ж. т.) бірге қайыра оқып беріп, тексертіп алдық. Көп информаторлардан жинаған текстерімде мол болатын. Әкем сөзі емес деген текстерді жиналған материалдан шығардық. Ұлғайған кісінің есте сақтау ұқыбы күштілігіне осы күнге

дейін қайран қаламын. Кей сөздерді өзі түзетіп жаздырды. Илияс ахуң кісі еді. Ол әкесі сөзін жаздырған соң, я алла, и, әке, сөзінді жаңылыс бермегеймін деп аяураққа сиынып, құран оқып отырады. Бізін қолымыздағы ақын сөздері Илияс мақұлдаған сөз.

«Сейдалі, Молда Бәйім, Ділла» айтысы фольклористикада арнайы сөз болып талданған жоқ. Ол қарақалпақ фольклоршысы Кенесбай Адамбергенов және Рахманқұл Бердібаев, Мұхамедрахым Жархамедов және бізін еңбектерімізде сөз ыңғайына қарай жазылды. (48). «Айтыс» кітабындағы басылым текстің талдау арқылы пікір жүргізілді.

«Сейдалі мен Бәйім», «Сейдалі мен Тілла» айтысы бөлек айтыс. Қос айтысты жырлаушылар эпикаландырып басын қосып біріктіріп жіберген. Айтыс дәстүрінде қос ақынның қайсы орында, кімнің тойында, я кімнің асында, я жарменкелік бас қосуларда ақындардың бірімен бірінің қалай, қайтіп кездескенін, айтыстың қандай себептерден шыққандығын, айтыс болып, айтыс өтіп кеткенінен кейін, бұрынғы айтыстың қалай болып өткенін тыңдаушыға таныстыра айтып, айтысты жырлап кету қалыпты дәстүрі бар. «Сейдалі мен Бәйім айтысының» келіп шығуын қалыпты дәстүрмен түсіндіретін түсіндірме сөзі бар. Сол алғы сөз жазған нұсқа — текстердің бәрінде Қанатбайдың тоғыз қанат ордасына түскен қонақтарға қызмет жасап жүрген, қонақ күтіп жүрген Иманбайдың кексіз әйел сөзінен туындап кеткендігінен көреміз. Қанатбайдың тоғыз қанат кен ордасына елдің биі, байы, «Мировой судьясы», ел жайсандары түскен. Сол жайсандар үстіне Үргеніштік қонақ деп, ел жиені Сейдалі ақынды да кіргізген. «Көрісем үлкендерің қолын бермей, түреліп жасы кішілері орын бермей» қарсы алады. Сол адамдарға Иманбай: — «Жиен, силы адамдарға қызмет қыл. Өлең айт. Жақсылар разы болса, силаның қаражаты боларсын, еліңе жетерсің» — деп от көсуді Сейдаліге ұстата салады. «Кел», «отыр» деп кісілік көрсетпегендерге намыстанып отырған Сейдалі Иманбайға «Бетіне тіпсі, сенің күйе болсын» — деп, қаһарға мініп, соқтыға сөйлейді. Ақындық қаһар үйдегілерді көзге ілдірмейді.

*... Көңілімнің ален сөзден арысы бар.  
Судья отыр қарап мұртын таулап,  
Үстінде сары зерден оқасы бар.  
Батпансып мына отырған қайсы биің,  
Басында ақ шарқаттан шалмасы бар.  
Төрдегі қама кінген қайсы биің,  
Бетінің отқа күйген таңбасы бар.  
Мынау кім жапсардағы мұрыны жырық,  
Су аққан танауының арысы бар.  
Алдында сөз сөйлеген Сейдалі ахуң  
Тен басқан төрт аяғын жорта шығар. (49)*

— дейді. Ақынға өлеңмен жауап беретін, ақын бетін сөзбен қайтаратын торағіт «шіренгендерден» кісі табылмайды. Олар түрлері бозарып, сұрланып бір-біріне тедіріп қарағанның басқаға қолдары жетпейді. Алдарбектің тіл жүйрігі Байімді Сейдазімен айтыстыру үшін алдыртады. Ол табақ тозы ет әкеліп, Сейдазіні құлқұн құлы қып көрсету үшін алдына табақты қояды, әрі Сейдазіні ет тарту арқылы ақындық арнадан шаастырмақ болады. Айтыста мұндай ақындық арнадан, ойдан ұту дәстүрі айтыс өнері болғалы бар.

*Бұл елдің биі қандай, ханы қандай,  
Сейдазі-ау, шаман барма танығандай,  
Бұл елдің не жазығы бола қалды,  
Осыныша шаныша сойлеп жанығандай*

— деп, ұлы М. О. Әуезов атаған жоқарыдағы айтыстың бірінші түрі бас мінесуден бастылған айтысқа бас мінесумен жауап береді. М. О. Әуезов көрсеткен рулық тартыста сөз сайысы жалғаса түседі. (50).

*Бұл елдің не қылайын би мен ханын,  
Би жейді бұқараның алаң малын*

— Сейдазі сын өзегін «ел башшыларына» қадай түседі. Және де: «Өкпелеп Иманбайға не қылайын, айтамын нағашым деп сөздің артын» — дейді. Қазақ дәстүрінде қарсылас ақынға сөз сойлей бастаған ақын қарсылас ақын тегін сұрау, атын сұрау үрдісті дәстүрі бар. Осы үрдісті дәстүрден Байімде сырт емес. Сейдазі де сұраққа жауап беру дәстүрін жалғастырушыдан әрі емес. Демек, бұл дәстүр қалыптасқан дәстүр. Ол күні бүгінге дейінде жарасымды жалғастығын жалғастырып келеді. Байім:

*Әлім, Табын болғанда,  
Кім еді мұның атасы,  
Дүние іздеп мал тауып,  
Жүргенін кімнің арасы,  
Қарының асқа тойғансын  
Қанғырып жүрген қу Табын,  
Мас болғанның қарашы,  
Танымайсын атанды,  
Шақыртайынба байланды,  
Әлім деген атанды,  
Ағаның ісі жаманды*

— дейді. Сөзде бас мінеу мен руға ауыз салуды бар. Сейдазі Байімге айтқан, қайтарған жауап сөзінде атаға тіл тигізбеді, аруақты қозғамауды өтінеді. Ал сенін аруағын мен тегінді түп қазығанның қопарып сипаттар едім, тек:

*Ата бабын қозғарға,  
Халқыңнан қорғалап отырмын.  
Ағайыным жоқ қасымда,  
Қоп аламан тап берсе,  
Қорғаймын кімге басымда.  
... Елден аулақ жүргенім,  
Әр жерде бісқа тіледі,  
Етескен жерде осындай*

— деп, руласы елінде жүрмегенін еске түсіреді. Тыңдаушыға биндайды.

XVIII-XIX ғасыр мен XX ғасыр басы кезіндегі ақындар айтысында, Қазақстан, Қарақалпақстан, Озбекстан және т. б. стан деп аталмаған кездерін де қазақ елі, озбек елі, қарақалпақ елі, қазақ хандығы, озбек хандығы ж. т. б. қарамағында жасаған ақындар туған жерім деп кіндік қаны тамған орынды білген, әрі таныған. Ел деп руласы ортасын білген. Өзге қандастары жасаған жерлерді «өзге рулар елі» деп таныған. Сейдазінің «Халқыңнан қорғалап отырмын» — деген сөзін сөз текте түсінгенін ойынан айқып көреміз.

Сейдазі Байімге жауап беруге тиісті. Айтыс ақыны тегін терең білуі айтыста басты шарттардың бірі. Тіпті, қазақ жеті атасы есімін білуі қажет. Әйтпесе, оны азамат деп тұрныластары танымаған.

*Әлім мен Табынның,  
Ежелгі түп сағасы,  
Қыруар батыр бабасы,  
Әлім екен атасы,  
Табын екен інісі,  
Бір-бірінен кем емес,  
Екі атаның баласы,  
Әлімнен Табын кем дейді,  
Ақылы жоқ әр елдің,  
Сендей беті қарсы,  
Көңіліңін аласы*

— деп, (51) Сейдазі Байімге жауап береді.

Ахмет Байтұрсынұлы: «айтысқанда екі ақын күрескен палуандар сияқты бірін-бірі алдыды. Бірін-бірі бағады. Күрескендегі бірін-бірі жығу үшін істегінін әліс-амалдарды, тәсілдерді мұнда да қолданады. Айтыс-өлеңді сөз болған соң оған ақындық керек. Ақындықтың үетіне әліс керек. Күрескенде күреске әліс серік болу керек сияқты, айтысқанда ақындықтың да әліс серік болады. Әлісі жоқ әліс ақындықтың әлісі анау-мынау ақын жетіп кетуі мүмкін» (52) — деген

Ғұлама ғалым айтыс ақындары арасында өскендіктен айтыстың айтыстық әдісін әсем түйіндеген. Дұрыс қорытынды шығарған. Бізде ғалым пікірін мойындаймыз. Екі ақын айтысына ой көзімізді жіберсек, екеуі де ақындық әдіске кенде емес, айтыстық тәжірибесі де, білімі де жетеді. Дегенмен айтыста көбірек көзге түсетін „Жол ағадан, тон жағадан“ дегендей, көбіне Бәйім Сейдаліні сынайтын емтихандық сұрақтар беріп ақындық әдіс тәсіл тұзағын мол құрып отырады. Көрініз:

*Жетік болсаң Сейдалі,  
Шариғаттан хабар бер,  
Иман мен исламның,  
Не болады екен мағнасы,  
Кітаптан ашып бұны көр,  
Бізін ауыл қашады,  
Сен құсаған молдадан,  
Мәселе айтып алдаған,  
Өтірік істі шын қылып,  
Шыбын жанын жалдаған,  
Сенінде ісін бар шығар,  
Шариғатқа синаған*

—деп, Сейдалінің Бәйімге «Мұрт қақпай қойыпсың, Дініңді бұзыпсың» — деген айтыптауына орай қарсы сұрақпен кінәлауды қояды. Бәйім сұрағында жақсы, бірақ Сейдалінің ақындық тәсілі, әдісі әріде, тереңде «Мұрт қақпай қойыпсың да» тұрған сияқты. Осы сөз арқылы «молда» деген сөзді тілдеттіруді талап ететін секілді. Оны Бәйім байқмай қалған сияқты.

*Мұртын қақпақ шаш алмақ,  
Пайғамбардың сүннеті,  
Парыз болған мойыңа,  
Пенделердің міндеті,  
Сүннетті неге тұптайсың,  
Пайғамбардың болсаң үмбеті*

—дейді де, намысты оятатын сөздерге жол ашып, оған сауатсызсын, біздерден білім алып, үйрен деген сөздерді төкпелсіз келген, аға ақын сұрағына жауап береді. «Иман деген нәрмек», «Ислам деген бүгілмек, шариғаттан бұйрығы, пендеге лазым бір тілек» — деп жауап береді. Бірақ Бәйім Сейдалінің молдалығына шек келтіріп, Сейдалі елді алдаған «Сен құсаған молдадан» ел қашады деген сөзінен бастап, шабуылға немесе ақындық аттанасыңа шығады.

*Жамандайсың неге молданы,  
Көзіме айт жасырма,  
Сөзімнің болса жалғаны,  
Молда деген ұстазың,  
Талай мектеп ұстаптың,  
Ұстазыңды жамандап,  
Сен шығар деп отырмың,  
Адамның жалғыз дұшпаның,  
Сіздің ел қашса молдадан,  
Ілімнен жоқ қой хабары ...*

Сейдалі Қашаған ақынды білді ме, я білмедемі ол арасын дап басып айту қиын. Дегенмен Қашағанның Ахмет сұпыға домбыраны әр баптан тарқатып мақтап бергені оның шығармашылығынан аян. Сондай-ақ Сейдалі де молданы өлген жерде құран оқушы күйінде танымай, елді сауаттандыратын және оқушы оқытып шәкірт тайындайтын ұстаз сипатында сипаттауы тапқырлық екені даусыз. Сол дәуірде және Сейдалы айтыстарының қай-қайсысын көрсекте, сол айтыстарда, кейде өзінің өлген термелерінде молдаларды сынасада, бұл ретінде ұстаз-молда-ұстаз — деп, ұстаз күйінде дәріптеуі өмір сабағына снымды. Ол Бәйімге: «ұстазыңды жамандап, сен не қылған адамсың, ұрып тәнірім қарғаған» — деп, үлкен ұстаз ретінде кейіс нама келтіреді. Бәйім «Сейдаліжан қарағым» деп жасы үлкендігін көрсетеді. Жақсы молда болсаң Қазалы жақта не үшін жүрсін, тегінді айт, аш, күйсіз жүруіңнің себебін айт. Себебі не? Ал мен болсам «жүйрікпің», «тұсымнан жеті сөздіні өткізбегенмін» — деп, «жорегімде ұшынған, Бәйім десе тұрады, алты Алаштың баласы, біледі елдің арасы» — деп ақындық қуатын, ақындық данқын көтере сөйлейді. Ойын жинақтай келген ақын: «Бәйім сынды ағаның, көзіңе қалай көрінді?» — деп қалады. Оқыған, сауаты бар ақун (ақын) Сейдалі тұрпайы фольклорлық сөздерді айтып қолданбайды. Бұл ақынның ақындық мәдениетінің кемелденгендігін көрсетсе керек-ті. «Көріңдің жақсы көзіме» — деп алады да мен саған тимедім, сарыжаға оңи келіп тиістің, бірақ мен де өзіңнен ақындығым ақындықта кем емеспін деген ұғымын білдіреді, әрі ақындық өнерін:

*Мені де халқым біледі,  
Сөйлеген сөзім бұрыннан,  
Бұыршаң құтан бұрадан,  
Қарайсың неге қырынан,  
Талайы майып болып жүр.  
Сендей адам ұрыңған*

— деп, ұруын, нағашысы тегін баяндайды.



Ата тегім сұрасан,  
 Руым Табын ішінде  
 Сүйегім шыны Болаттың.  
 Нағашымды сұрасан,  
 Айдарбек дейді бабасы,  
 Бергі атасы Татыран.  
 Бітіген деп атайды,  
 Елінің үлкен ағасын

— дейді. «Сен жөректе ұшыңсан, мен іште жатып қағынған» мен сені қайтсемде жеңемін» деп алға ұмтылады. «Мен бір жарық шар айна, көргеннің беті шатылған, олжасынан аламын» — деген.

Бәйім Сейдаліге жұмбақ береді: «Жұмбағымда бір үйде төрт есік бар. Әр есікте үш қыз бар. Әр қыздың отыз ұлы бар. Әр ұлының басында бес гүлі бар. Мұны тапқан адамның тереңнен тапқан діні бар». Сейдалі үйлі «жыл» деп, төрт есікті:

Баһары, қысы, жаз болар,  
 Күзді қосқан, үш айлан,  
 Айын отыз күн болар,  
 Отыз ұлын ораза,  
 Әр ұлының басына,  
 Шанышқан бес гүліңіз,  
 Бес уақыт бес намаз,  
 Мойнында қарыз сол болар

— деп, жұмбақты шешеді. Тағыла жұмбақ беруін сұрайды. Бәйім ойланп, іркіліп қалады. «Қанатбайдың тойы емес, Бәйке, менің жүйрік болғаным» — деп тоқтаған Сейдаліге Бәйім жауап бермейді. Айтыс бітеді. Айтыс соңында Сейдалі ақынын жинақтау сөзі, өлеңі бар.

Бәйімге қой, қой, деді жиналған көп.  
 Боларсын көпке тентек құдайға шеп,  
 Сойлемей молда Бәйім отырды тек.  
 Жолығып бір бәзеге шаршадым деп,  
 Қол жайып көп жақсылар бата берді.  
 Жиналған өңкей сардар, би менен бек.  
 Әлімнің сөз жеткізбей жүйрігіне,  
 Айдыңым сол айтыста өртеледі бек.

«Сейдалі мен Бәйім» айтысын басынан соңына дейін баяндап шықтық. Мұны жазуымызда алдымызға төмендегі мына мақсатты қойған едік. Біріншіден — ақындарға тән болған үрдісті дәстүрді көрсету болды.

Екіншіден — ақындар айтысында әдіс амалдарды қолдануын көрсеттік, үшіншіден — ақын сөзден емес, ойдан, жүзеден, білім өресі қарсыласынан төмен жағдайда сөз таба алмай тоқырап қалтуы арқасында жеңіледі дегін байқаттық. Төртіншіден — «Айтыста» жарияланған текстен жоталитар дәуірі «редакторы» «Айтыстан» дінге қатысты, оны мақтаған орынды қысқартып қалғанын көріп, құдайға шүкір, дербестігімізге оң жыл толып, ұлттық идеология өмір сүріп жатырған шапағатты кезең көз қарасы дінге байланысты сөзімізді іріктірмеді. Бесіншіден — талданған тексті «Айтыста» басылым көрген тексті емес, соның жүйесімен таныстыруды да көздедік. Қалай? «Сейдалі — Бәйім айтысын» Қартбай Қылышұлынан (1931 ж.т.) Парахат Мұсақұлов (1916) пен Ерқожа Құлпыбайұлынан (1907-1989) жазып алғанымды жоқарыда жазғанмын. «Айтыста» жарияланған тексті 253 қатар. Парахат Мұсақұлов пен Қартбай Қылышұлынан жазылғаны 340 қатар болды. Ерқожа Құлпыбайұлынан да жазылғаны 340 қатардың өзі болды. Ілияс атама оқып бердім. Ол Ерқожа Құлпыбайұлынан жазылғанды мақұлдады. Өзгелеріне қоспа деп қарамады. Ерқожадан жазып алынғанды Ілияс Сейдаліұлы толықтырып, түзеді, артық сөзді алады. Сөзбе сөз тыңдады. Ең соңында «болды» деген тексті қайыра әлемілеп көшіріп шыққанымызда 425 қатарға жетті. Айтыс көлемі жағынан кеңейген жоқ. Көркемдігі мен композициялық жағынан кемелденді. «Айтыстан» әлдеқайда жоқары болды. Алтыншыдан — «Айтыста» жарияланған «Сейдалі мен Бәйім айтысы» тексті мен Ерқожа — Ілияс нұсқасына басынан соңына дейін текстологиялық садыстыру жасадым. Жұмыста бәрін жаза алмаймын. Бір екі мысалмен шектелемін.

#### СЕЙДАЛІ МЕН БӘЙІМ АЙТЫСЫ

| 1965 жылғы «Айтыс»-тың<br>II томында басылған айтыс мәтіні                                                                                                                                                                                                                                  | Ерқожа — Ілияс нұсқасы тексті                                                                                                                                                                                                                                     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 147-бетте<br>Сейдалімен айтысатын есімкім<br>жөк. Әлімнің азаматы арланады.<br>Сол кезде осы елдің жас ақыны<br>Молда Бәйім деген табақ тыртып<br>жүр екен. Төрде отырған Иман-<br>байдан Сейдалімен айтысқа түс<br>деген сөзін ести сала бір табақ етті<br>ала келіп, алдына қоя сойлейді. | Сейдаліге өлең жауап қайта-<br>ратын үйдегі отырғандардан адам<br>болмайды. Сейдаліні қалайда сөз-<br>ден ұтатын адам керек болды да,<br>Әлімдердің арасында қалірі артық<br>Молда Бәйімді Сейдалімен ай-<br>тыстырмақшы болады. Мұны<br>Сейдалі естіп біледі де: |
|                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Қарағай тузу ағаш қайыңменен,<br>Не болар ер жігітке уайым жеген.<br>Бір дауыс құлағыма келіп қалды.                                                                                                                                                              |

Келед, деп айтысуға Бәйім деген.  
Жиналған қалың қарындас  
жарлық қылды,  
Айтыс деп жүйрік болсан.  
Бәйімменен,  
Болғанда ол ақ дамбал,  
біз көк дамбал,

Айттысам айып емес  
дайымменен,  
Сыныдым бір алға құя деп,  
Жүргенде елден жалғыз  
бұл қалай деп,  
Жаратқан жаббар алла  
қыла көрме,  
Сөзімді көпке тентек, өзіне шет.  
Қолына табақ алып молла Бәйім,  
Есіктен кіріп келді  
шалқи сөйлеп,  
Табағын алып келген  
жерге қойып,  
Байекен, сөз бастады  
бисмилла деп.

#### Бәйім:

Сынасын айтқан сөзді жиялған көп,  
Белгілі бір-біреуге арғы ата-тек,  
Кеуді тар, араны аш қай балаасың,  
Отырған асқа өкпелеп, уайым жеп,  
Мен Әлім, жасым да үлкен,  
жолым да үлкен,  
Бермейсің сәлемді маған не деп?

#### Сейдәлі:

Сен маған жас болдың ба  
сәлем берсен,  
Сәлемнің жолы кімнен айтшы білсен,  
Бәрінен құдйдан соң қонақ үлкен,  
Білер ен сыртқа шығып  
жолды көрсен.

#### Бәйім:

Бұл елдің биі қандай, хапы қандай,  
Сейдәлі-ау, шаман барма танығандай,  
Бұл елдің не жазығы бола қалды,  
Осыныша шаныша сөйлеп  
жанығандай,  
Ит басты, сныр аяқты деп сөйлейсің,  
Жамандай тап бересің танығанға-ай,  
Бағана Иманбайға өкпеледің,  
Әкеліп қойдым табақ жарығандай,  
Қонақ деп естігесін шыдамадым,  
Ет жемей бос қалдым деп  
налығанға-ай.

#### Сейдәлі:

Бұл елдің не қылайын би мен ханын,  
Би жейді бұқараның адал малын,  
Иманбай келмей жатып сөйле деді,  
Сол сөзге ашуданып келді кәрім,  
Елінді соның үшін жамандадым,  
Байеке, жарыла ғой келсе арын,  
Білгіші осы елдің сен екенсін,  
Қылады әркім базар қолда барын,  
Ықтияр қалай айтып сөйлесенде,  
Маныма ере алмайсың биыл жарын,  
Өкпелеп Иманбайға не қылайын,  
Айтамын нағашым деп сөздің нәрін.

#### Тағы бір мысал

#### Сейдәлі

Баһары, қысы жаз болар,  
Әрқайсысы үш айдан,  
Айың отыз күн болар,  
Отыз ұлын сол болар,  
Әрқайсысы үш айдан,  
Шанышқан гүлін сол болар,  
Жұмбағынды айта бер...

Баһары, қысы, жаз болар,  
Күзді қоссаң үш айдан,  
Айың отыз күн болар,  
Отыз ұлын ораза,  
Әр ұлының басына,  
Шанышқан бес гүлінгі,  
Бес уақыт бес намаз,  
Мойнына қарыз сол болар,  
Жұмбағын жалғап айта бер...

Айтыстың текстік өзгерісін анықтау үшін мынадай тәсіл қолдандық. Бірінші — «Айтыста» бар тектестің қол жазбада жоқ болса, айтыстағы тектесті қатары жазылды да, қол жазба тектесті түсінік қалдырылды. Ал, қол жазбада бар тармақтар мен сөздер «Айтыста» кездеспесе, қол жазба бағана түсіне жазылды. «Айтыс» жағы бос қалдырылды. Екінші — «Айтыс» пен қолжазбада бар тармақтар сөздік өзгерістері бар болып шықса, ол тармақтары екі жаққа да түспә-түс жаздық. Үшінші — бір ақынның сөзі екі түрлі болып шықса (жауабы, қарсы сөзі — *Қ. Ж.*) мұндай жағдайда екі тектесті екі бағанға бердік. Сейдәлінің Бәйім жұмбағын шешкен орынды көріңіз. Жұмбақ шешімі қол жазбада дұрыс шешілген. Ал «Айтыста» жұмбақ шешілмей қалған. Төртінші — қолжазба — Еркежа — Ілияс нұсқасы тектестің біздіңше дұрыс нұсқа деп білеміз. Айтыстың келесі басылымдарында, я ақынның жеке жинағын шығарғанда жарияланым көреді. Бесінші — 1965 жылғы 2-томдағы айтыс пен қолжазбаны салыстыруымыз себебі алғашқы «Айтыстан» соңғы шыққан «Айтыс» («Айтыс» 2-том, Алматы, «Жазушы», 1988 ж. қайта басылым Қ.Ж.) өзгеріссіз басылған. Жаңалығы жоқ. Керісінше соңғы басылымда кіріс сөзді бекер қырқып қалдырып кеткен. Сондықтан 1965 жылғы «Айтыспен» қолжазбаны салыстыруды мақұл деп таптық. Алтыншы — тектестің салыстырмалықты жүргізгенімізде «Сейдәлі мен Бәйім» айтысы тұтас дербес бір айтыс екенін дәлелдеді. Ал «Айтыстағы» Сейдәлі, Бәйім, Ділда айтысын» тұтастандырып, Ділань Бәйімнің қарындасы қып айтысты бірінен екіншісіне ұластыруы жарыш-информатордың айтысты эпикаландыруға талпынуы болуы керек.

### СЕЙДӘЛІ МЕН ДІЛДА (ТІЛЛА ҚЫЗ) АЙТЫСЫ

«Сейдәлі мен Ділда (Тілла қыз) айтысы» «Әжінияз бен Қыз Менеш айтысы» секілді көп құрамды айтыс болып табылады. Қолдағы бар, біз жинаған материалдың бірінде Сейдәлі мен Бәйім атпен келе жатырғанында қолдан су алып бара жатырған Ділда қызға жолығып қалады. Сейдәлі, Байеке, мына қызға бірдене десеңші дегенде Бәйім:

*Қамысы Қазалының қырқай буын,  
Айдыңның атып алдым ақша қуын,  
Доныздың торайындай тонқайған қыз,  
Бір өзін құртар болдың қолдін суын*

— дейді. Су тасушы қыз нығыздағы иінағашын жерге қойып Бәйімге:

*Қамысы қазалының қырқай буын,  
Айдыңның атып алдым ақша қуын,*

— деген. «Айтыста» Сейдәліге сөз таппай «Бәйім кідіріп самсаз болып тынып отыр. Қарындасы Ділда ол да ақын екен, жұрт айтыс деп қоймапты. Қасиана бір қызды ерітіп алып, қосылып ән салып, өлеңін қоя беріпті» (53) — деп жазылған. Бәйім мен Діланьның екі жерде екі түрлі берілуі Бәйім мен Діланьның туыстығын көрсетпейді. Біріншіден — Бәйім қарындасымен Сейдәлі отінішіне орай айтыспайды. Екіншіден — Сейдәлі мен Ділда айтысында Діланьның Бәйімге туыстығы Сейдәлі мен Діланьның жауаптасқан орынды сөздерінде тілге тартылыпбайды. Тіпті, Сейдәлі Ділдаға Бәйімдей ағасын сол күнгі айтыста, Діланьның көзі алдында Бәйімді жеңгенін айтыс үстінде айтпай кетуі мүмкін емес. Себебі жаңа басталған айтыста қарсыласын нысаналы сөзден бұрып жіберетін ақындық дәстүрлі тәсіл бар, ол қарсыласын қаймықтыру, өзіне қарсы сөз сөйлеуге мүмкіншілік бермей жасқандырып алу әдісі. Мұндай әдіс «Сейдәлі мен Ділда айтысында» басынан соңына дейін кездеспейді. Сондықтан «Ділань Бәйімнің қарындасы» — деп «Айтысқа» кіргізген информатор-жарыш екі айтыстың басын біріктіру үшін әдейі қолданған. Бірақ бұл «мәліметтің» өмір шындығынан шалғай қалатындығын айтыс жанрының ішкі динамикалық, диалектикалық даму заңдылық қозғалысын білмегендіктен кіргізіп жіберген болуы ықтимал. Үшіншіден — Сейдәлі мен Ділда айтысында айтыстың түрде, сүре де түрін қолданады. Сөйтіп, кей орында Сейдәлі мен Ділда айтысының композициялық құрылысында қыз бен жігіт айтысына тән композициялық құрылысты пайдаланады.

«Сейдәлі мен Ділда айтысының» құрылысында «Әжінияз бен Қыз Менеш айтысының» композициялық құрылысын еске түсіретін белгілер бар. Атап айтқанда «Әжінияз бен қыз Менештің» айтысы үш басқыштан тұрады. (54). Ол «Су бойында», «Тойда», «Қонақта» деп аталады. «Қарақалпақ фольклоры» көп томдығында бөліп берілген тақырыптар, «Әжінияз бен қыз Менештің айтысында» «Айтыста» берілген тексте жоқ. (55). Дегенмен айтыс композициялық құрылысы жағынан «Танысу», «Тойда», «Қонақта» — деп шартты түрде бөлуге келеді. Әйтседе, айтыстың бүкіл желісіндегі шығармашылық дамуында бүтіндік толық сақталған. Ал «Сейдәлі мен Ділда айтысын» қолдағы материалдар негізінде бөліп айтуға болады. Ал, «Айтыста» екі айтыс бірімен-бірі бірігіп, айтыстық материалдар айтыс құрамына араластырылып жіберілген. Айтыс басында келуге тиісті қайымдасулар айтыс соңында жүріпті. Сондықтан біз «Сейдәлі мен Бәйім айтысын» талауда өзіміз жинаған материалдымызға қандай сүйенген болсақ, осы реттеде Ілияс мақұлдаған нұсқаны басты негізге алып, «Сейдәлі мен Ділда» айтысын «Сейдәлі мен Бәйім» айтысының жалғасы ретінде қабылдамай «Сейдәлі мен Ділда айтысын» жеке айтыс ретінде қабылдаймыз, әрі танымыз, әрі солай қарастырамыз. Себебі «Сейдәлі мен

Ділда" айтысында Бәйім сөзден тосылған соң, Ділдамен қайым-түре айтысына түседі. Бәйім, Сейдалі, Ділдамен Ділданан көлден су алып, қол жағасынан жар қабыққа шыққан жерінде айтысты бастаса, „Әжинияз бен Қыз Менеш" айтысында қыз Менештің қолға шомилып жатырған жеріне Әжинияз атқосшысымен келіп айтысады. Менеш суда, Әжинияз қырда тұрады. Менешпен де, Ділдамен де Әжинияз, Сейдалі, Бәйім су бойында танысады. Өнер жарыстарын су бойынан бастайды. Мұндай сәйкестік сыры неде? Балкім кездесісқ шығар, я алғашқы Әжинияз ақын үлгісін, соңғы ақын Сейдалі қабылдаған шығар. Бұлай жорамалдай беруге бола береді. Бірақ айтыста палуандардай жығу мен жығылу бар ғой. Айтыс ақыны бұрын солай болған екен деп, бұрынғы үлгіге табынып отыра алмайды. Ақындық сөз айқасы бұған жол бермейді. Сонда сәйкестілік сыры неде? Бізінше кеңістік пен уақыт сәйкестігінің үндестігінен келіп шыққан болуы керек. Екіншіден — қазақ, қарақалпақ жігіттері ат суаруға барғанда сол жердегі қыздарды сөзге тарту үшін олең шығарады, я жауап ұрады. Оған тапқыр қыздар сөз тауып жігіт сөзінен құтылып кетеді. Демек, әрінен беріге жалғасып келе жатырған екі ақындағы сәйкестілікті дәстүрден іздейміз...

„Әжинияз бен қыз Менеш" айтысы су бойында кездесіп, айтысын жалғастыра берсе, Сейдалі мен Ділда айтысы оған келе бермейді. Сейдалі Ділдамен айтысқа алғаш рет жасы үлкен Бәйім ағасын жұмсайды. Ол Ділдадан тосылып қалған соң:

*Су алды, қол құрылды, теңіз қалды,  
Жалаң арық өліп, семіз қалды,  
Бныл да қыстың сынайы жаман еді.  
Құдаша неңіз өліп, неңіз қалды*

— деген. Егер Ділда Бәйімнің қарындасы болса, Сейдалі Ділдаға құдаша демеі, нағашы қарындас дер еді. Себебі Бәйіммен айтысында „Айтыссам айып емес дайымменен" деген. Бәйім нағашысы болғанда, Ділда да Сейдалі нағашысы. Айтысты жырлаушы-информатор тергетуі тарлығынан Ділда мәліметі екі ұшты шыққан деп қабылдауымыз керек. Себебі фольклористика ғылымы шығарманы орындаушысы жаздырған тексті редакторлап өзгертуге жол қоймайды. Бастапқы қалыбы қандай болса, сол қалыбында жазалы, әрі басылымда солай жариялайды. Жоқарыдағы Сейдалі сөзіне Ділда:

*Лашын, сұңқар өліп, басыр қалды.  
Байлары көшіп кетіп, наһар қалды.  
Бәрі де жанымының сұңқар еді,  
Бүгінде көті қуарған кишар қалды*

— деген. Қыз бен жігіт айтысында, қайымдасуында „қашар" сөзі ауыспалы мағынада қолданыла береді.

*Құдаша, қашар сатсаң қой аларсын.  
Қой алсаң шырғт ұйқыңнан оянарсын.  
Құдаша, сатып құтыл тілімді алсаң  
Сірә де бір бәзеге бояларсын*

— дейді де жөніне кете береді. „Құдаша" сөзі бірнеше рет қайталанған. Неге? Біздің ойымызша Ділданан бір туысы Сейдалінің нағашы жұртына келін болып түскен болуы керек. Сол келіннің туысқан апа-сінділерімен құдаша деп әзілдесу „Құдаша, кездесейік онашада" — деген халық әзіл сөзін басшылыққа алып бола береді. Сейдалі де Ділдамен халық сөзін уәж тұтып, Ділданы кездескен жерінде сөзге тарта берген секілді. Басқа реті жоқ. Жігіт нағашы жұрты өзіннің жұртым деп білген, бұл қазірде солай. Сейдалі мен Бәйім Ділда қыздың үйіне түстікке түседі. Түстіктен соң Сейдалі Ділдаға:

*Құдаша жай қолыңды алсаң бата,  
Пендесің қылған ісі бәрі қата.  
Әуелі толғатқаның егіз болсын,  
Біреуі ұл, біреуі қыздан болсын.  
Қойдай қоздап, қояндай сеп-сегізден.  
Төрт жылда тапқан балаң сегіз болсын.  
Он жылда отын басы ұла толсын,  
Есігін шоры мен құлға толсын.  
Дәулетің сенің жылдан-жылға толсын,  
Бұл батам срендердің батиясы,  
Қолың жай шыңынмен қабыл болсын*

— деген батасын береді. Құдашаға бір жағынан әзіл-қалжың күйінде бата берсе, екіншіден — аппақ адал тілек дебі айқын еседі. Ал, „Әжинияз бен қыз Менеш айтысы" сонанда „Айтыста" Әжинияз үлкендік жолымен Менешке батасын береді. Көріңіз:

*Менешжан, баққан малың семіз болсын,  
Бақытты бол, толғатсаң егіз болсын,  
Қойдай қоздап, егізден қояндардай.  
Төрт жылда ұлың, қызың сегіз болсын.  
Бабаларыңның бәрі де батыр болсын,  
Жамылғаны жау кірмес шатыр болсын,  
Айбаты артсын ұл және қыздарының,  
Бабалар — бірі мыңға татыр болсын.*



Асты сызылған тектегі сөздер бір-біріне сәйкес, бірақ сәйкестік қатарлар басқаша жеткізілген. Ақындар ақындық жолын дербестік дәстүрінен дербес баяндап жеткізеді. Біріншісінде — әзіл желі есіп тұрса, екіншіде — ойлылық, жасы үлкендік ой лебі еседі. Бұл ақындар поэзиясына тән характер.

«Әжінияз бен қыз Менеш айтысы»-ның екінші бөлімі «Тойда» — деп аталса, «Сейдалі мен Ділла» айтысының екінші бөлімін «Аста» деп атауға болады. «Сейдалі мен Ділла» айтысының бірінші бөлімін «Танысу», немесе «Алғашқы сөз қақтығысу» деп атаса да болады. Жоқарыдағы сөздер екеуіне де келеді.

«Сейдалі, молда Бәйім, Ділла» айтысының «Айтыста» екінші бөлімін бастағанда «Тор жақта отыр еді ақ сары қыз» — деп басталатын Ділланы таныстыру, сипаттау сөзі бар. Бұл сөз Ерқожа, Қартбай, Пұрханатдин дәптерінде жоқ. Оны бізге Ілияс ата жаздыртты. Айтыста ол сегіз қатар. Ілияс жаздырған жазба он екі қатар. Текстік өзгешелігі де өзгеше. Салыстырып көріңіз:

| « Ай ты ста »                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Ерқожа, Пұрханатдин,<br>Ілияс нұсқалары                                                                                                                                                                                                                       |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <i>Тор жақта отыр еді ақ сары қыз,<br/>Ақ емес, көгілдірлеу,<br/>сап-сары қыз.<br/>Жасынан мерекені көрген<br/>талай,<br/>Бетінің қаны қашқан<br/>нақ сары қыз.<br/>Бәйімның айтқан сөзі ұнамады,<br/>Болған соң ұлы жүйрік<br/>шыдамады.<br/>Ақынға әлең айтып қоя берді,<br/>Аз емес азырақ кем шыдағаны.</i> | <i>Тор жақта отыр еді ақ сары қыз,<br/>Көзі көк, беті бужыр,<br/>сап-сары қыз.<br/>Ақ та емес, сары да емес,<br/>көгілдірлеу,<br/>Бетінің қаны қашқан<br/>қақ сары қыз.<br/>Батпансып түрленеді<br/>қыз басына,<br/>Қазақтың сөз жеткізбей<br/>мырзасына.</i> |
| <i>153-бет</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | <i>Ақ шарқат, жібек шәлі,<br/>алтын шапшақ,<br/>Ораған төрт орамал бір басына,<br/>Керілген кербез де өзі,<br/>санді де өзі,<br/>Көрмедік мұндай панды<br/>ұрғашыла.<br/>Кенесіп қасындағы жолдасына,<br/>Ұмтылып сөз сөйледі<br/>молдасына.</i>              |

Қос мәтін — екі шығарма. Біріншісі — «Сейдалі мен Бәйім» және «Сейдалі мен Ділла» айтысының басын біріктіруі үшін жарыңның құрама біріктіруі тәрізді. Сөзі де, ойы да адамға шабыт берер, тұртқы болар түрі де солғын. Біздіңше оны дәлелдей берудің қажеті жоқ шығар деп ойлаймыз. Ал екінші нұсқалы сөзді көріңіз. Үлкен ақынның аузынан шыққан сөз дегенге сенесіз. Мәтінді оқып болғаннан соң «па, шіркін, қыз екен-ау», «па, шіркіннің кербезін-ай» — деп тибербодалық сүйсінуде боласыз. «Әжінияз бен қыз Менеш» айтысында Менеш Әжіниязға:

*Мен айтамын өленді кеменгердей,  
Өленді айта алмайды ешкім мендей.  
Қара өлең сақтап қойып азық болмас,  
Өленді айт дегенде қоя бермей (56)*

— дегенде, Ділла қыз көз алдына келеді. Сөз өнеріне төрт аяғын тең тастап, кеменгердей жол бастап, бара жатырған сөз жорғасы көзіне елестейді. Өленді тоғалдіртп:

«Атеккем еш еркіме қоймай отыр, тұсында, Сейдалі ақын сөз сөйле деп» — ақын қыз — «...Келесі өлең шіркін бөлек-бөлек» шың ақын болсаң қуып жетші өлеңіңмен, өнеріңмен, айтысқа кеттім жөнесп» — деген Ділла өнерлі ақындығын танытады.

Сейдалінің Бәйіммен, Ділдаммен айтыстары Алтынмен айтысына қарағанда ақынның кемел шағы байқалады. Ол бірінші айтысында «Алтын қыздың алдына шығарайын деп келдім ақындығымның аяқ алысын» — деген болса, соңғы екі айтысында мұндай сөзге, ой да кездеспейді. Тұрғыластарынан сөзімен де, ойымен де ақын артық түсіп отырады. «Жақсының алды да кең, арты да кең, жақсыға жақын жүрсен болмайсың қор» — деген сияқты қазақ әдебиетіндегі ақындық дәстүр, айтыс дәстүрі — ақындық талант көзін ашқандығымен көрінеді. Қала берсе «Бұлақ көрсен көзін аш» — «Суын ішсен қанарсын» — деген де халықтың даналық сөзі бар. Әжінияз, Бердақ, Өтеш сияқты қарақалпақ әдебиеті өкілдерінің іргелес, бірге жасауы ақынның талант бұлақ көзінің ашылуына себін тигізген болуы да ықтимал.

Сейдалі мен Ділла айтысына дейін «Әжінияз бен қыз Менеш айтысы» 1862 жылы болған еді. (57). Ташкенттен шығатын «Түркетан уалаяты» газетінің 1878 жылғы №11 (12 сентябрь), №12 (9-октябрь) (58) санында басылдып шыққан еді. Сейдалі айтыс шыққан жылдары жасы отызды асырмаған кезі еді. Ол басылым көрген айтысты «Сейдалі және Ділла» айтысы откенге дейін, я кейін оқыған болуы мүмкін дейміз. Тіпті, Әжінияздың өзінен тыңдаған да болуы ғажап емес. Себебі олар іргелес, елде өскен кісілер. Олай болмаған күнде, «Сейдалі мен Ділла» айтысы өткеннен соң, сол айтысты хат бетінде қалдыру үшін «Біржан мен Сара» айтысынан кемел қалға келтірген Әріп ақынды «Сейдалі мен Ділла»

айтысын қайтадан қарап, Әжанияз айтысының көркемдігі мен айтыс үлгісін көріп, сол айтыс ізмен өздерінің айтысын қайта қарап хатқа түсірген болуы да ықтимал. Себебі, Сейдалі айтысында Әжанияздың айтысындағы орамды сөздер мен ойлар сәйкес келіп отырады. Біз бұл жерде „Сейдалі мен Ділдала“ айтысын Әжанияз үлгісінде жазып, сол үлгіден шыға алмай қалды деуден аулақпыз. Керісінше Әжанияздай ұлы ақынның ақындық үлгісін қабылдай отырып, Әжанияздың ақындық үлгісінен шығып, қазақ айтыс өнеріне „Әжанияз бен қыз Менештей“ көркем айтысты әкелгендігін баяндау үшін Әжаниязды алға тартып отырмын. Мәселен жоқарыдағы Ділдала сөзі мен Әжанияз сөзін салыстырып көрейік. Әжанияз: „Өз еркіме қоймады Мырза Қожбан, Қыз Менештің қасында сөз сөйле деп“ — деген. Екі айтысты тұтастыратын және ақындық айтыс дәстүрін әрі ұластыратын мәлімет сол, айтыс ақындарын белгілі бір тойда, аста сол елдің білікті кісілері айтысқа түсіретіндігін Ділдала мен Әжанияз сөзінен көруге болады. Бәйімді Қанатбайдың асында Сейдаліге қарсы айтысқа сол елдің би мен бегі түсірген. Дилданы Сейдалімен айтыстырған Айтым, Әжаниязды қыз Менешпен айтыстырған Мырза Қожбан. Бұл дәстүр бүкіл ақындар айтысына ортақ дәстүр. Себебі ақындар айтысы материалының қай-қайсысына оқисақта, я жыршылар орындауында тыңдап көрсекте, әттекі жазба хат түрінде хат жазысып айтысқандарла белгілі бір себеппен айтысқандығын байқаймыз. Себебісі бірде-бір айтыс ұйымдаспайтынын айтыс тарихы растайды. Екіншіден — айтыс өнерін зерттеу кезінде айтыс ақындарын сәйкестілік күйінде тани бермей-ақ бір-бірінен үйрену, үлгі алу ретінде қарауымызға да болады.

„Сейдалі мен Дилдала айтысы“ — Сейдалі айтысының биік шыңы. Оның Дилдамен айтысы Алтын, Бәйім айтыстарына қарағанда сөздердің мәдениеттілігінен де, образды сөйлем құрастыруымен де, логикалық тұтастылығымен де ажыралып тұрады.

Ерқожа — Пұрханатдин — Ілияс атын жазылып тексерілген нұсқаның „Айтыс“ кітабында жарияланған „Сейдалі мен Дилдала“ айтысының текстік өзгешелігі бар. Мұны да „Сейдалі мен Бәйім“ айтысындай қып салыстырып шықтық. Оның алғашқысын Дилдала портреті мен ақындығын, айтысқа түсер жерін қос бағана арқылы көрсеттік.

„Сейдалі мен Дилдала“ айтысы және „Әжанияз бен қыз Менеш“ айтысы әр кезде өткені белгілі. Эпостық жырларда уақыт пен кеңістік бір-біріне сәйкес келмеген орындарда уақыт кеңістігінде баяндалып жатырған уақиғаның бірі келген жерінен тоқтатылып, екіншісін бастаған. Екі оқиғаның баяндалу ретін бұзып алмасы үшін „Ендігі сөзді Қобыланның“, „Ендігі сөз Баршынның“, „Ендігі сөз Төлегеннің“, „Келесі сөз Жібектен“ — деген тәрізді сөздер арқылы тыңдаушы қауымы кейінде қалып қойған оқиғаға бұрып алып кетіп, сонда қалып қойған оқиға желісімен тыңдаушы жұртшылықты шығарма желісіне қайта тартатынындай бұл айтыстарда

эпостық баяндау үлгісі сақталынған. „Су басында“, „Тонда“, „Қонақта“ — деп айтысты бөліп қараушылар уақыт пен кеңістіктің бір-біріне сәйкес келмеген орындарында шығарма желісін біріктіру үшін жыршы-ақын, я айтысты оңдестірі шығарма басын біріктіретін қара сөзбен баяндау арқылы қарсылас ақынның түр-түсін сипаттау, оның отырған орнымен көпті таныстыру дәстүрі әдісіне көңіл бөлгендігінен деуге келеді. Сейдалі, Бәйім, Дилдала айтыстарында екі жерде баяндау бар. Оның біріншісі — „Сейдалі мен Бәйім“ айтысының келіп шығу себебін баяндау, екіншісі — Қанатбай ордасында Сейдалі мен Бәйім айтысы боп жатырғанында, сол үйде, айтыс өтіп жатырған кезінде Дилдала бір елі деген мәлімет-хабарлама. Егер біз осы екі мәліметке зер салсақ, бірінші және екінші айтыстың келіп шығу себебін баяндаумен бірге екі айтысты тұтастандыруды көздегенін түсіну қиын емес. Айтыстағы мұндай тұтастану „Ендігі сөз Дилдалан“ дегенді жыршы айтпай-ақ түсіндіріп отырыпты. Сондай-ақ „Сейдалі мен Дилданың“ тыныс жасап, кейде арасында дем алып (бұл қал „Әжанияз бен қыз Менештей“ де бар. — Қ. Ж.) көңіл күйі соққан кезде өнер жарысын жалғап кете берушілігі уақыт пен кеңістік сәйкессіздігінен деп тани орында. Егер бұлай деп түсінбесек Әжанияз Менешпен, Сейдалі Дилдамен үш рет айтысқан болып шығады. Әр айтыс дербес композициялық құрылысқа ие болуға тиісті болып шығады. Ал, бұл жерде үш тақырыптағы айтыс тұтас бір композициялық тұтастықта тұрыпты.

Айтысқа түсетін ақынның түрі-түсі екі жақты сәуделенеді. Біріншісі — айтысқар ақын өзін таныстыру арқылы берілетін болса, екіншісі екі ақынның айтыс үстінде қарсыласының кескін келбетін дәл басып айтуы бар. Ерқожа, Пұрханатдин — Ілияс нұсқасында (Ерқожа тексті Пұрханатдин жазып жинаған дәптер жазуына текстік жүйелені турала келеді. Бірақ екі текст Ілияс қадағалауымен бірін-бірі толықтырады. Екеуінде де жоқ қатарларды Ілияс қосып отырды. Сондықтан оны Ерқожа, Пұрханатдин, Ілияс нұсқасы деп атадық, — Қ. Ж.). Дилдала портреті былай жасаған:

*Тор жақта отыр елі ақ-сары қыз,  
Көзі кок, беті бұжыр, сап-сары қыз,  
Ақ та емес, сары да емес, көгілдірлеу,  
Бетінің қаны қишқан қақ сары қыз.*

Портретте Дилдала ондай ұнамды емес. „Беті бұжыр болса“, көзі „кок“ болса, „ақ сарының“, „сап-сарысы“ болса, қала берсе „қақ сары қыз“ болса, қиын қыз болып шығады. Дилдала „Батмансын түрленеді қыз басына“ — менмен. Бірақ „Қазақтың сөз жеткізбей мырзасына“ — жүрген тіл жүйрігі. „Ақ шарқат, жібек шал, алтын шашақ, ораған төрт орамал бір басына“ — сәнді. „Керілген кербезде өзі, сәнді де өзі“, „Көрмедік мұндай панды ұрташыла“. Сыртқы түрінен де, тіл жүйріктігінен де кісі

жасқандай. Мәселен, «Батырлық жырларында» да жау батырларын «Қабағына қар қатқан, кірпігіне мұз қатқан, он екі күнде бір жатқан, он үш күнде бір татқан, олда айтулы ер еді, қызыл бастың белі еді» (59) деп, Қазан ерді жыршы-ақын суреттейді ғой.

Жаңынан үміт үзген адам болмаса, я жүрегінің түгі бар айбары асқақ батыр болмаса, Қазанға қандай батыр беттей алуы мүмкін. Оған кемінде Қазанға тең батыр шығады, болмаса басқасы шыға алмайды, өлімге көзбе-көз барады. Сол секілді Діла ақын да ақын суреттейді Қазан батырдан осал емес. Онымен екіншісі бірі сөз додасына түсуі мүмкін емес. Демек батырдың батыр аты шығуы үшін батыр әулетінің бәрі үркетін батырады жеген, оны жекпе-жекте өлтірген ғана батыр. Сейдәлінің сөз сайысына түсейін деп отырған ақыны да Қазандай мықты болуға тиісті. Қазандай мықты Діла ақынды жеңсе ғана Сейдәліде мықты ақын бол танылмақ. Айтс басында Діланы солай сипаттап таныстыру осы мақсатты көздеген.

Сейдәлінің Ділалмен айтқысынын екінші бөлімін «Аста» деп атауға болады. Айтс Ділалдың сөз өнері жарысын, ақындық өнерін таныстырудан бастайды. Діла пікіріне Сейдәліде қосылып «Күн түскен Тербенбестің баурайындай, қарасам ақ жүзіңе мұнарланған» — деп, ақын қызды туған елі жерінің сұлу табиғатымен баламалап «Сымбатың шын алтындай кір шалмаған» қызбен айтқасқа түскеніне шын разылығын білдіреді. Бірақ «Табаңың алде қайдан таяды деп, тілеймін жәрдем бер деп бір алладан» — дейді. Батырдың аруақ пірлеріне табынып медет сұрағанындай Сейдәлі де Діланы жөну үшін құдайдан медет тілейді. Ақын Алладан Ділалдың жүйеден жаңылуын өтінеді.

Діла табының сөзден таюы оның жеңілісі. Ақындық әдіс, тәсілі осал жерден ұстамақ, көрінек. Айтс Қарасайдың Қиғаштың биік тауына бастайтын жолға таласып, бас жолды өзі бастамақ болып, басқалармен тартысқа түскеніндей тартысқа құрылады. Айтс сюжеті Ділалдың «Айрылып қалың қарында, ағайыннан, қалдырып не себептен жүрсін мұнда» сұрағынан басталады. (60). Сейдәлі «Әуелі түз несібе шашылған соң, жігітті тартды екен әр бір жолға» дейді және «жол түсіп еліндемін» дегенді айтады. Діла «елінде мендей қызға көзін түсіп пе еді» десе, Сейдәлі «Елімде сендей қызды қара пұлға да сатып алмаймын» — дейді. Айтс тартысы дами түседі. Ақын қыз «Мені қара пұлға алмаймын» — дейді ғой, «Тентіреп Үргеніштен келген молда, байма екен осы шіркін мақтанғандай» — деп, ақынның осал жағына қармақ тастайды. Бірақ Сейдәлінің баяндауына қарағанда Діла да бар кісінің қызы емес. Әкесі Айтмаға жанамалап қонып күнін көріп жүрген адам. Қанатбай керуен басы той бергенде етке тоймағанын да өкпелеп кеткен өкпешіл қарт. Бұған ашулансаң «Жылай ғой шапшын жұлып салып ойбай» — дейді. Ақындардың тән сынасуына соқпай, экономикалық күн көрісті сынауы орынды. Екі жағыда қазақ тұрмыс тіршілігінде бар мен жоқтан

ара қатынасын, септесіп өмір сүріп жүрген күн көрісін, бар мен жоқ өмірі ортасында бірінін пәрменділігін, екіншісінің армандылығын баяндап беруі — тыңдаушы мен оқушы қауымынан ой қозғат алады. Барлыққа жету жолы — еңбек жолы екенін біледі. Соған тыңдаушыны тоқтатады, әрі осы бағытта тәрбиелейді. Бұл біздің ұлттық тәрбиеміздің темір қазық бағыты болып табылады.

Әзіл, қалжың — халқымыздың көңіл көтеретін адам мінезін сынайтын, адамды тануының сын орыны. Молданың айбар, тұр танытқанына орай «Қатты айтсан қатты, бос айтсақ бос» айтуға мен де тайыммын деген ақын қыз «Бас ұрып аяғына жалынбаймын» — деген ақындық тәкалпырлық мінез көрсетеді. Кей әзілдің өмірде опық жетістігі де бар. Діла Сейдәліге әзілге әзілмен «Байрақтан талай жерде келіп жүрмін, болса да неше жүйрік жеткермедім» — деп, ақындық өнерін тура мағынасында баяндайды. Жел жетпес жүйріктігін сипаттайды.

Біздің сөздеріміздің тура да, ауыспалы да мағынасының бары баршамаызға аян. Діла тілі жүйріктігін бөйге кереге балайды. Бұл ретте Сейдәліге айтаста жеткізбестігіне мақтанады. Бұл айтс ақындарына тән дәстүр. «Құланның қасынуына мылтық құлағының басылуы» сөйкес келіп, тура мағыналы ойды ауыспалы мәнге молда ақын аудары қояды.

Ол: «Құдайдың бәрекелді бергеніне» — деп сүйсініп, «Иманбай былтыр сені көп мініпті, озыпсың сонда жүрген жерлеріне» — деп, Діланың ақындық талантын бөйге кер күйінде ауыспалы мағынада, Діланы Иманбай мініп жүрген «көлік» сипатында танытып жібереді. Бүркіттей қанды шенгелін жаздырмай берік тастайды. Қанды шенгелден босанбақ болған Діла: «Сөзім шын, құдайым бір, кеуілім нәк» бұл өсек сөз. Өсекті өзіндей діннен шыққан молда айтпаса, басқа айтпайды. Мұндай ғайбатты, өсекті қайдан таптың дегенде: Бұл сөзі «Әуел бастан Дәрі айтпады, баласы қойшы-екеннің Кәрі айтпады», «Елінің бастан аяқ бәрі айтпады», «Айтм үйінде қонғанымда оның әзіліде айтпады» деп т. б. толып жатқарған сүйекке тиетін намысты сөздерді қалпта келіп, «Көк дәрі адам беті деген сөз бар, ұялмай жүрсін қарап өлмегенге» — дейді. Бұған да уақ айтмақ болып «Нанбайды ол сөзіне біздің ауыл, қатардан сегіз кісі жан берген де» — деп құтылмақ болады. Бірақ қанды қармағын жаздырмай келіп, «Мегежін иттің қорын аяйынба, ықтир маған десең қатыны бол» — дегенде, қыз сөзден тосылып қалады. Дәлел таба алмау — ұтылу. Демек айтс бітті деген сөз. Тұрпайы (грубый фольклор) фольклорлық сөз биызы қызды ұтты. Тұрпайы фольклорлық сөзі алдында Алтында тізе бүккен еді...

Бір тойда екі жар жоқ. Күреске шығып күресте жығылған балауды күресте жыққан балаумен қайта күрестірмейді. Айтаста осы тектес. Бірақ айтаста «Діла кізіріп отырғанда Бәйімнің әйелі, қыз жеңгесі сойлейді» — деген.



Бұл өткен айтыс пен қазіргі болатын айтысты байланыстыру үшін, уақыт пен кеңістіктің бір-біріне сәйкес келмеген орынын ұластыру үшін қолданылып тұрыпты. Былай қарағанда дұп-дұрыс секілді. Бірақ айтыстың өзіне тән ерекшелігі мұны растамайды. „Басында, ісінде, жұртында, ұлтында болған осалдық, кемшіліктерді айтып, сөзбен ұялттып, яки сөзбен қамап, жан-жағын бөгеі тоқтатқан“ (60) — ақын жеңілген ақынын қайта сойлеуді мүмкіншілік тұтызбайды.

Эпостық шығармада „Әлқисса“ ендігі сөзі „Алламыстан есітін“ — деген секілді, „Бәйімнің әйелін“ айтысқа қыстырып жібергені, я соңғы айтысты біріктірушінің, я айтысты біріктіріп жырлаушының қоспасы екені аян. Айтыс тағдыры „жарты“, „тұрып“ жалғасып айта беретін эпостық шығармадай кең мүмкіншілікке ие емес. Мергеннің ұшқан құсты ұшардан жылдырмай сәт ішінде атып түсіргеніндей айтыс бетпе-бет, көзбе-көз тар уақыт ішінде тағдыры шешілетін өнер. Сондықтан Бәйімнің әйелімен сөз шарпысқан Сейдалі сөзінде соның кері. Нағашылы, жеңілді елдің тоқталмайтын әзілін байқату үшін әдейі қиыстыру сияқты. „Осынша бір қатынды тел өсіріп, япырмай, Әлім деген ел емес пе!“ — деген сөздер соған саяды.

Мұнан кейінгі Ділдань сөзі үшінші айтыстың экспозициясы. Себебі өткен айтыстан дерек беру, ақының көпке сөзінің батуы баяндалады да, келесі айтысқа тиянақ болатын, немесе оқиғаға себеп болатын фактыны хабарлайды. Немесе тартыс дерегін көрсетеді. Ол: „Абайла көпке тентек болып жүрме, шарпыды от жалындай айтқан сөзің“ — сөздерінен көрінеді. Демек, бұл мәліметтер айтысты эпикаландырып, тұтастандыру үшін алынған деталдар болып есептеледі. **Айтыстық эпикалық тұтастандыру дегеніміз — бір ақының бұрынғы айтысқан ақымен әділетке рет сөз жарыстырып, сол сөз жарыстарында бірде жеңіп, бірде жеңіліп, бірде шар түсіп жүрген айтыстарының басын біріктіріп, уақыт пен кеңістік сәйкес келмейтін орындарын эпостық шығармалардағы тұтастандырушы формулалық сөздердің орнына басқа себепті байланыстырушы себепті көрсетіп, келесі айтыспен бастапқы айтыстың ара жігін эпикалық шығармалардай кірістіріп, біріктіріп жіберу ұсылын айтуда болады.** Мұндай үлгілі жол „Әжінің бен қыз Менеш“ айтысында да кездеседі. Мәселен Менеш:

*Мола-еке, былтыр мені көрмедің бе?  
Менеш деп көңіліңді бөлмедің бе?  
Қайтқанда Арал жақтан бір баламен  
Қасыма су бойында келмедің бе?*

— дегенде, Әжінің:

*Көрінер жүзін жылы бір көргендей,  
Күні-түні көрісіп бір жүргендей,*

*Былырғы су бойындағы жалаңаш қыз,  
Сенбе елін сынық әркеш көрі інгендей (61)*

— дейді. Жыршы-ақын баяндайтын сөзді ақындар айтыс үстінде бірінші есіне екіншісі түсіріп отырыпты. Сөйтіп келесі айтысты ұластырып кету үшін бастапқы айтыстағы ойды келесіде тағыда еске алып, таза айтысты бастайды.

Пікірімізді тыянақтап кету үшін Сейдалі мен Ділда айтысына тағы да сер салайық. Сейдалі Ділдамен айтысқа тағы да түседі. Экспозиция „Кісіге қарап тұрған өзін тидің, сенінде мақұл емес бұл мінезін“ — деп көрсетілуен басталады. Сюжет Сейдалі мен Ділда арасында өрбиді. Бірақ... „Құрбы деп көп ішінде айттым әлең“ — деген соң Ділда „Мас болма мендей қызды көргеніңе“, „Мен бір тұлпар“, „Сөйлеймін қарамастан өлгеніңе“ — дейді. Сейдалі одан жасқанбай „Екі жыл болды мұнда келгеніме, мен сені қуанбаймын көргеніме, айтсың енді сені жеңбей кетсем, ризамын еді көрмей өлгеніме“ — деген серт береді. Әйтсе де, шабыттанған ақынды көре алмаймыз. Ділдань „Сен неге жалқау тарттың ерінгендей“ деген ескертуі соны растайды. „Оған ұйқым келіп отыр“ — деп сөзді бөліп жіберіп, „Қаларсын обалыма кетсем өліп“ — тынығайын дейді. Мұндай салғырттық ақындар айтысына снымсыз. **Айтыс, тартыс, қызбалық, қызулық — айтыс жанрының жаны.** Қызу қандылықтан Сейдалінің көрінбей бәсен тартуы, „Бетіме қаратпастай қылар едім, өзімнің елімдегі күнім болса“ деген сөзі оны құтқара алмайды. Бірде биіктеу, бірде құллырау айтысқа оң бермейді. Ділдамен соңғы жауаптасуында Ділда „Тілінен жағы бұрын сойлеп барады, жақсы еді осы молда таз болмаса“ — деген. Мұндай сөзді Аттында: „Қазақтың түсі бозғылт көрінеді, Құдай-ау осы адам таз болмасын“ (Айтыс, 143 б. 159 бет.) деп айтқан еді. Екі ақын қызда Сейдалі бетіне оның таз екендігін басқан. Алтын содан ұтылса, мұнда да:

*Ой, Ділда, сен де тазсың, жеңген де таз,  
Қиынды таздың басы көрген де таз,  
Өзіңді өзін айтып жұртқа жайдың,  
Таз болса қыз болады шерменде таз (65)...*

Айтыс ақынының екеуі де таз. Бір-біріне күлер шамасы жоқ. Бірақ Ділда төңірегі өзімен қоса есептегенде айтыс бойынша 45 таз бар. Сейдаліні қоссақ 46. Бірақ 45 таздың бір тазға күлді оғаш. Сөз бітті. Ділда тағы да сөзден тосылды. Жеңілді.

*Қайдасын, Ділда сұлу, урандасым,  
Көп душпан сыртта көрген сыр алдасын,  
Қонаққа қол қаусырып қызмет қылар,*



*Жаксы күтіп жүрсе бір аллсын,  
Шай салып ақ шайнекке су құсайсың,  
Қайтарып самовардың бұрандасын*

— деген. Айтыс қайта жалғасып қайымдасуға өтеді. Сұрақ-жауап күйінде барады. Ділда Сейдалінің әйелін қандай кісі деп сұрайды. Қатша сұлуын мақтайды. Сөз тағыда қашарға жетеді. Мұнда да Ділда тағы ұтылады. Сонымен айтыс бітеді.

Ақын айтыстарынан төмендегіше түйін түйе ақын айтысы мүмкіншілік береді.

Айтыскер ақын — бас ақын басты тұлға боп айтыста беріледі. Сейдалінің, Әжінияздың, Жамбылдың, Сүйінбайдың ж. т. б. айтыстық шығармашылығында білімділігі, ойға алғырлығы бүкіл айтыстарынан көрінеді. Сондықтан ол бірдейіне жеңіс тұғырына жетеді.

Сейдалі және басқа айтыстарда айтыс ақыны оқыған болса, оны молда дейді. Тоталитар дәуірінде молданы құбыжық қып айтқанымыз да, жазғанымыз да бар. Бірақ Сейдалі сөзімен айтсақ:

*Молда деген ұстазың,  
Талай мектеп ұстадың,  
Ұстазыңды жамандап,  
Сен шығар деп отырмын  
Адамның нағыз дұшпаны*

— деп, ақын ілгері баяндаған сайын мектеп молдаларының ұстаздығы анық байқалады. (Бір кездері оқыған зиялыларды молда деп те атаған ғой. — Қ. Ж.).

Сейдалі және басқа ірі ақындар өзімен айтысқан ақыны жеңілсе, сол айтысқа қорытынды сөзбен сол айтысты жинақтаған үрдісті сөз айтқан.

*Алтынды жеңгенде:  
Ар қандай, ақыл қандай, намыс қандай,  
Жүйріктің бірі озады жарысқандай,  
Алтынды жұрт жеңбеген жеңді деген,  
Шашылған әрбір елге дабыс қандай.  
Бәйімді жеңгенде:  
Қол жайып көп жақсылар бата берді,  
Жиналған онкөй сардар би менен бек,  
Әлімнің сөз жеткізбей жүйрігіне  
Айдыңым сол айтыста орледі бек т. б.  
Әжінияз Менешті жеңгенде:  
Дәулетін жылдан Менеш жылға толсын,  
Өзінің өмір жасың ұзын болсын (66).*

Айтыста ұтып шығудың дәстүрлік жолы — ру, ел тарихын, тектік шежіре тарихын қарсыласынан мол білуі ұтыс әпереді, ал кем білсе ұтылады. Бәйім, Ділда, Алтын сұрақтарына Сейдалінің жауап беруі, шежіреге жетік, өткенді мол білетіндігін көрсетеді. «Әлім мен Табынның озалғы түп сағасы, Қыруар батыр екен бабасы» — деп, екі рудың түп атасының бірлігін Бәйімге баяндап, туыстық бірлікті бір қып ұстайды. Әрине, құптарлық білік.

Қарсылас ақынды сөзден үту үшін сүйегіне танба болып басылатын келенсіз жерлерді бірінші, я екінші ақын мол білуі — айтыс ақынының міндеті болған. Егер мұны тауып айта алған ақын қармағынан екіншісі шығу үшін логикалық ойлау қабілетінде, ақындық талантында барынша жұмсай білген. Егер өйтпесе ұтылған.

Айтыс ақыны әзіл сөздерге тозімді болуы қажет болған. Өйтпесе жүйеден жанылысады. Тындаушы қауымда оған разы болмайды. Мінезсіздік ақын беделін көтермеген.

Сейдалі айтыстары айтыстың түре және сүре түрін қамтиды. Ақында екеуі де сәтті, тапқыр шығарылып отырылады. Дегенмен Сейдалі жауаптарында Бәйім, Ділда, Алтынға қарағанда сүре қайырымы күрделірек. Қайымдасқан орындары — драмалы диалогтай қысқа қайырылып отырылады. Диалог сөздерге (төрт тармаққа) мол ой снығуы — бас нысана болған.

Сейдалі айтыстарының құрамалылығы Әжінияз айтыстарымен салыстырылды. Ұлы ақын ізмен Сейдаліде айтыстарын эпостандырған, оны құрастыру жолын теориялық жақтан түсіндіру мақсатымыз болды ... т. б.

## АҚЫНДЫҚ ӨНЕР ТУРАЛЫ

Әрбір жақсы сөзім бар,  
Ләйладір-қалір түйіндей  
*Сейдалі*

Ақындар поэзиясында ақындық өнерге баға беру, ақындық өнерді бағалау, тіл өнеріне табыну, оны асқақ тұтып көрсету дәстүрі бар. Күнхожа, Әжінияз, Бердақ, Өтеш шайыр шығармаларында жарасымды жалғастығын табады. Дегенмен Күнхожа, Әжінияз, Бердақ, Өтеш шайырлар сөз өнерін асқақтатып бағалаумен бірге, ақындық өнерге сын көзбен қарап, оны танып, оған тиісті бағасын берумен бірге ақын кім, ақын кім болуы керек деген мәселені ортаға тастайды. Сөйтіп, сөз өнеріне **сыншылық баға беру дәстүрін** қарақалпақ әдебиетіне әкеледі. Мәселен, Күнхожа, «Шайыр айтар шағалағанын, шағаламаса дағалағанын», «Шайыр халықтың сөзін айтар» немесе «Ел менен» қосығында:

*Мақтымқұлы мағрунтай алаңды болжа,  
Өлген соң аларсан тилиннен олжа.  
Қысқарт сөзді, соры қайнаған Күнхожа,  
Хошласып кет өлгенінше ел менен*

— десе. Бердақ:

*Бұл дунья, дунья болғалы,  
Патша адил болған емес,  
Шайырлар қалем алғалы  
Хатқа тууы салған емес* (Бердақ, 27-бет.)

— дейді. Тағы да: „Шайыр хам билгенін жазар“ (69 б.) деген. „Тақыйқ шежиредур сөзім“—дейді. Жасаған дәуірі ақындақ өнеріне көңіл бөлмегендігіне налыған ақын:

*Ағалар, мен шайыр болдым,  
Гүл едим, қуұрадым, солдым,  
Шығып дуньяға не көрдім  
Ақмұ-зарымды билейсіңіз.* (Бердақ, 116 бет.)

деген. Ол, егерде, „Әжел жетіп өлсем бұл күнде өзім, кейнімде қаларлар тәріп боп сөзім“ (Бердақ, 35-бет) деген. „Мен өлмеспен сөзім жүрер бәрхәма“ (Сонда 57-бет) деп, өлең өнер сөзіне сенеді. Халқы сөзін сақтайтынына мейіл білдіреді.

Әжіниязда — халқының сөз өнерін, ділуар шешендігін көрсету негізінде „Өтирикти ырас етип айтпаған“ (Әжінияз, 32-бет) азаматына не ақын. „Сөйлегенде шекер етер сөзинді“ (32-бет) деп жігіттерін сипаттайды. Өзінің сөз өнерін „Сәнемлер қолында тилда саз едим“ (Сонда, 39-бет) деген. Сөз мағанасына түсінбейтіндер туралы:

*Айтқан сөздің мағынасын билмесе,  
Ол адамнан тилсіз өскен мал жақсы*  
(Әжінияз, 122 -бет.)

деген. Сөз күдіретін ұғыну және түсінуде үлкен өнер екенін мәлімдейді.

Өтеште өткен шайыр ұстаз ағалары шығармашылығына баға беруде көп ой түйіндеген шайыр. Оның көркем өнерге берген бағасы ақындардың шығармашылығымен толық қабысып тұрады.

*Күнхожа айтты халыққа қарап,  
Әжінияз айтты сөз сарлап,  
Бердақ айтты халық аралап  
Қылап атқанди сүймеймен.* (Өтеш шайыр, 73-бет.).

Қарақалпақ әдебиетінде олардың сөз өнеріне сын тұрғысынан баға беріп тануы сын жанрының өркендеуінің алғашқы көрінісі еді.

Сейдалі де Күнхожа, Әжінияз, Бердақ, Өтеш сияқты ақындақ өнеріне және өзінің шығармашылығына жіті мән берген кісі. Қарақалпақ ақындары бірінің шығармасына бірі баға беріп бағаласа да, олардың шығармашылығынан Сейдалі ақындығын бағалауы кездеспейді. Балкім олар іні ақынды және басқа тілді ақынды туыстық, інілік деңгейінде қабылдап, қатынас жасап, сол қатнаспен шектелгенде шығар. Дегенмен Сейдалінің Әжінияз бен Бердаққа берген бағасы Өтеш бағасынан кем емес. Көріңіз:

*Әжінияз жырдың дүлдүлі,  
Бердақ өмір бұлбұлы,  
Тыңдап өстім жасымнан,  
Халық үніндей әр күні*

— деген. Сейдалінің ақындық ерекшеліктерінің бір қыры — қарақалпақ әдебиеті өнері зергерлері сияқты өзінің шығармашылығын, ақындығын шығармалары ішінде мүмкіншілігі болған орындарында таныстыруға, ақындық қуатының молдығын баяндауға, ірі ақын екенін дәлелдеуге қисын табады. Ақынның бұл әдісі, мақтан сүйіштігі емес, өзге тілді туыстар ішінде ақын шығармашылығына баға беретін қандас ақын болмағандығынан келіп шыққан жол болуы керек. Ол өлендерінде, айтыстарында, эпикалық туындысында арнайы шығармашылығын баяндайды. Өлең сөздеріне баға береді. Мәселен „Небір жақсы сөзім бар“ өлең-термесінде:

*Небір жақсы сөзім бар,  
Байларын ару қызындай,  
Небір ашы сөзім бар,  
Қаруымбет тұзындай,  
Небір суық сөзім бар,  
Көк Аралдың музындай,  
Буырқанған сөзім бар,  
Абылайсандағы жауындай,  
Екпінсіген сөзім бар,  
Ысырапылдың дауылындай,  
Әрбір жақсы сөзім бар,  
Ләйлазір қадір түніндей,  
Кетемін шапсам білінбей,  
Не жүйрікке қосылып,  
Келіп жүрмін бәйгедең,  
Қалғаным жоқ ілінбей.*

Сейдалі ақын шығармашылығына ақынның өзінен бұрын өзідей қып баға берген өз дәуірінде бөгде кісі болған жоқ.

„Мен Сейдалі ақынның“ өлең-термесінде өлең-жырды қай кезден бастап шығарып жүргенін оқырман, тыңдарман қауымды тысқары қалдырмайды.

*Мен Сейдалі ақынның,  
Сөйлеп жүрген жасынан,  
Сөйлесе сөзі кем емес  
Лағылы-ғауһар тасынан,  
Заманы келген шағында,  
Кетпейді әркім қасынан*

— дейді. Сейдалі ақынның шығармашылығына сер салып ізбе-ізді ой қорытқан сайын, ол өзінің ақындық жолын жазуға қалам тартқандығын көреміз. Шығармаларын кейде жазып шығарғанын оқырманға бүкпесіз баяндайды. Өнерін таныту арқылы шығармаларын хатқа түсіргенін, әрі жазып шығарғанын ақын әлденеше рет ескертеді.

„Толғанып талай толғадым, қалам дәуіт қолға алып“... десе, „Қара аттың жырында“: „Ағын дәрия шалқар көл, мен бір судың сағасы“ — деген. Ақындық жолы — өнер жолы. Ақын өнер жолын „қасиетті жол“ — деп біледі. Сөйтіп өзінің ақындық образды бейнесін көркем шығармасында қалыптастырады. Мәселен „Қара аттың жырында“:

*Алдарыңда халайық,  
Боз жорғадай ырғалып,  
Мен сөйлеймін толғанып,  
Қанатым құдай қолданып,  
Сөйлеймін деп отырым,  
Қу домбыра қолға алып,  
Көп ішіне келгенде,  
Кетеді арқам қозғалып,  
Сөйлеп журмін жасыман,  
Әлі күнге көрмедім,  
Еш пендеден соң қалып*

— деген. Ақын әртүрлі тақырыпта өлең шығарған. Оған өзі куәлік береді. Білімділігін жасырмайды. Сейдалі ақын боп танылуымен бірге туыстары, оны білетіндер және шәкірттері, ұрпақтары „ахұн“ деп таниды. Оның „Жазылған күнім шежіре, жеті ариадан нұр алған“ — деген сөзі сауаттылығын танытады. Сейдалі өзін-өзі тәрбиелеп, дербес оқуы арқылы биіктікті алған кісі. „Жүрт жиналды үстіме, созімді тындап түндерде“ — дейді.

*Толғанып талай толғандым,  
Қалам, дәуіт қолға алып,  
Жазып қағаз сермедім,  
Жүрегімді тербедім,  
Алпыс екі жыл болды,  
Дүниеге келгенім,  
Той мереке жиналып,  
Ашаршылық көргенім,  
Қаларын білмей қор қылдым,  
Ақындық құдай бергенін,  
Енді біліп өкіндім,  
Күнім жақын келгенім.*

Ақын да, ғалым да жасы ұлғайған шағында өзіне, өнеріне шығармашылық жолына қарамай тұра алмайды. Өнері, білімі арқылы өмірінің ілгері созыларында біледі. Сондықтан өнер жолына, шығармашылық кезегіне қайырылып бір қарағанында жастық желемен көп күндерін елеусіз жібергеніне бармағын тістеп, құдай дарытқан өнерге салқын қарағанына өкініш білдіреді. Мұндай қал ақын Сейдаліде болған. Бұрынғы жазғандарын хатқа түсіре бастаған. Жазылғандарын қайта қараған да болуы керек. Жоқарыдағы өлеңді оқыған сайын алпыс екі жастан кейін шығармашылығына мұқият қарағанын байқаймыз. Оның жоқарыдағы налуы — шығармашылық налуы болып табылады. Өлең-жырларын кемеліне келтіріп жинау, жазу үшін бақытты, игілікті налу еді. Сөйтіп ол өлең-жырларын реттеп хатқа түсірген (Ақын қолжазбасы қолды болған. — Қ. Ж.)...

*Жасымнан ақын мені атандырды,  
Жақсымен дәрежелді қатар қылды*

— деп тағдырына разы болды. Бірақ „Көңілім бұттай құрсап жаумасынбай“ — деп, „Тілімді тартып сөйлейін, қорқамын мына заманнан“ — деп, сөз өнерінің қадірі жоқ ортада ақын қадірі білінбеді. „Мен бір алмас бұл күнде, қынапта тұрып жасыған, кескір алмас кетіліп, жез бен мыс қоладан“ — деген өкініш айтады. Ақынның шығармашылық тағдырын бейнелі жазуы — ақын шығармашылығының және өнерлілік жолын танытатын екінші қыры болып табылады. Сонымен бірге ақын өзінің шығармалары арқылы өзінің шайырлығына сыни баға беріп және өзінің үлкен ақын екенін танытатын образын жазуы және өзін әр қырынан суреттеп көрсетуі — соның құбылысы. Бұл жағынан ақынның дербес образын шығармашылығында жазуы — оның шығармашылық жаңалығы болмақ.

*Нәпсі шайтан жолына,  
Құлшынның құлақым ермедім*

— деп, қанағатшыл кісі болғанын нұсқайды. Нәпсі жетегі — шайтан жолы, адамды аздырар жолы, бақылдық жолы, татымсыз, унамсыз жолы екенін ұғынуы — ақынның ақылы мен дүние тануының молдығы мен кеңдігін көрсетеді. Ол — адамдық арын биікке көтеріп, биікке қоя білген ақын.

*Ынсапсыз деген бір елге,  
Жытылып қолым бермедім,  
Нәпсі шайтан жолына,  
Жетелеп қолым ермедім*

— тармақтары ақынның ұлы адамгершілігін көрсетеді. Себебі дәуірлес адамдарының „Кім мал жиган бай болса, зылымға олжа салған“ күнде қолының жетелеп дүние соңына ермеуі Сейдалінің ұлағаттылығын мойындамасақта лажсыз мойындадатады.

Аласатты дәуірде ақын таянышы, сенері, дүниеқоңыздықтан қорғап қалары намысы болды.

*Ар намысым жіберме,  
Аман сақта бәрінен,  
Өзіне намыс сенгенім*

— деген. Ақын — өмірінен өлең тоқыған адам. Ақын, өлең-жырлары екеуі егіз. Өлеңімен ақын, ақынымен өлеңі тел.

\*\*\*

Көркем шығарманың көркемдігі аясы үлкен. Көркем шығармадағы образ жасау тәсілдерін, көркем шығарманың тіл байлығын, көркем шығарманы суреттеу құралын және өлең құрылыстарын және ақын стилін қарастырып ақын шығармашылығы талданды.

Сейдалі ақын айтыстары, өлең-термелері, эпикалық туындылары тақырып ынғайымен сөз болды. Дегенмен Сейдалі шығармашылығына тән болған ерекшелігі мен көркемдігі жайлы толғауға ретімен тура келеді.

Сейдалі айтыстарына тән болған басты белгінің бірі — айтыс басталмастан бұрын өзімен айтысатын ақындарды экспозиция түрінде таныстыру сақталынған. Алтын да, Бәйім де, Ділда да портреттік, характерлік, ақындық, кісілігі баяндалып таныстырылады. Айтыс біткен соң жиналған көп Бөйімді тоқтатып, Сейдаліге жамнаттың бата беруі, Сейдалі мен Ділда айтысынан кейін Ділдаға шай құйдырып, Ділданы қайта сөзге шақыруы Сейдалінің айтыстық әдісі болып шыққан. „Қара

аттын жыры“ соңында ақын елінде жүргенде қара атты рулы ел болып іздейтінін және оны табатын ақын тағдыры жырланады. Эпикалық туындысында өзі бейнесін, характерін, тағдырын жырлауы, психологиялық тебіренісін көрсетуіде тағы бір тапқырлығы екендігімен көзге түседі.

Сейдалі шығармашылығы екі негізгі бағыттан қанаттанып жетіледі. Оның бірі — ауыз әдебиеті материалын жыршылық жолымен жырлады. Оның материалын, сөздік қорын жыршылық онері арқылы игерді. Образ жасау әдісін, оқиға көрінісін суреттеп беруін, характер жасау жолын зерделі үйренді. Халық жырларының тамаша қатарларымен образды жеткеріп жырлаудағы адам көңіл күйін ашып беру әдісімен кемелденді. Оны шығармашылығында қолданды, әрі дамытты. „Қара аттын жырындағы“, „Ерлер мінер қызылды, іс тағдырға сызылды“, „Нелер жүрдім жолменен“ тармақтары „Қобыланды батыр“ (67) — жырында да бар. Мұның сыры неде?

Ауыз әдебиетінен авторлық поэзия іргесін бөлектегенде ауыз әдебиетіндеғы ғасырлар жалғасында қалыптасқан формулалық сөздер мен қатарлардан, көркем суретті беретін шумақты, түйдекті ойлар мен фактылық мәліметтерден қолын жаздырып кете алмайды. Ауыз әдебиеті материалы алғашқы ретте, соңында да импровизация ақындарына негізгі тірек, негізгі қор байлық болды. Ақынның ақын болып қалыптасып, ақындар поэзиясын пайда етуде ең негізгі таяныш болды. Міне, сол негізгі тіректен сәтті пайдалануы Сейдалі шығармашылығының тағы да бір ерекшелігі болып табылады.

Сейдалі шығармашылығының екінші негізі — ақын өзі жасаған ортадан бөлек жасай алмайды. Ақынды, адамды қалыптастыратын және оның көзқарасын дәуірге сай өсіретін ақынның жасаған дәуірі болмақ. Сейдаліде өзі жасаған дәуірі перзенті болды. Ол өзінің көргенін, өмірден түйгенін көркем сөзбен заманына сай шығарды. Әйірісінің кемелденуіне қарақалпақ әдебиетінің өкілдері Күнхожа, Әжніяз, Берақ, Өтеш шығармаларының идеялық дәстүрі Сейдаліге игі әсерін тигізді. Қазақ ауыз әдебиеті, туған елі әдебиеті — Сейдалі шығармашылығын дамытуға қуатты күш берді. Дәуір адамдарын, дәуірі өсірген адамдар тағдырын жырға қосты, әрі жыры арқылы жырлады. Бұл екі негіз — Сейдалі шығармашылығының көркемдік тілін, образ жасау жолын, шығарманы баяндау әдісін, шығарма композициясын құрудағы тапқырлығын айқындауға жол салды.

Сейдалі сөздің ішкі мазмұнына, оның образдылығына жүйелі көңіл бөлетін ақын. Аз сөзге мол мағына сыйғызып образ жасауға шеберлігін көрсетеді. Мәселен, „Жаяу жүріп жаз күні, күн қайзайды тобемді“ („Қара аттын жыры“) деген сөздің екінші тармағы, өсіріп айтсақта, шынайы айтсақта Сейдаліден өзге импровизаторларға, тіпті, жазба әдебиет ақындары шығармашылығынанда келдістіру қиын. Жеміс ағашын, көшеле,



аанда көгеріп тұрған ағаштарды қайзап жейтін есекті, ешкі малын білетінбіз. Ал адам басын күннің қайзауын естімегенбіз. Ақын мұндай сөзді образға өткеріп, адам тағдырына байланысты құлпытрып жіберуі ақынның алымдылығын, әрі тауып сөз қолдана білетіндігін көрсетеді. Оның образды құлпытруын мына сөздерден де көреміз.

*Отырды байлар қозғалмай,  
Қалып наның қоңымен...  
Диқаншылыққа жарымай,  
Татымсыз талай күн кештім...  
Кескір алмас кеміліп,  
Жез бенен мыс, қоладан...  
Мен бір бұлбұл үн ұрған*

т. б. тізе берсе мол-ақ. Халық шығармаларынан қауырсынын өсіріп, кемелдендірген ақын дидактикалық қатарларға көп мән сипызуға талаптанған. Бұған ақынның өмір тәжірибесі де жеткен, оған дәуір тынысы демін сипіре де білген. Көрейік:

*Ат үйірін ансаса,  
Артқы аяғын қағынар,  
Ер үйірін ансаса,  
Айыл турман тағынар.  
Жат жердің тузын татпай-ақ,  
Есін болса жер танып,  
Елінде жүрсен нең кетер...*

*Еңбектің тәтті көжесі.  
Жалқаудың ірі денесі.  
Еңбек ерге шын дәулет,  
Жан қиналмай іс бітпес,  
Талап қылмай мал бітпес,  
Шыдамды еңбек алғыр ой  
Анық достың біліп қой...*

*Туған жерге туын тік,  
Ел жиналар қасына.  
Жат жерде жүріп хан болсан,  
Қараша шоқыр көзінді.  
Өз елінде құл болсан,  
Жондерсін бір күн жөніңді.  
Өз елінде еңбек ет,  
Ізгесен бақыт табылар.*

*Білімді бірлік жолдан азаспайды,  
Білімсіз білімдіге жанаспайды.*

т. б. Мұндай саликалы ойлы сөздердің негізгі халық даналығында, оның ғасырлардан ой қорытқан макалдарында жатырыпты. Бірақ халық даналығы мен макалдарын халықтық мақал күйінде қайталамай өмір тәжірибесіне сүйеніп, әрі туған елді ансау, әрі туған елді жан тәнімен сүю идеясынан қуаттанып шығармашылығын кемелдендірген үгіттік, насихаттық, қағиалы сөздері елге, туған жерге, еңбекке, ғылымға, тәрбиелілікке, бірлікке иліктеріп тәрбиелеп, адамдық жігерінді кемелдендіруге көндіреді. Ойынды тербеп өсіреді. Адамдық келбетінді адамдық жолында, Отаншылдық жолында азамат күйінен қалыптастырады. Бұл ақын поэзиясының тәрбиелік қуаттылығын танытатыны дау туғызбайды.

Сейдәлі шығармаларында туысқан қарақалпақ, өзбек бауырлардың әдеби тіліндегі әсем сөздер Сейдәлі өлеңдерінде оң ажар беріп құлпытрып тұрады. „Жамият сөз айтатын сөзді бастап“, „Лайладүр кәлір түніндей“, „Лағылы гауһар тасындай“, „Ойлағаны пұл болды“, „Зауқылы сондай ел еді“, „Түрлі пітне тараған“, „Ыстықатым тақуалық“, „Пір тұтазы ауаннан“, „Ысырапылдың дауылындай“ ж. т. б.

Ақын „Қыз Жібек“, „Қобыланды батыр“ жырынан мол үйренген. Қосабанын көлінде Төлегенді күтіп, аңдып жатырған Бекежан Төлегенді көк жорға атын суарып тұрғанда, жалғыз қурайды паналап келіп, атып құлатады. Көк жорғаны мініп Жібекке келеді. Сонда Жібек Бекежанға:

*Атаңа налет қарқшы,  
Қудайым сені қарғасын,  
Тәңірі мені жаратса,  
Қатын балаң зарласын,  
Басына қиын іс түссе,  
Қасына досын бармасын (68)*

— деп, Бекежанды қарғыс оғымен атқан жерін „Қара аттын жырында“ қара атты ұрлап кеткен кісіні қарғауға орынды, әрі тиімді пайдаланады. Қара атты:

*Кімде болса алғынның,  
Ордасы қудай ойылсын,  
Қырың жаны қиылсын,  
Өлгенде кебін табылмай,  
Қоғаз орап қойылғыр...  
Қара жермен тең еткір...*

Сейдалі шығармашылығының суреттеу құралдары да әр алуан. Ауыз әдебиетіндегі поэтикалықты дамытып, авторлық шығармашылыққа жеткен автор ақындар — поэзиясының поэтикалық тілдік суреттеуімен тығыз байланысып көрінеді. Сейдалі шығармаларында ауызша поэтикалық тілдің құралдары сәтті сақталынған, әрі ақын өзі де поэтикалық тілдің құралдарын қолдана отырып, айтпақ ойын, көркем шығармасында суреттемек образын ашық, айқын жеткізіп біледі. Ақын ойының дәлді жетуіне поэтикалық тіл құралы көмегін көп тигізген. Ақындар көп қолданатын поэтикалық тіл құралының бірі — эпитет.

Сейдалі шығармаларында эпитет түрлері мол. Ол, әсіресе, қимыл, әрекетке толы жыр шығармаларында, соның ішінде „Қара аттың жыры“ шығармасында аттың шабысына өзінің образын батырлық тұлғасында танытуда қолданады. „Қанатым құдай қомданып“, „Аруағы қардай боранып“, „Түнеріп сонда көрінген“ — тармақтарындағы „қомданып“, „боранып“, „түнеріп“ — образды айқындау үшін қолданылады.

Ақын теңеулері де өлеңдері мен жырларында, айтыстарында ретсіз қолданылмайды. Теңеуді оқиғаны баяндау үшін, адам бейнесін таныту үшін, адам характерін таныту үшін сәтті қолданады. „Ақ бүркіттей түйіліп“, „Қанатым құдай қомданып, толғап жонған таяктай“ қатарларында теңеу мен эпитетті ілгері-кейінді қолданған. Екеуі де айтпақ ойға бағынып, образды дәлді жеткеруге қызмет жасап отыр. „Бүркіттей“, „толғап“ эпитеттерімен бірігіп суреткерліктің сәтті нышанында түйіскен. Бұл ақынның сөз өнерін өз қолында түгел игергенін көрсетеді. „Сұңқарадай жүк алдында қызың отыр“, „Сен өткірдей жез болсан“, „Қараның туған ханындай“ адам бейнесіне қолданылған. „Сұңқарадай“, „ханындай“, „өткірдей“ — адамның адамдығын танытатын теңеулер Сейдаліде мол. Туған, өскен, жерінің келбетін теңеулер арқылы түрлендіріп, құлпытрып суреттейді. „Сазаны тайдай тулады“, „Бұқардың гауһар түріндей“ ел жері суретімен су байлығын көрсетуге, танытуға қолдану ретті. Сондай-ақ адам ашкөздігіне ақындар поэзиясында бұрын-соңды кездеспеген теңеуде бар. Ол „Ажалдай атпап ұмтылады“ — тармағы. Сондай-ақ Тенге сонынан ар-намысын жоғалтып жүрген адам ашкөздігін мұнан артық айтуда мүмкін емес. Демек, ақын эпитет пен теңеуді ынғайсыз қолданбай, өзінің идеясын ашу үшін ғана, сөз ретте қолданады.

Метафора — Сейдалі ақын туындысында мол. Ол метафоралары ақындық тұлғасын танытуда да сәтті образ қып, жыр қатарына түсірген. Қара атты жоғалтып, елден-елге сұранып жүріп Тасықұл бай, би үйіне құдайы қонақ болып барады. Тасықұл Сейдаліні үйіне кіруге міндет жасап: „Ішін толған сары алтын, лағылы гауһар дүр деді“ — деп үйіне кіргізеді. Мұндағы метафоралар Сейдалінің білімдарлығын, ақындық қуаттылығын ұлғайған метафора арқылы танытып тұрыпты. Демек метафора „бір нәрсенің сыртқы я ішкі ұқсастығына қарап екінші бір нәрсеге барабар қою, немесе бір нәрсенің орнына екінші нәрсені алмастырып қою“ (69)

арқылы жасалады. Бірақ сол метафоралар негізгі тұлғаны танытуға қызмет жасайды. Көркем сөз ішіндегі образдардың бір-біріне қатынасын көрсетуде, бір кейіпкердің екіншісіне кімдігін көрсетуде ақын метафораны қолданған. „Бұлбұлым ұшып кеткен соң, Арыстаным кеткен соң“ пікіріміз дәлелі.

Қара аттан айрылғанда Тасықұл үйінде, Тасықұл әйеліне „Жыл шыққан осы күнде біз бір тоқты“ — деп, кемдік күнін „тоқты“ сипатында, метафоралық сипатында таныстырады. Ақындығын „Бәйгеден келіп жүрген мен бір тұлпар“ — деп жүйріктігін таныстырады. Ақын метафора арқылы ойын образға бағындырады. Келтірген мысалдар ақынның сөз химиясын терең игеріп, ұлағатты ойын жеткеруде өзінің дәуірінің ірі сөз шебері болғандығын көрсетеді.

Ақын өлеңдерінде сөздің емес, ойында ауыспалы мағынада қолдануға болатындығын танытады. „Жалғыз атты ұрлатып, қалып жүрмін шабыстан“ — деген ой ауыспалы күйде қолданылып тұр.

Ақын шығармаларында гиперболизм де бар. „Қара аттың жырында“:

*Астымдағы туларым,  
Жер танабын қуырай,  
Жердің құмын суырай,  
Аяғын тастап қолденең,  
Ысырапына төнгерім,  
Екінідеп шапқан жерімді.*

т. б. орындарда қара ат шабысын Тайбырұлмен жарыса суреттейді. Әсіресе, ауыз әдебиетіне, батырлық жырларға тән болып тоқталмастан авторлық поэзияда да гиперболизмді қолдануға болатындығын ақын Сейдалі эпикалық жырында өрнекті көрсете біледі.

Ақын 7-8 буында және 11-12 буында өлең түрімен бүкіл шығармашылығын дамытып. Шығармаларының құндылығын көтерді. Өлең, жырларында, айтыстарында поэтикалық тілді шебер қолдана білген сөз зергері болды. Өзі жасаған дәуірі үнін, көзқарасын, ақындық дүниесін танымын шығармаларымен қалыптастырды. Әрі Қазақстаннан тыс аймақта, туыс тілді халықтар арасында өмір сүріп, туған тілі әдебиетінің отауының ұғын шанышты. Тіл шеберлігімен артына өлмес мұра қалдырған ақын болды. Ақын мұрасы туған халқына, түркі тілдес туысқан халықтарына достық үнімен қызмет етері сөзсіз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде „шашасына шаң жұқтырмаған“ айтыс ақындарының бірі — Сейдәлі Жұмабекұлы. Ол Қазақстаннан тыс аймақта, Хиуа ханы қарамағында, соң Россия отарлаушылары қарамағында отарланған қарақалпақтармен тағдырлас, ауылдас, іргелес, араласып өсті. Өнер адамы қашанда туысшыл, бауырмал келеді. Адам баласын бауырына басып, оны құшып жүріп, қуанышына қуанып жүріп жасайды. Ол „қарақалпақ баласы бұрындағы халық еді, өзбекпенен қоныслас, біздің қазақ баласы, досына берік жан еді“ — деп жасады. Шығармаларында достықты жырлады. Достық ақын шығармаларының лейтмотиві болды.

Ақын өлең-термелері — еңбек, бірлік, адамгершілік, ақындық өнер, ғылым, азаматтық үн, елшілік, туған ел мен туған жерді ардақтау, заманға сын көзімен қарау, имандылық, қанағаттылық, рақымдылық, мейірімділік, шапағаттылық, ынсаптылық, қайырымдылық, қамқорлық секілді абал мәселелерді қамтыды. Өлеңдерінде көтерген идеяларын айтыстарында ұластырды. Адам тағдырын „Қара аттын жыры“нда әр қырынан көрсетті. Тағдыр талқысы — адам бақытында, бақытсыз кездің өзінде қамтитындығын — бүкіл шығармасына арқау болып тартылды. Халық тұрмысы мен тіршілігін халық көзі болып жырлап білді. „Мен бір бұлбұл үн ұрған“ дегеніндей адам тағдырын хан деспотизмі мен отарлау саясатының тапжылтпас бұғауын суреттеуде туған халқының „бұлбұл“ ақыны бола білді.

Сейдәлі ақынның „Сейдәлі мен Алтын“, „Сейдәлі, Молда Бәйім, Ділла“ айтыстары 1965 жылы басылып шыққан үш томдық „Айтыстың“ екінші кітабында шықты. Соң айтыстар арқылы туған елінде, оның мыңдаған оқырмандарымен сағынысып көрісті. Оның өзге шығармалары көпшілік қауыммен қауышқан жоқ еді. Өмірбаяндық деректері көпке айқын емес еді. Сейдәлі шығармаларын әр кезде, 1967-1981 жылдар ортасында ізделдік, халық ішінен, ұрпақтарынан жинадық, әрі топтадық. Сөйтіп, жинақталған материалдар негізінде Сейдәлі Жұмабекұлы шығармашылығы монографиялық күйінде жазылды.

Сейдәлі ақында өзге импровизатор ақындар секілді өзі жасаған дәуірі кезеңінің перзенті. Ақын шығармалары — өмірбаяндық деректерімен,

өмірге көз қарасымен, өзі жасаған кеністігімен, дүние танымымен тіке үндеседі, өмір жолын көрсетеді.

Ақынның өмірбаянын жазу кезінде ақынның шығармаларына, туыстарының мәліметіне, әсіресе, перзенті Ілиястың деректеріне және тарихи көрсетпелерге сүйендік. Сөйтіп ақынның өмірбаянын шығармашылығымен кен таныстырдық. Ақын шығармаларын талдауда хронологиялық әдісті қолданып жазуға тырыстық, әрі шығармасы арқылы ақын дерегін айқындадық. Дегенмен қай шығармаларын қай кезде жазды, қандай орында шығарды. Оған нақты мәлімет бере алмадық.

Сейдәлі (1839-1928) қарақалпақ аймағында туылды. Осы орында жатыршыпты. Ол Күнхожа (1799-1880), Әжінияз (1824-1878), Бердақ (1827-1900), Өтеш (1828-1902) туылған аймақта дүниеге келді. Олармен араласып жасады. Оларды тыңдап өсті. Олардың ақындық идеялық дәстүрімен дәстүрлес болды. Олардың туған жерді жырлау, дәуірге саяси баға беру көзқарасымен идеялас келді. Сейдәлі шығармашылығына аға ақындар ықпал жасады. Сөйтіп, ол да туған жерін, өскен ортасын, күн көріс тіршілігін олармен жарыса жырлады. Замана шындығын жырлап көрсетуде өзіндігін таныта білді. Олардың ығында қалған жоқ.

Сейдәлінің Алтынмен, Ділламен айтыстарын „Әжінияздың қыз Меңеш“ айтысымен салыстырдық. Бұл айтыстар сыртқы түрімен де, ішкі мазмұнымен де қыз бен жігіт айтыстары ішінде өзге айтыстарға қарағанда бір-біріне жақын айтыстар екенін, әрі сабақтастығын мысалдар арқылы баяндадық.

Ақындар шығармасы фольклорлық шығармадан бастау алады. Фольклорлық мұрамен өсіп кемелденеді. Сейдәлі ақындығы туған халқының өлеңдері мен жырлары, ақындар айтыстары, шешендік сөздері ақынға ақындық бастау болды. Сөйтіп авторлық поэзияға келді. Авторлық поэзиясын дамытуда „Қобыланды батыр“, „Қыз Жібек“ жыры, ақындар айтысы, мақал-мәтелдер, терме-толғаулар т. б. халық туындылары таяныш болды. Халқы тағдырынан, халықтың ақыл көзінен күш алды. Сөйтіп, туған халқының әдебиетіне үнін қосты. Туған әдебиетіне сәтті шығармаларын қалдырды. Ақын мұрасы қандай елдің әдебиетіне тын үн болып жетті. Сейдәлі шығармалары талдау көтере алатын шығарма екендігін талдауларымыз арқылы дәлелдедік.

Зерттеу еңбегімізде ақын шығармаларының тақырыбы, жанрлық ерекшелігі, ақын шығармаларының идеясы, ақындық тәсілі, шығармаларының поэтик тілі, образ жасау әдістері ретімен жазылды. Ақын шығармаларына егеменді ел көзімен қарадық. Әдебиеттердің дамуы, тарихи сабақтастығы, әдебиеттердің бірін-бірі байыту жолы, туыстық байланысы, қатысы, дәстүр бірлігі турғысынан баяндалынды.

Зерттеудің тағы бір табысы — Алтын, Бәйім, Ділла ақындардың өмірбаяндық дерегін айқындауға талпынуымыз болды. Бірақ материалдың

жетпегенінен түгелдей алмаған кезіміз де бар. Сонда да ақындардың өмірде бар кісілер екендігін дәлелдеуге батыл қадам бастық.

Ақынның образ жасау шеберлігі, көркемдік поэтик тілі, редиітік ұйқас туралы, авторлық поэзия болу үшін авторлықты айқындау әдісі, оның қазақ, қарақалпақ, түркі тілді әдебиеттерде көрінісі біршама теориялық жақтан дәлелденілді. Ұлт әдебиеттерінен мысалдар келтірілді.

Сейдалінің Бәйіммен, Ділдамен айтыстары дербес айтыс күйінде берілмей «Айтыста» жалғасты айтыс есебінде берілгені білеміз. Біз жинаған материалдар олардың жеке айтыс екенін көрсетті. Айтыс кітабындағы басылым мен ұрпақтарынан жазылып алынған нұсқаларға текстологиялық салыстыру жасалды. Илияс «редакторлаған», кемісін толықтырып түзген «Сейдалі мен Бәйім», «Сейдалі мен Ділда» айтыстары жеке айтыстар болып шықты. Ол айтыстар әрі көркем, әрі толық екендігі жұмыста дәлелденілді.

Ақынның Алтынмен айтысы «Айтыспен» тең болғандықтан оған текстологиялық жұмыс жүргізілмеді. Бірақ айтыс өмірбаяндық дерек арқылы қайта талданды.

Сейдалі ақын — XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде жасап, туған, қандас аймағынан шет шалғайда, бауырлас елде өсіп, Күнхожа, Әжіняз, Бердақ, Оташ ақындармен диаларас өмір сүріп, туған тілінде туған сөз өнерін дамытқан кісі. Ол туған елі мен халқының сөз өнері дәстүрін жалғастырып, авторлық поэзияда реалистік поэзияны кемелдендіруге үлес қосқан ақындық тұлғасы биік ақын. Ақындар поэзиясында адам сезімін, көңіл күйін күйіттеуде адамның дирикалық сезімін өлеңдері мен эпикалық шығармасы арқылы жырлай білген психолог ақын. Қазақтың ұлттық дәстүрін шығармаларында мол көрсеткен этнограф ақын. Импровизацияны жыршылықпен дамытып, соң шығарғандарын дәптерге жазып жинаған ақын. «Дәуірім келген шағымда, кетпейді ешкім қасымнан» — деп айтқанындай егеменді елді кезін аңсаған ақын. Егеменді елімізбен шығармалары табысты, енді елімен бірге жасайтын бақытты ақын.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Айтыс. II том, Алматы, «Жазушы», 1965, 7-б. Кұрастырушыдан.
2. Айтыс. Сейдалі, Молда Бәйім, Ділда. II том. Алматы, «Жазушы», 1965, 145-б.
3. Сонда, 636-б.
4. Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары, Алматы, «Ғылым», 1976, 90-116 бб.
5. Берайбаев Р. Сарқылмас қазына, Алматы, «Мектеп», 1983, 22-93 бб.
6. Қалламбергенов. Қарақалпақ әдебиетінде айтыс. Нөкіс, «Қарақалпақстан», 1989, 92-97 бб.
7. Қ.Жұмажанов. Сейдалі, Молда Бәйім, Ділда айтыстарының қашан болғандығы жөнінде. Кітапта: Қазақ әдебиеті мәселелері, Алматы, 1986, 66-72 бб. Дослықтың терең тамырлары. Кітапта: Жаслар пәуазы, Нөкіс, «Қарақалпақстан», 1982, 267-268 бб. Халық шайырлары поэзиясында фольклорлық һәм даралық дәстүр. Нөкіс, «Билім», 1993, 27-30, 32-35, 84-85 бб.
8. Әжіняз. Нөкіс, «Қарақалпақстан», 1975, 37-б.
9. Қарақалпақстан АССР тарихы. Нөкіс, «Қарақалпақстан», I том, 1975, 241-б.
10. Айтыс. Алматы, 1965, II том, 138-б.
11. Сонда, 636-б.
12. Қарақалпақ фольклоры. Нөкіс, «Қарақалпақстан», 1983, XII том, 240-б.
13. Айтыс. Алматы, «Жазушы», 1965, II том, 141-б.
14. Қалламбергенов. Қарақалпақ әдебиетінде айтыс. Нөкіс, «Қарақалпақстан», 1989, 94-95-бб.
15. Қ.Жұмажанов. Дослықтың терең тамырлары. Жинақ кітапта: Жаслар пәуазы. Нөкіс, «Қарақалпақстан», 1982, 263-270 бб.
16. Айтыс. Алматы, 1965, II том, 143-144 бб.
17. Қалламбергенов. Қарақалпақ әдебиетінде айтыс. Нөкіс, 1989, 96-б.
18. М.Әуезов. Әдебиет тарихы. Алматы, «Ана тілі», 1991, 178-182 бб.
19. Айтыс. Алматы, 1965, II том, 131-б.
20. Айтыс жоғарыда айтылған кітап. 144-б.
21. М.Жармұхамедов. Айтыстың даму жолдары, Алматы, «Ғылым», 1976, 90-б.
22. Қарақалпақстан тарихы. I том, Нөкіс, 1975, 232-244-бб.
23. Г.А.Хидоятов. Менинг жонажон тарихим. Ташкент, «Ўқитувчи», 1992, 282-б.
24. Сонда, 282-б.



25. Р.К. Қосбергенов. Қарақалпақстанның Россияға қосылуы. Нөкіс, 1972, 113-б.
26. Сонда, 114-б.
27. Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса (бес тарих) Алматы, „Қазақстан“, 1992, 9-б.
28. Күнәжи. Қарақалпақ әдебиеті (орта мектептердің IX класы үшін арналған хрестоматия) ҚК мәмлекет баспасы, Нөкіс-Самарқанд, 1952, 3-5 б.
29. Әжінгіз. Нөкіс, „Қарақалпақстан“, 1975, 35-б.
30. Бердақ. Нөкіс, „Қарақалпақстан“, 1977, 52-53, 101, 134-б.
31. Өтеш шайыр. Нөкіс, „Қарақалпақстан“, 1978, 20, 22, 26, 40, 79 бб.
32. Шайыр шығармалары кітабы мен беті көрсетіледі. Сейдалі шығармалары диссертация қосымшасында беріледі. Сондықтан келтірілген мысал сөздері жоғарыда көрсетілген тақылетке жалғаса береді. Қ.Ж.
33. И. Юсупов. Дала Орфейи. Кітапта: Әжінгіз, 1975, 15-б.
34. „Үзбек тілі ва адабияты масалалары“ журналы, 1958, Ққ, өб-өз 66.
35. Вятковский А. Поэтический словарь. М, 1966, стр. 238. Словарь литературоведческих терминов. М, 1974, стр. 319-320.
36. Душенов М. Сейдаханов К., Негимов С. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. Алматы, „Ғылым“, 1982, 127-б.
37. М. Әуезов. Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962, 224-б.
38. Шәкір Мұрысов. Эпос әлемі. Алматы, „Ғылым“, 1993, 96-б.
39. Сонда, 96-97 бб.
40. Айтыс. Алматы, 1965, II том, 145-б.
41. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, „Рауан“, 1994, 211-212-бб.
42. Айтыста, 145-б.
43. Сонда, 146-б.
44. Қазақстан тарихы. Алматы, „Ғылым“, V томдық, 1982, III том, 240-б.
45. Сонда, 242-б.
46. Айтыс. Алматы, 1965, II том, 158-б.
47. Қ. Жұмажанов. Сейдалі, Молда Бөйім, Ділдә айтыстарының қай жылы болғандығы жөнінде. Кітапта: Қазақ әдебиетінің мәселелері. Алматы, 1982, 66-72-бб.
48. К. Алдамбергенов. Қарақалпақ әдебиетінде айтыс. Нөкіс, „Қарақалпақстан“, 1989, 93-95 бб. Р. Бердібаев. Сарқылмас қазына. Алматы, „Мектеп“, 1983, 92-93-бб. М. Жармұхамедов. Айтыстың даму жолдары. Алматы, „Ғылым“, 1976, 116-117-бб. Қ. Жұмажанов. Дослықтың терең тамырлары. Кітапта: Жаслар паразы. Нөкіс, „Қарақалпақстан“, 1982, 66-72-бб.; Халық шайырлар поэзиясында фольклорлық хам даралық дәстүр. Нөкіс, „Билим“, 1993, 28-47-бб.
49. Бұдан былай Сейдаліұлы Інінстан жазып алынған текстерге сілтеме бермеймін. Кейде „Айтыста“ жарияланған текспен сай келт қалса, кітап бетін көрсететін келтірілген мысалды осы көрсетпемен қайдан алынғанын байқауға болады. — Қ.Ж.
50. М. Әуезов. Әдебиет тарихы. Алматы, „Ана тілі“, 1991, 178-182-бб.
51. Айтыс. Алматы, 1965, II том, 149-б.
52. Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы, „Жалын“, 1991, 408-б.
53. Айтыс, II том. 153-б.

54. Қарақалпақ фольклоры. Көп томдық. Нөкіс, „Қарақалпақстан“, 1983, XII том, 109-142-бб.
55. Айтыс. Алматы, „Жазушы“, 1965, II том, 80-102-бб.
55. Әжінгіз. Нөкіс, „Қарақалпақстан“, 1975, 207-223-б.
56. Әжінгіз. Нөкіс, „Қарақалпақстан“, 1975, 207-б. (өлен қазақшаланып жазылды. Қ.Ж.)
57. К. Алдамбергенов. Қарақалпақ әдебиетінде айтыс. Нөкіс, „Қарақалпақстан“, 1989, 75-б.
58. Айтыс. Алматы, „Жазушы“, 1965, II том, 634-б.
59. Батырлар жыры. Көп томдық. Алматы, „Жазушы“, I том, 1986, 239-б.
60. А. Байтұрсынов. Шығармалары. Алматы, „Жазушы“, 1989, 239-б.
61. Айтыс. Алматы, „Жазушы“, 1965, II том, 92-б.
62. Айтыс, сонда, 159-160 —бб.
63. Әжінгіз. Нөкіс, „Қарақалпақстан“, 1975, 223-б.
64. Батырлар жыры. көп томдық. Алматы, „Жазушы“, I том, 1986, 55-56-бб.
65. Қыз Жібек. Алматы, 1963, 96-б.
66. И. Саптов. Сахра бұлбили. Нөкіс, 1974, 312-б.

## М А З М У Н Ы

|                                              |    |
|----------------------------------------------|----|
| Сөз басы .....                               | 3  |
| Сейдалі ақынның шығармашылық өмірбаяны ..... | 5  |
| Сейдалі мен Алтын айтысы .....               | 12 |
| Сейдалі өлендері .....                       | 18 |
| Алалдық жолы-алал еңбекте .....              | 22 |
| Қара аттын жыры .....                        | 30 |
| Сейдалі мен Бөйім айтысы .....               | 33 |
| Сейдалі мен Ділдә (Тілдә қыз) айтысы .....   | 46 |
| Ақындық өнер туралы .....                    | 59 |
| Қорытынды .....                              | 70 |
| Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....        | 73 |

Қаржаубай ЖҰМАЖАНОВ

СЕЙДӘЛІ АҚЫН

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ

Қазақ тілінде  
«Қарақалпақстан» баспасы  
Нөкіс — 2002

Редакторы  
Тех.редакторы  
Корректоры  
Компьютерде тайындаған

Гүлістан Пірназарова  
Тұрсынбай Өтегенов  
Арзыхан Аташева  
Бахыт Нурыллаев

ИБ № 6129

Теруге жіберілді 11.03.2002. Басуға қол қойылды 16.04.2002. Пішімі 60 x 84 1/16. Оффсеттік қағаз. Өріп түрі «ABD T». Шартты баспа табағы 4,75. Шартты бояулы бет таңбасы 4,42. Есептік баспа табағы 4,7. Таралымы 512. Тапсырыс №3. Бағасы келісім бойынша.

«Қарақалпақстан» баспасы,  
742000, Нөкіс, Қарақалпақстан көшесі №9

Қарақалпақстан Республикасы  
Баспа сөз бойынша мәмлекеттік комитетінің  
Нөкіс ~~центры~~фкомбизнсы  
742000, Нөкіс, Қарақалпақстан көшесі №9



Қаржаубай Жұмажанов 1938 жылы Қарақалпақстан Республикасы Қоңырат ауданы «Хорезм» ұжымшарының «Таң нұры» ауылында туылған. 1956 жылы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының тарих, қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 1961 жылы бітірген. Қазіргі кезде өзі оқыған институттың қазақ филологиясы кафедрасының профессоры болып істейді. Филология ғылымдарының кандидаты. Қарақалпақстан Республикасына еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері.

«Халық шайырлары поэзиясында фольклорлық хәм даралық дәстүр» монографиясын, «Асау-Барақ» жырын жинап, құрастырып, алғы сөзін жазып шығарған. «Абай және қарақалпақ әдебиеті» кітабы мен «Абай» энциклопедиясы авторларының бірі.